

1/2016

227 10

**Нұрмұқан
ЖАНҰЗАҚҰЛЫ**

**БІР АУЫЗ
СӨЗІМ -
МЫҢ ДІЛДА**

The book cover features a dark, textured background. In the center, a large, light-colored scroll is unrolled, displaying the title in bold red letters. A red quill pen lies diagonally across the bottom right of the scroll. The entire scene is framed by faint, decorative blue and red swirls and floral motifs.



ФИЛОСОФИЯЛЫҚ
ОЙ-ПІКІР



**Нұрмұқан
ЖАНҰЗАҚҰЛЫ**



**БІР АУЫЗ
СӨЗІМ –
МЫҢ ДІЛДА**

андрағыл
БАСПАСЫ

Алматы,
2015

Жанұзақұлы Н.

Ж 11 Бір ауыз сөзім – мың ділда. /
Нұрмұқан Жанұзақұлы. –
Алматы: «Ан Арыс» баспасы,
2015. – 192 б.

ISBN 978-601-291-211-9

Нұрмұқан Жанұзақұлының «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты кітабы жаңа формада жазылған. Философиялық ой-пікірді қазақ ұлтының шешендік сөздері мен лирикалық көңіл-күй толғамы арқылы бейнелейді.

Кітап 13 бөлімнен, 1500 қарасөзден құралған. Әр бөлімде өмір мен қоғамның алуан қырынан алынған ой тізбектері бір ауыз немесе бірнеше сөйлемге жинақталып, оқырманға ой салады.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 қаз)

© Жанұзақұлы Н., 2015

© «Ан Арыс»

баспасы, 2015

ISBN 978-601-291-211-9

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ ұлтының тілі мен сөздерінің құнын қастерлеу үшін кітаптың атауын «Бір ауыз сөзім – мың ділда» деп атадым. Қазақ тілінің байлығы мен құндылығына әр қандай ұлттың тіл байлығы жете алмайды десем мақтанғандық емес, бұл – ұлт жаратылысының шындығы мен намысын сақтағандық. Ұлттың тағдыры мен тілі ғасырлар бойында көкпарға түссе де, Алла мен тарих заңдылығының арқасында қайта көктеп ұлтымыз теңдік алды.

Әкем Жанұзақ Төлебекұлы шежіреші, әңгімеші, ертекші адам еді. «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты ертегіні әкемнен мен сегіз жас шамасында естіген едім. Бұдан басқа да «бір ауыз сөз» немесе «көп ауыз сөз» сияқты ертегілердің аты мен мазмұны болған талай-талай ертегілерден де хабардар болдым. Мысалы: «Жаман қатынды жақсы еркек баға алмайды. Жақсы қатын жаман еркекті баға алады», «Қатын жапа, ит опа», «Оқ жылан» т.б.

Әкемнің айтып берген барлық ертегілер мен әңгімелері есімде өз ерекшеліктерімен қалса

да, «Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты ертегісі әлі күнге дейін өмірлік ойларым мен істеріме психологиялық тұрғыдан тәрбиелік мәні зор, әрі өзіндік ролін атқарып келді. Ендеше, осынау ертегіні қысқартып айтып көрейін.

«Бұрынғы заманда атақты бір бай болыпты. Оны жалғыз ұлы бар екен. Көзі тірісінде ұлына тіршілік жолын үйретпегендіктен, бай өлгеннен кейінгі жылдарда әлгі ұлы әкеден қалған барлық мал-мүлікті шашып-төгіп тауысады. Шалқыған байлық таусылып, бара-бара ішер асқа да зар болады. Ұлының келіншегі ақылды екен. Енесі беріп кеткен үш ділданың біреуін күйеуіне беріп: «Бар-жоғы үш ділда қалды. Біреуін базарға апарып өткізіп азық-түлік алып кел», – деп жұмсапты. Күйеуі ділданы алып базарға бара жатса, жол ортада бір ақсақалды қарияның «Бір ауыз сөзім – бір ділда!» – деп айқайлап тұрғанын көреді. Ақылы тозып жүрген жігіт: «Барлық мал-мүлкімнен айырылып қалуым ақылдың аздығынан болса керек. Ақсақалдан ақыл сұрайын», – деп бір ділдасын береді. Сонда қария: «Ажалсыз шыбын өлмейді», – депті де ғайып болыпты.

Келіншегі күйіп-пісіп жүріп ертеңіне тағы бір ділданы күйеуіне беріп жолға салыпты. Кешегі орнында қария тағы да айқайлап тұр екен. Жігіт белін буып, қолындағы бір ділдасын тағы береді. Қария: «Сұлу, сұлу емес, сүйген сұлу», – деп ғайып болады. Үшінші күні екі ділдадан да айрылдым ғой, қарияның соңғы сөзін естиін деп соңғы ділдасын да береді. Қария: «Сабыр түбі – сары алтын», – деп көрінбей кетеді.

Үш ділдадан түгел айырылған жігіт тіршілігінде әкесінің жан досы болған бір бай адамға барып, мән-жайын айтып ақыл сұрайды. «Жарайды, – дейді әкесінің досы, – сен де менің баламсың. Әкеңнің достық қарызы мойнымда. Келінді өзім қолыма әкеліп аламын. Сен оралғанша өз қызым сияқты қараймын. Алаңсыз бол! Менің сауда керуенім Араб өңіріне жүргелі тұр. Сол керуенге басшы бол да, пайдасын өзің ал! Өз еңбегіңнің жемісін же!», – дейді. Жігіт қуана-қуана келісе кетеді.

Керуен шөл-жазирада құмды боранға жолығып, жолдан адасып кетеді. Адамдар мен түйелерге шөлден қырылу қаупі төнеді. Тосаттан құмды алқаптың ішінен қамысты көкорай шалғын кезігеді. Ортасында мөп-мөлдір сулы құдығы бар екен. Бірақ құдыққа арқанға шелек байлап түсірсе арқан шығады, шелек шықпайды. Керуенбасы жігіттің басы қатады. Сонда ділда берген қарияның айтқан алғашқы ақыл сөзі есіне түседі. «Ажалсыз шыбын өлмейді», – деп жігіт беліне арқан байлап, қолына шелек алып, құдыққа түсіп кетеді.

Құдықтың асты перілер патшасының мекені болып шығады. Перілер патшалығының қарауылдары жігітті ертіп «адамзат әкелдік» деп, патшаның алдына апарды. Патшаның алдында бір жігіт және бір айдай көрікті қыз және бір қара сұр қыз отырады. Патша жігітті отырғызып «Адамзат жақсы келіпсің. Перілер айта алмаған билік бар еді, сен билік айт! Билігің тура болса, не тілесең де тілеуіңді беремін. Қате айтсаң, өзіңнен көр», – дейді. «Дат тақсыр!» – дейді

жігіт. «Мынау менің жалғыз ұлым, мынау отырған қара сұр қызды аламын дейді. Патшалығымыз болса сұлу қызды таңдаған болатын. Балам сұлуды алмаймын дейді. Айтшы, балама не болған?»

Жігіттің ойына қарияға екінші ділдасын беріп алған сөз оралады. Ол тартынбастан: «Сұлу, сұлу емес, сүйген сұлу, ұлыңыздың сүйген қызын алуға қақысы бар», – дейді.

Патша берген уәдесінде тұрады. Анар бақшасын аралатып, шөлін қандырып, жігіттің тілегенін орындап шығарып салады. Анар бақшасынан алған он тал анарды келіншегіне ерте қайтқан керуеннен сәлемдемеге беріп жібереді. Айлар аунап, жылдар өтіп, он неше жылдан соң керуен табыспен елге оралады. Жігіттің үйіне келуі түн ортасымен тұспа-тұс келеді. Қараса бұрынғы үйі жоқ. Үйінің орнына алтынмен апталған, күміспен күптелген сәулетті сарай салыныпты. Есік қараушы қақпаны зорға ашады. Келіншегінің жанында мұрты тебіндеп қалған бала жігіт ұйықтап жатыр. Сырттан қолына бір балтаны көтеріп кіріп: «Мен жоқта...», – деп енді балтаны сілтей бергенде, есіне үшінші ділданы беріп қариядан сатып алған сөз түсе кетеді. «Сабыр түбі – сары алтын» деген. Алдымен жағдайдың мәнін сұрайын деп келіншегін оятады. Келіншегі болса өзімен жылап көріседі. Жігіт келіншегін кеудесінен итеріп жіберіп: «Мынауың кім?» – деп сұрайды. Сөйтсе, бұл балаң жігіт өзі алыс сапарға кеткенде келіншегінің ішінде қалған перзенті болып шығады. Ал он тал анардың

дәні түгел гауһар болып, алтын сарай солай салынған екен».

Әкем айтып берген осы ертек жылдар бойы жадымнан шыққан емес. Ертегі маған сөздің құдіретін танытқандай. Мәні тереңде жатқан сөздің ақыл мен ойдан туындайтынын да сездіргендей. Бірақ барлық адамға солай болуы да екіталай. Ал өзім үшін алғанда, естіген әңгімеден, оқыған кітаптан ой түйіп, оны жаңа өмір мен тұрмыстың керегіне жарата білу – күнделікті салтқа айналып қалған.

Сөздің де сөзі бар. Теңіздің бір қасық суынан теңіз суының дәмін білген сияқты бір ауыз сөз, бір сөйлем немесе бірнеше сөйлемнен бір кітап немесе бір мақала айтатын ойды бейнелеуге болады деген мақсатпен осы кітап жазылып отыр.

Иә, халық ауыз әдебиетінде бір ділда емес мың ділдаға татитын сөздер жетерлік. Менің бұл кітапты жазуыма да сөз қазынасының шабыт пен қайнар бергендігі даусыз. Сөз қазынасын адам жаратпақ. Адамнан адамға сөз қалмақ. Ұлтымыздың ата-бабадан қалған алтын қазынасын молықтыру бірден-бір мақсатым. Егер осы жазбаларым ел санасына сәуле түсіріп, адамдардың ойлау өрісін кеңейтіп, мінез-құлқының көркемденуіне, өмір сүру әдетін сапаландыруға болымсыз болса да көмегі тиіп жатса, онда мен ең бақытты адамдардың қатарындамын. Бұл күнде ненің болса да бағасы өсіп, құны асқақтап тұр. Ендеше, ежелден бері бағалы есептелетін сөздің құны да артуға тиіс! Сол үшін кітабымның атауы – «Бір ауыз сөзім – мың ділда».



Бала кезімізден бастап әке-шешелерімізден, аузы дуалы үлкендерден ертегі естіп, әңгіме тыңдай жүріп мектепке бардық. Мектеп табалдырығын аттаған соң ұстаздарымыздан және ұлттың білімпаздарынан Қазақ атты ұлтымыздың, сондай-ақ адамзат руханиятының озық үлгілерінен үйрендік. Әсіресе адамзаттың рухани көсемдерінің көрнектісі ұлы Абай атамыздан өз басым мол азықтанып, көп сусындадым. Бар ғұмырымда Абайды үлгі етіп келемін. Абай жазбалары, Абай философиясы және Абай идеологиясы ой өрісімді кеңейтті. Ақыннан ой ойлау мен ой түйіндеудің барысын, әдісін үйрендім. Ұлы Абай атамыз қазақтың бағына біткен ұстаз екені әлемге аян. Тек мен ғана емес бүкіл адамзаттың данасы, дарасы, атасы ғой!

Менің білуімше, қазақтан Абай сынды данышпан, психолог-ғалым әлі шыққан жоқ. Абай тағылымдары мен Абай шығармаларынан өзімді, заманның адамдарын, әсіресе өз ұлтымның адамдарының болмысын танып, түсіндім. Сөйтіп, өзіміздің алдымызда да адам тәрбиелеу міндетінің тұрғандығын тереңірек сезіндім. Бұл біз сияқты және қазақ зиялыларының Алла, одан кейін ұлт алдындағы борышы еді. Сонымен адамдарды тәрбиелеудің өзімше формасын жасауға құлшындым. Адам тәрбиесінің осы заманғы жаңа ойларын ортаға қоюға, қалам тербеуге кірісіп кеттім. Осы кітапты жазуыма Абай атамыздың рухы шабыт берді. Тіпті әруақты атамды түсімде де көріп, таяғымен түртіп: «орныңнан түр», – деп оятқан

кездері де болды. Содан баба аруағына Құран бағыштадым да, осы жұмысқа кірісіп кеттім.

Абайдың идеологиясы, Абайдың поэзиясы, Абайдың қара сөздері... Абайдың қазақ болып жаратылуы, Абайдан бұрын және кейін дүниеге келген ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин, Мұхтар Әуезов, қос Махамбеттер, Ғабит Мүсірепов қатарлы тұлғалардың еңбектері ұлт сапасының өсуіне зор әсерін тигізді. Өткен ғасырда да Абайды зерттеген тұлғалар ұлттық ақыл-ой, мінез-құлықтың дамуына өшпес үлестерін қосты. Сондықтан «Бір ауыз сөзім – мың ділда» – атты кітапты Абай атамыздың: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз, Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз», – деген тәлімі бойынша жазылды деп түсінгендеріңіз жөн.

Абай секілді алып тұлғалар өз заманында ұлтын, адамзатты тәрбиелеуді өз борышым деп өмірден өткені аян. Ендеше, біз де ұлт алдындағы борышымызды шама-шарқымызша өтесек, сонда ғана адамдар дұрыс түсінеді деп ұғамын. Қысқасы, бұл кітаптың мақсаты – ұлтты, адамзатты ақыл-ой, өмір сүру психологиясы тұрғысынан сапаландыру.

«Сөздерді» өмірдің өз ортасынан, осы заман адамдарының тұрмысынан, қарым-қатынасынан, қоғам өмірінен алып жаздым.

Бас үлгім – ұстазымыз Абай.

Адамдар түсінігі әралуан болғандықтан: «Мынау Абай болғысы келіп жүр екен», – деп күңкілдейтіндер бар шығар. Бірақ мен ұлтымыздың барлық жастарының Абайға еліктеп,

Абай атасы сияқты болуға ұмтылуын әр күні Алладан тілер едім. Ал көпшілік оқырманым осынау кітабымды оқығаннан соң менімен бірге ой кешетініне сенемін. Олай болатыны, Абай атамыз жасаған дәуірден бері бір жарым ғасырдан аса уақыт болыпты. Заман ұшқан құстай дамып, ғажайып электрон дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Ұлтымыз ат мінетін заманнан, алып ұшақ мінетін «айшылық алыс жолдардан, жылдам хабар алғызған» озық өмірде ғұмыр кешіп жатқаны белгілі.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан». Ұлтымыздың рухани өркениетінде, қоғамдық қатынасында, ұлттар ара қатынасында да, адамдар ара қатынасында да, заман дамуының қажетіне қарай түбірлі өзгерістер, адам ойына кіріп-шықпайтын орасан зор дамулар болуда. Заман өзгерісі Абай атамыз жасаған заманнан әлдеқайда бөтен, әрі жаңа. Адамдар жаңалықтың қабылдаушысы болумен бірге, оған ілесіп отыруы қажет. Ол үшін жаңа заманда жаңа сөз, жаңа ойлар айтылуға, ойлантуға тиіс. Ол сөзбен ой, ұлттық өмірге көзқарасы мен психологиялық сапасын, тіршілік формасы мәселесін алға қойып, оны дамыған дәуірге сәйкестендірудің қажеттілігін талап етеді. Абай атамыз тірі болса өзі айтар еді, деп армандай отырып, Абай қазынасын жан-тәнімізбен қорғаумен қатар, алдыңғылардан үйрену негізінде ел болып, Абай мұрасын байыту керек деп білдім.

Бізді жаратқан, бізді тәрбиелеген ұлылардың әруағы тек сонда ғана разы болмақ. Өз сөзіңді

өзің сөйлемесең, «өз теріңнің пұшпағын өзің илемесең» кім саған аузыңа ас салып берер! «Бір ауыз сөзім – мың ділда» кітабім тағы да осындай ой мен мақсаттың нәтижесі. Арысы адамзаттың, берісі өзіміздің ұлт азаматтарына, ұлтты сапаландыруға пайдасы тиер деген ой мені қолыма қалам алуға жетеледі.

«Бір ауыз сөзім – мың ділда» атты кітаптің жазылу формасы мен әдісінен сөз қозғар болсақ, адамдардың рухани өркениет тіршілігін тірек етіп жазылып отыр. Әсіресе, адамдар психологиясын, кітаптың барлық мазмұнында қамтуға ұмтылыс жасалды. Жиыны: 10 тақырыптық, мазмұн, бөлімнен құралған 1100 дана ақылиялық сөйлемдер мен сөйлем құрамалары жазылды. Шағын сөйлемдер басым көп санды ұстайды. Ең кіші сөйлемдер үш, төрт, бес сөзден құралған. «Отанның опасызына оқ та арам» (622 сөз) (221 сөзге де қараңыз!) Ең көп сөз, 64 сөзден құрам тапты.

Ұлтымыздың шешендік, ақылия, мақал-мәтел формасымен жазылды. «Адамдықтың белгісі, Ақылың мен мінезің, Адам болам десеңіз, осы екеуін түзегін», – деп жазғанымдай, адамдардың ақыл-ой сапасын, психологиялық мінез-құлық сапасын, қоғамды, өмірді білу, түсіну сапасын, тұрмыс-өндіріс сапасын, ұлт пен халықтың заң, тәртіп, басшылық ету сапасын жоғарылатуға септігі тиер деген үміттемін.

Кітапты жазу үшін бес жыл жұмсадым. Олай болатыны – кітапта айтылған барлық сөздерге автор оқырман алдында жауапты болу керек. Әсіресе, 1100 дана ақылиялық, түйін сөз,

тұжырым сөздерге айтылу мүмкін сұрауларға алдыман жауап беруге дайындалуым керек. «Судың да сұрауы бар».

«Өлімнен ұят күшті» емес пе? Сондықтан басқа ұлттар мен шетелдің адам психологиясы жөніндегі жазбаларын мүмкіндігім жеткен деңгейге дейін көріп шықтым. Озық ұлттардың психологиясын адам өміріне қолдану тұстарындағы ой-қимыл жүйелерінің ұнамды жақтарын жинақтап, оны ұлтымыздың өміріндегі артық-кемімен салыстырып, сол арадан жаңа сөз, жаңа ой іздедім. Ұлтымыздың мақал-мәтелдерін, тіл шеберлігін, халық фольклорын өзіме үлгі еттім. Өзімнің тіл, діл, ой түйіндеу ерекшелігім сөз саптауда арқау болды. Көп ойды бір сөйлем сөзбен жеткізгенде кез келген оқырманның түсінуі – бұл кітаптың басты ерекшелігі дер едім. Мысалы, «Қойдың жуастығы қасқыр мен ұрыға пайда», «Ақылдыға ақша бітсе, көңілінен гүл ашады. Ақылсызға ақша бітсе, аузынан жын шашады» немесе «Сынықты сыйпап отырып саларсың, Сынған көңілді сыйлап жүріп жазарсың» т.б. Меніңше, бұл қорытындыларды бір-бір көлемді мақаланың еншісіне қалдырғанымыз дұрыс шығар.

«Ділдалар» өмірдің өзінен алынды немесе бірге жүрген адамдардың қараған көзінен, айтқан сөзінен, оң-теріс қылықтарынан, болмаса қоғамның қисық-қыңыр тезінен, әділет пен әділетсіздіктен алынды деуге болады. Өмір кімнің болса да ұстазы. Тек ойлайтын ой, көре білетін көз, сөйлей алатын тіл болса болғаны.

Кітапты жазу барысында «ділдаларымның» осы заман адамдарының ерекшелігінен, тәрбиесінің қажетінен шығу үшін және басқалардың ойлары мен жазғандарын, айтқандарын қайталамау үшін үш жақтан барынша сақтандым.

Олар: бірінші, Абай атамыз бастаған тарихи ұлы тұлғалардың жазғандары мен айтқандарын қайталамау.

Екінші, дүние жүзімен бауырлас ұлттардың ұлы тарихи тұлғаларының жазбаларынан көшірмеу, қайталамау.

Үшінші, мейлі қайсы ұлттың болмасын, мақал-мәтелдерінен, шешендік сөздерінен көшірмеу, пайдаланбау, қайталамау. Тек өмір өзі ұсынған жүректің әмірін айту және жазу. Ес-ақылы қалыпты адамдардың ойлау барысының мазмұндық ұқсастығы болуы табиғи. Десек те, жазғандарым мен айтқандарымның өзіндік мазмұн, өзіндік формасының барлығын ескерткім келеді.

Осы кітапты жазуды Қытай топырағында 2007 жылы көктемде бастаған болатынмын. Әрі кітап етіп шығаруға дайындала бастадым. Баспаға беруден бұрын тәлейімді сынап көргенім бар. Алдымен өзім жазған ақылия сөздерді реті келген жиылыстарда, отырыстарда әншейін ғана айтып көріп едім, бірсыпыра адамдардан жылышырай сөздер естідім. Түрлі басылымдарға жіберіп байқап көріп едім, олар да жылы қабылдады. Әсіресе «Шинжаң Ғылым-техника» газеті «Бір ауыз сөзім – бір ділда» атты айдар ашып, жыл бойына «Үкілі де ойлы сөз-

дер» деген тақырыппен әр нөмері сайын жариялап тұрды. Осылайша талай оқырмандарымнан шабыт және қолдау таптым. Іле қазақ автономиялы облысының белгілі мекемесіндегі басшы жолдас маған жолығып, бір топ мадақтаудан кейін: «Сөздеріңіз ұлтымызға өте пайдалы екен. Кітап етіп бастырыңыз, қаржысы бізден болсын!» – деді. Амал не?.. Қазақстанға, атамекеніме, Алматыға қоныс аудару алдында едім. Әлгі ініме алғысымды айта-айта көшіп кете бардым.

Қазақстанға қоныс аударғанымда да екі жылдан асып барады. Барлығымыз қазақпыз десек те, жаңа қоныстың ерекшелігі, жаңа адамдардың өмір тұрмысы мен қоғамдық түзімі, ұқсас емес тәрбиенің нәтижелері... тағы басқа да жәйттер кітапқа түзетулер жасап, жаңа мазмұндар қосуыма себеп болды. Тәуелсіз қазақ елінен айналайын! Көп уақыт өтпей-ақ Алматы қаласындағы қаламдас, ақкөңіл аға-бауырларыммен аралас-құралас болып сырласып кеттім. Әдеттегі жолдас-жораларым да аз болған жоқ. Әңгіме барысында кітаптағы сөздер туралы, тыңдаушыларыма суыртпақтап айтып көріп едім, жылы қарсы алып, «кітап етіп жазсаңызшы» деген тілектерін де жеткізді. Сынақтан өткен сияқтымын.

Сонымен екі жыл уақыт жұмсап кітабымды қайта өңдеп жаздым. Тіл, атау терминдерді қолдану барысында Қытайдағы қазақтардың атау-терминін қолдану формасын қолдандым. Бұл қазақ тілінің шұбарлығынан сақтануда оң рөл атқаратындығына сенемін. Иә,

ел тілегі елу деген емес пе?! «Ділдамның» – өз орнын қайда барса да табатын мүмкіндігі бар. Оқырмандарымның олпы-солпысына, орынды сын, ақыл айтып, шаңын сүртіп, онан ары жарқырата түсетініне сенімдімін. Оқыған жан өз бағасын бере жатар. Ойларым мен оқырман ойлары ортақтасатын да шығар. Өзім жөнінен алғанда, ұлтымның адамзат руханиятының қажетіне жараудан артық тілерім де, сұрарым да жоқ.

Автор.



Бірінші бөлім

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

1. Ұрпақ үшін ой бөлмеу – ойсыздықтың белгісі.

2. Адамзат пайда болғанда, адам тәрбиесі пайда болған. Ұлт пайда болғанда, ұлттың ұрпағын тәрбиелеу бірге пайда болған. Ұлттың дамуымен бірге дамыған. Ұрпақ азғындаса, ұлт та азғындайды.

3. Ұлтты жою үшін – алдымен ұлттық мектепті жою керек. Ұлтты дамыту үшін – алдымен ұлттық мектептерді дамыту, сапаландыру тиіс. Ұрпақ сонда ғана сапалы болмақ.

4. Ұрпақ тәрбиесі – ұлттық мемлекеттің тағдырын белгілейді.

5. Ұлттық мемлекетте ұрпақтарын ұлттың рухымен тәрбиелеу – барлық тәрбиенің



ядросы. Ол үшін мемлекет ғасырлық ой мен жоба-жоспарын жасауға міндетті.

6. Ұлттың тілі, ділі, салт-санасына қанықпаған ұрпақ, ұлтын сүйіп, отанына ынталы жұмыс атқаруы мүмкін емес.

7. Мектеп пен жанұяның арманы бір,
Екі арман бір-біріне жалғанып жүр.
Біреудің бағы осылай жанғалы жүр,
Ұлт жауапсыз ұрпаққа болған кезде,
Тарихтан тістеп қалған бармағын ол.

8. Ұрпағың болса өсесің, ұрпағың болмаса тарихың мен шежіренді кесесің.

Ұрпақ өспесе, адамзат тарихынан күндердің бірінде өшесің.

9. Мектепке жалғанбаған жанұялық тәрбие, от басынан озбақ емес. Мектеп тәрбиесі – жоспарлы, мақсатты жүргізілген ғылыми тәрбие. Барлық ғылым, білім, моральдық тәрбиенің қайнар көзі, таусылмас алтын кені.

10. Балаңды мектепте мұқият оқытпасаң, бала тәрбиесіне жұмсаған құлшынысың далада қалады.

11. Әке-шешесінің еңбегін сыйлай білген балалар Отанын да, ұлтын да сыйлай біледі.

12. Балаң жақсы болса, орның төрде.
Балаң жаман болса, қарай алмайсың елге.
Ұрпақ үшін отқа түс, сен де.

13. Балаңды орынсыз көкке көтеріп «патша» жасасаң, балаңның құлына айналасың. Ол «патшадан» опа да, пайда да жоқ.

14. Балаңызға қуыршақ алып берсеңіз пайдалы. Алайда қуыршақ баланың есінде қалмайды. Небір жақсы ертегі, небір жақсы әңгіме айтып берсеңіз, ол баланың есінде өмір бойы сақталады.

15. Жетім баланы көтермелеп отырмасаң жетілуі баяу болар.

16. Баланың кем жеріне кеңес беріп, иландырып, көзін жеткізіп, сындау – бала көңілін алаңсыздыққа бөлейді.

17. Балалар әділетсіз үкімге ұшыраса, әсіресе сол әділетсіз үкім жақын адамдар жағынан болса, бала көңілінде жазылмас жарақат пайда болуы мүмкін.

18. Баланы ұрып, тілдеп көндірмек болған ата-ана – бала тәрбиесінен жүген ұстағандар. Баланы бағындырар күш – ата-ананың мейірімі мен адами беделі.

19. Ұлының ойын, қызының қылығын байқай білген ата-ана – ұяттың отына оңайшылықта күйе қоймайды.

20. Аттың арық болуы иесінен,
Адамның ақымақ болуы тәрбиесінен.

21. Сәулетті, алып сарай іргетасты қоядан басталады. Тәрбие біткеннің барлығы, ана құрсағындағы шағы мен бесіктен басталады.

22. Аялаудан ақылды бала өседі.

Аялау – бала ойларының түйіншегін шешеді.

Аялаусыз баланың көңілі кеселді.

Мейірім балаға жан салады.

Мейірімге бөленбеген бала, өсе келе үйіңе даң салады.

23. Адам ақылымен қымбатты,
Ұрпағымен сымбатты.

24. Балаңды қорға, аяла,
Алаңсыз өссін саяңда.
Өзінде бала болған соң,
Баладан барды аяма!

25. Бір төл аман көзін ашса,
Бір тіршілік нұр шашады.

26. Тегіне тартып бала туады,
кім біледі?..
Тағдыр мен өмір оны қайда қуады?..

27. Қу ағашта ніл болмас,
Тәрбиесізде тіл болмас.
Ебелекте қоныс болмас,
тамтықсызда өріс болмас.
Шала сауаттың алған тәрбиесі,
өміріне серік болмас.

28. Құмға құйсаң теңізді,
бір тамшысы қалмайды,
Гүлге құйсаң тамшы су,
тіршілікті жалғайды.

29. Ей әке-шешелер! Балаларыңа айтқан
ақылың балаңның жүрегіне жетсе, сен тілегіңе
жетесің.

30. Әкесі мен ұлы, шешесі мен қызы сырласа
алатын болсын! Осы текшеге жеткен жанұяның
тәрбие тебіні күшті.

31. Ей балалар! Барлығымызды жаратқан
бір Алла. Алладан кейінгі әкең мен шешең. Бата-
сыз баланың бағы жанбас, тұсауы шешілмес.

32. Әке-шешелер, балаңа ақыл айту алдын-
да өзіңмен ақылдас! Айтар сөзің өлшемді
болсын! Өлшеусіз айтылған ақыл, отқа түскен
көбелек.

33. Ақыл айтсаң, ақырып айтпа,
ақылға шақырып айт!
Жан сезіміне батырып айт!
Ақырған ақыл айдалаға кетер!
Батырған ақыл барар жеріне жетер.

34. Балаңның көзіне шұқыма.
Өз балаңды өзіңе жауықтырасың.
Өзіңнің әкелік мейіріңді
бағыштай алсаң,
қатасынан сауықтырасың.



35. Балаңды қара тас десең,
сен көктемгі күн бол.
Күннің қара тасты да,
жылыта алатынын ұмытпа.

36. Баласы үшін әке менен шешелер, өзінде
барды салады-ау! Арманы мен
үміті далада кейде қалады-ау! Таң қаласың
қисынға, өзіңнен туған баланы, кімдер тартып
алады?

Әкеден аулақ әкету, қоғам мен ұлтқа залалы.

37. Бала әке-шешеден туады. Балаң есейсе,
заман оны қайтадан туады. Балаңыз қайта
туғанда өзін қайта туған заманның кескіні мен
кейпін, кесапаты мен келешегін айта туады.

38. Надан заманда туылған, өскен адамдар
көбінше надан. Адам заманына қарай адам.

39. Асық ойнаған азбайды,
Доп ойнаған тозбайды.
Асық пен доп ойнаса,
Ақылын шындап қозғайды.
Көтен мен мойын жегіштер,
Бұл заманға боз қайғы.

40. Ана, ана атымен барлық адамнан
қасиетті, ұлы. Аналар осы ұлылығының алдын-
да, адамзат алдында міндетті де. Өз міндеті мен
орнын түсінбеген ананың ана аты шала.

41. Жанжалшыл үйден жарымес бала өседі.

42. Баланы бастау әкеден,
Баланы баптау шешеден.

43. Әйелдің мінез-құлқын (қасиетін) өз бойына қалыптастырып алған ұл баланың есімі ел есінде қалмауы мүмкін. Еркек қасиетін өз бойына қалыптастырған қыз бала, талай еркекті ерітуі мүмкін.

44. Қыздың сыры – жүрегінде. Ұлдың сыры – жүрегі мен білегінде. Сырлардың қымбат, арзандығы жетілу барысы, қоғам мен жанұя, мектеп сынды үш тірегінде.

45. Ұлттық дәстүр тәрбиесі, жанұя тәрбиесінің алтын діңгегі. Ұлт болып тұруының жаны. Қазақтан қазақ туса қазақ болады. Басқа туса, сол ұлттың намысына азап болады.

46. Әдептілік – адамның бір таңбасы.
Әдепсіздік – хайуандықтың жалғасы.

47. Жақсы әке, балаларын дала мен қалаға бастайды. Жақсы шеше балаларын сұлу санаға бастайды. Мейірімсіз әке мен шеше баласын далаға тастайды.

48. Ақылды әке баласын арманға бастайды.
Ақымақ әке баласын жалғанға бастайды.

49. Сәби жанның ең бақытты минуттары, анасының құшағында жаны жадырап күлген кезі.



50. Ей ержеткен балалар! Әке-шешеңнің тірі болуы сенің бақытың. Алайда сол бақытты қалтамдағы ақшам деме! Әке-шеше қарызын олардың көзі барда қайтарып, алаңсыз ет! Қайтарар қарызың мыналар: қолың жұтамасын! Қашан менің мінерге атым болар екен дегізбе! Сөзің жұтамасын! Қарттардың көңілін сұрап тұр. Көңілің жұтамасын! Қарттарға қатал сөз айтпа!

51. Ата-анасының еңбегін бағалай білмеген ұрпақ, ешкімнің де жақсылығын бағалай білмейді. Ондай жанның көңілі де, көзі де күлуді білмейді.

52. Жас ата-аналар! Қызғаныш үйлесімді болсын! Ойларыңа қызғаныштан құрт түссе, балаларыңның сапасы күрт түседі.

53. Балаңа бес жасқа дейін жақсы әдетті қалыптастырып болмасаң, он жыл кешігесің.

54. Балаң кітапқа құмар болса, адамдық мұратқа да құмар болады.

55. Махаббатта сәтсіздікке ұшырасаң, балалы болудан бұрын шеш! Балалы болсаң ұрпақ үшін отты кеш! Ұрпағыңды тірі жетім жасау, тірі өлгенмен бірдей.

56. Ата-анаң жарымжан, жарымес болса да, ол сенің жаратушың. Жан беретін де, әл беретін де, мал беретін де өзінен туған баласы. Ол сенің Алла алдындағы ең ауыр міндетің.



57. Әке қадірін білмеген ұл опасыз. Қарт қадірін түсінбеген ұрпақтан түңіл!

58. Аспа-төк ақша баланы абақтыға айдар. Жанұяның ғылыми, жүйелі, сапалы тәрбиесі – адамзат тәрбиесіндегі адам сусындайтын қайнар.

59. Білімді адам ақшасын ғылымға жұмсайды. Перзентіңді оқытудан ақша аяма! Ақшаң асса мектеп сал!

60. Есі кіре бастаған балалар үшін, мақтап, шабыттандырып тәрбиелеудің орнын басқалай тәрбие баса алмайды.

61. Кімнің болса да жан түкпірінде жасырынған сөзін айтқыза алған адам ғана, адам жанының маманы. Ол – бала тәрбиесі үшін ауадай қажет.

62. Ау, аналар, балаңды өзің еміз, бесігін өзің тербет! Білсең бесік жырын айт, білмесең үйрен. Балаңды өзің шомылдырып шаттан! Бала бағушының бетіне қарап баласын тәрбиелемек болған ана, өзінің бағын да, баласының бағын да байламақ.

63. Баласына өзінің қолымен ас пісіріп беруді ұмытқан ана, өзінің жанұясын да ұмыта бастайды.

64. Тентек баланы тектей бермей, зерттей біл. Жазғыра беру жағымсыз тәрбие. Тентек

баланың жан дүниесінде жасырынған жасампаздық жалындап жатуы әбден мүмкін.

65. Балам сапалы адам болсын десең мына алты нәрсеге абай болғаның жөн: Бала ананың ішіндегі кезінде алдымен ананың өзі күтілсін. Бала дүниеге келген күннен бастап бала тәрбиесін бастап жібер. Аяғы шыққаннан бастап мінез-құлқын қалыптастыр. Кітапқұмарлық әдетке баулы. Киініп-ішінуі ел баласынан кемде, артық та болмасын. Денсаулығы күшті, дене шынықтыруға әуес болсын.

66. Мінез миға байланысты болар. Мінезі ауыр балалар жаратылыс ғылым докторы, мінезі жеңілдеу балалар қоғамдық ғылым докторы болуы мүмкін. Мүлдем солай деуде артық. Балаларына болжам жасап отыру – жақсы әдет.

67. Әке-шешелер мен мұғалімдер балаларға мына асыл қасиетті қалыптастыруға мүдделі: Ізгілікке әдеттендір! Жан-жақтылы өмір үйрет. Ғылымға, кітапқа қызықтыр! Өз ұлтының тілі ана сүтімен бірге шықсын.

68. Ұрпақтарға үлгі болу мен үлгілі мұра қалдыру парасаттылық. Ол адамзаттың ортақ борышы.

69. Кедейшілік ұрпақ тәрбиесіндегі кесірлі іс. Ашыққан бала ұғымсыз келеді. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды. Тоқ бала ештеңені



ойламайды». Уыздығы жарыған қозы тез жетіледі. Адамдар да солай.

70. Байлық пен барлық ұрпақты ұтымды тәрбиелеудің ұнамды шарттарының бірі. Байлық пен барлықты бала тәрбиесінде есептеп жұмсасаң, ұрпағың да, өзің де ұтасың. Есепсіз, есер болсаң, арманыңды жұтасың.

71. Ұрпағыңның ойынан ұлттық тәрбие алдымен орын алсын,
«Отаным, ұлтым» дейтін ұғым есінен шықпастай болып ойында қалсын.

72. Балаңның болашақта
кім болуын ойлама!
Білімнің мың болуын ойла!

73. Балаң ананың сүтін, әкенің күшін ақтайтын болсын. Сонда ғана Отаның, ұлтын есінде сақтайтын болады.

74. Қыран баласының тегеурінді болуы – тегі мен баптап қайыруында.

Адам баласының дарынды болуы – тегі мен тәрбиесінде.

75. Жетімді жетілдірем десең, желкесінен сүйреме! Жетім көңілін желпи біл. Жетілмеген жеріне дем бер. Өте алмаған өзеніне көпір сал. Қорлық көрсе қорға. Қорынса қол бер. Мейіршапағатты мол бер!

76. Көп балалы болу жақсы-ақ! Бала тәрбиелеудің саналы, ғылыми жолын тапсақ. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап жатса».

77. Тапқан балаң жарылқарын, баққан балаң жарылқарын тәңір мен тәлей білер! Тәңір сені адам ретінде жаратқан екен. Ендеше екеуі де өз қолыңда! Адам ұрпағына міндетті болумен, тәңіріне де, өзі өмір кешіп жатқан қоғамы алдында да міндетті.

78. Құдайдан сұрап алған балаң қурай сындыруға жарамаса өкіншіті-ақ!

79. Әке ішінде әке бар,
Баласы үшін жан берген.
Тағы бір топ әке бар,
Балаға тек нан берген.
Баладан қашқан әке бар,
Артық одан мал деген.

80. Шешеді де шеше бар,
Аспандаған ана аты.
Аяулы ару шеше бар,
Күйеуінің қанаты.
Қайырымсыз, қатыгез шеше бар,
Ана деген санаты.
Ұятсыз, ессіз шеше бар,
Өзі тірі баласын,
Балалары бағатын.

81. Қазақ деген ұлттың тарихында ер-әйел махаббаты бастары қосылған соң қартайып

өлгенше өшпейтін. Қазіргі заман ер-әйел махаббаты бір бала туғанға да жетпейтін болып жүр.

82. Әке-шешесімен сыр бөлісе алмаған ұл мен қыз, пұл бөліседі.

83. Қолтығыңның астында өскен бала, қолыңнан шықпайды.

84. Шешесіз өскен баланың көңіліне шемен байланар. Әкесіз өскен ұлда айбын болмас.

85. Әкенің ақырғаны баласына ақыл мен айбар шақырғаны.

Жалынсыз өскен ер-жігіт жалынан айырылған айғыр.

Шешенің ұрысқаны, ана мейірін аузыңа тосқаны.

86. Ұрпақ тәрбиесі ойыңнан кетсе, адамдық борышың бойыңнан кетеді.

87. Отау үйлердің ойына саларым: әр күнгі «Ассалаумағалаейкумның» алдыңғысын әке-не бер! Әке-шешелеріңді және олардың туыстарын, достарын асқа шақырып, қонақ кәде жасауды ұмытпа! Үлкендерге сәлемдесе барғанда сауға ала баруды ескер! Алыс жүрсең айында болса да хабарласып тұр!

88. Тегін білмеген тексіз, тамырсыз. Ол өзін білмеудің, өзін түсінгісі келмеудің басталуы.

Жүгін білмеген жүгенсіз. Олар жүк көтерушінің күндесі.

89. Жақсы әке баласымен «құрдас». Ел азаматы болам десең, алдымен әкеңмен сырлас.

90. Ойын баласы ойыннан ой қабылдайды.
Ойнай алмаған бала ойға жетілмейді,
Тоймаған бала бойға жетілмейді.

91. Қолы қимылдаған баланың миы қимылдайды. Бала ойыннан білім алады. Ойнай жүріп айналасын біліп алады.

92. Балаңды орайын тауып орынды мақтауға шебер бол! Орынды мақтау, үйіндегі ұранға айналса, балаң қанаты жетілген қыран болуы ғажап емес.

93. Баласын тілдегіш, сабағыш, қорқытқыш әке-шеше, өзінің міндеті алдында кінәлі.

94. Балаларды сындай беру, баланың сағын сындырады. Жігерін жасытады. Балаң жасық болса, мынау нарық заманда не тындырады? Сыннан мезі болған бала ез болып өседі.

95. Ұл-қыздарым ұлы жұмыстарды тындырсын десең, ең алдымен өзін құрметтеуді үйрет! Өзіне жауапкерсіз болып өскен бала, Отанын да, ұлтын да сүйе алмақ емес. Отанын, ұлтын сүю рухын бойына дарыта алмаған ұрпақ, қай кезде де табаны тайғанақ.

96. Ұлың аспан болса, қызың жер. Ұрпақ тәрбиелеп жетілдіруде ұл, қыз деп бөлген адам Жаратушы алдында қылмысты. Адамзат арасындағы надан.

97. Ата-анасын қарттар үйіне тапсырған жігіт – еркектіктен садаға. Ондай ұлды, Тәңірім қалайша тастамаған далаға!

98. Ата-анасын қарттар үйіне тапсырған ұрпақ, мұсылман да, қазақ та емес. Қазақ болса, ұлтының опасыздары.

99. Әке-шешелердің қимылы, есі кіре бастаған балалардың жасырын бақылауында болады. Өздерің оны білмейсіңдер.

100. Көңілі көшеге кеткен ата-ананың баласы көшеде қалады. Көшеде қалған баланы жетімхана алады.

101. Мынау дүниеден білгенің көп, түйгенің мол болса, аз уақытта-ақ балаларыңа көп нәрсені үйрете аласың.

102. Ертеке естімей өскен баланың ертеңі бұлыңғыр.

103. Ұлы табиғатты көп көріп өскен баланың көз аясы кең.

104. Сұлулық пен мейірімділік жанына ұялаған бала ержеткенде қатігез болмайды.

105. Балалардың азығы –
Ақыл ойдың жетілуінің қазығы.

106. Бала тәрбиесінің өзегі психологиялық тәрбие. Тәрбиеші психология ғылымынан сауатты болса, тәрбие барысы сәтті болады. Өзіңізге әуел бастан-ақ психологиялық мамандықты (аз ба, көп пе?) Тәңірдің сыйлағанын ұмытпасаңыз, бала тәрбиесіне шеберсіз. Ар, ұят, намыс, махаббат, сүйіспеншілік – адамзаттың жаратылысына тән.

107. Баланың жасқануды білмеуі жасықтықтан жақсы.

Өз кезінде ғылыми жолға салуға асығу одан жақсы.

108. Бала тәрбиесінде, әке образы (өрен балалар сезімінде) ең биік, ең сыйлы, ең күшті, ең қорқынышты сезілуге тиіс. Олай болатыны әкелерден Отан, ұлт жаулары, адамзат, адам жаратылғаннан бері қорқып келеді. Ендеше, өз балаң қорықпаса, жасқанбаса, именбесе бола ма?

109. Жылаған баланы, шешен адам ойнатса жұбатады.

Жыламаған баланы, дүлей адам ойнатса жылатады.

Әкесі баласын ойнатуды әдет етсе, баланың ойын асқарға бастайды.

Әке баласына жатбауыр болса, өзін де, баласын да басқаға бастайды.

110. Балаң қабағыңа қарап күлер,
Өңіңе қарап ойлағаныңды білер.
Үлгіңе қарап жүрер.
Ата-ананың аялауы мен
мейірімін тілер.
Ал әкенің баладан тілейтіні
түсіну мен құрмет.
Әкенің ойынан мұңын,
үстінен жүгін алу балаға мәңгі міндет.

111. Балаң он болса, біріне-бірі үйретеді.
Балаң жалғыз болса қазан ошағыңды
күйретеді.

Жалғызыңды сауыры мен жалын сипауға
ғана әдеттендірсең, әкесінің де жағын сын-
дырар. Осылардан шығады ел бұзатын жын-
дылар. Ауыздыққа алдымен әдеттендір! Жүген-
сіздік жұмыр, жұртты былғайды.



Екінші бөлім

НЕКЕ. ЖАНҰЯ. МАХАББАТ

112. Құстар ұя салады. Тышқан ін қазады. Құмырсқа илеу жияды. Құстарда тек көкек қана өзінің атын өзі шақырып жүріп, ұя салмағандықтан балапанын біреу басып береді. Біздің Қазақстандағы сапырылысқан талай адамдар көкек пен шегірткенің масылдығы мен мырзалығын қашан тастайды?

113. Басыңда үйің болмаса қатын алудың қасиеті қанша? Сарайың болмаса да, сабан төселген өзіңнің үйің болсын! Құмырсқадан үйренсең, үйден құры қалмайсың.

114. Бастықтан баспана тілегенше, баспанаңды өзің қалқайтып алсаң, басыңды тілемшіліктен құтқарасың.

115. Қазақтардың үйін, қай тарихта біреу салып берген екен?..

116. Жанұясын сүюді білмеген, түсінбеген, бүлдірген еркектен де, әйелден де опа жоқ. Ол Отанға да, ортаға да опа бермейді. Немесе, ол да бір өзімшіл жыртқыш.

117. Сұлулықты көрмеу үшін, көзі соқыр болуы қажет.

Жылулықты сезбеу үшін, көңілі соқыр болуы қажет.

118. Адам баласының ең қасиетті нәрсесі – жанұясы. Ең жақыны – жары. Ең тәттісі – баласы. Ең құрметтісі – әкесі мен шешесі. Ең жақын досың – бірге туғандарың. Ең ұлы нәрсең – отаның. Ең биік бәйтерегің – халқың. Тіршілік үшін күрес – отбасын құрудан басталады.

119. Әлемдегі ең жұмсақ, жан жадыратар жақсы орын – жар төсегі.

120. Жанұясыз адам мен тілемшінің күні де, құны да бір.

121. Атты жаратып мінсең атың қызылмай болмайды.

Дітсіз еркектің үрерге иті болмас. Желіп шығар аты болмас. Дінсіз әйелдің сауарға сиыры болса да, шайға қатар сүті болмас.

122. Өңі сұлу – бір сұлу,
Көңілі сұлу – гүл сұлу.
Өңі мен көңілі тең сұлу,
Әлемдегі ең сұлу.

123. Жақсы еркектің нәпсісі сүйгенімен,
Нәпсіқордың нәпсісі тигенімен.

124. Жақсы әйел көп алдында жаныңды жай
таптырар,
Жаман әйел көп алдында жүзіңді жер
қаптырар.

125. Шын сүйген адамыңды ойыңнан өшіре
алмайсың, сүймеген жанның алтын сөзін де
есеңе алмайсың.

126. Жан сұлулығы жанына ұя салған
әйелдің күлкісі сыңғырлы естіледі.
Жаны жасық еркектің сөзі міңгірлі естіледі.

127. Жанұядағы жандардың ортасында
сыйластық шекарасы болуға тиіс. Парықсыздық
жанұяның жауы. Еркегі мен әйелдің, үлкен мен
кішінің, әке мен баланың ортасында сыйластық
шекарасы болмаса адамдар азғындайды.

128. Парықсыз айтылған сөз көңілге шемен
байлатады.

129. Жарыңды жаныңнан артық сүй! Алайда
қалпынан асса, қадірің қалмас. Өле сүйсең өле
сүй! Алайда мені солай сүймедің деп өкпелеме.

130. Жанұясын реттемейтін әйелдердің көңі-
лі де ретсіз.

131. Қонаққа ұсынған орамалы кір болса,
сол әйелдің денесі де, санасы да кір болғаны.

132. Аты жауыр еркектің тіршілігі тәуір болмас.

133. Қатын сабағыш еркекті батырым деме,
Ерінің жағасына жармасқыш әйелді
қатыным деме.

134. Жылаңқы еркек, не жасық, не жылпос,
не жағымпаз. Жылмаңдаған әйелге сенбе.
Еркек не мастықтан жылайды, не еркектік жігері
бостықтан жылайды.

135. Сүюді білмеу – сүйкімсіздік, сүюді
түсінбеу – сезімсіздік.

136. Қураған талды ие алмайсың. Құр кеуде
сезімсізді сүйе алмайсың. Махаббат сезімі
соқыр, қалғанын өзің ойланғайсың.

137. Жанұяңның іргесін жаныңнан артық
көр, балам. Басыңда панаң болмаса, ел сый-
лайтын шамаң болмас.

138. Алтын мен мыс екеуі де сары. Алайда
бұлардың құны ажарында емес, базарында.

139. Адам тіршілігі үйсіз, күйсіз, міндетсіз,
борышсыз немесе ешбір қам-қайғысыз өтсе,
онда тіршіліктің мәні де, сәні де қалмайды.

140. Жұбайлар ортасындағы ғажайып
қарым-қатынастарды саясатпен түсіндіру мүм-
кін емес. Мұны екі жақ парасатпен түсінуге

тырысқаны жөн. Сонда ғана үйің иесіз, балаларың тірі жетім қалмас еді.

141. Жұбайлар бірін-бірі толық түсініп болғанша өздерінің өмірлері де таусылып болады. Сондықтан өзара бірін-бірі тез түсінуге, өзара құрметтеуге ұмтылуға тиіс. Түсінісе алсаң, жаны жадырап өтер. Түсінісе алмасаң қақырап бітер. Алдыңнан таласқа түскен қатаң тағдырың күтер.

142. Түсіну мен түсінбеу таусылмас барыс. Анықтамасы да анық емес. Алайда адамша ойлайтын жұбайларда мынадай бір ортақ түсінісу болса, отауының іргесі сәгілмес еді. Ол: жанұясын жанынан артық көру. Бауыр еті баласын бәрінен артық көру.

143. Жұбайлардың алған білімі, қабылдаған тәрбиесі, қалыптастырған әдеті мен мінез-құлқы қатарлылар көңілді жайқалтуға да, шаңырақты шайқалтуға да қашанда дайын. Адамдардың жаратылыс сапасы – осының кілті.

144. Күннің батуы – махаббаттың қормалы. Бала-шағалы болатын шығарсың. Таңның атуы – махаббаттың қорғаны. Тіршілік жасап, бала-шағаңды бағатын шығарсың. Меніңше, Алла тағаланың Адамзатқа махаббат сезімін бағыштауы да адамдардың бай-бақытты тұрмыс кешіруі үшін болса керек.

145. Жан жарыңның сенің жасампаздығыңа беретін шабыты, қоғам мен өмірден келетін

шабыттың жартысына тең келетін шығар! Бірақ осындай жарлар қайда екен!

146. Өз жарыңның басқаларда жоқ бағалы қасиетін бағалай аласың ба? Шынмен жақсы көріп, құрметтей білесің бе? Білсең, құттықтап құшағыңды жая бер, көңілсіздікке ұшыраса, көңіліне сая бол.

147. Ақылсыз әйел, еркегіне басқа еркектердің қаңсығын мақтап, тамсанып жүреді. Ақылды әйел жаман еркегінің болымсыз жақсылығын мақтап, жансызға жан салып жүреді.

148. Әйелдің назына, еркелігіне ерімеген еркектің жүрегі тас. Әйел жанында құдіретті еріткіш зат бар. Ол әйелдің көзінен аққан жасы мен адал жан күлкісі.

149. Әйеліңді дана болсын деп алма! Ана болсын деп ал! Егер әйеліңнің дана да, ана да болғанын түсінсең, онда сен тіл алғыш бала бол!

150. Ерінің ашуы мен айғайынан сескенген әйелдің көкірегінде иман бар.

151. Сүйген жарың сүйкімді болсын! Қылығы икемді болсын! Қараған көзі, айтқан сөзі саған бақыт, шаттық бағыштасын!

152. Құмырсқа азығын тасығанда, жолына бөгет қойсаң да тоқтамайды. Илеуіне жетпей тынбайды. Қыс қамын жаз жасайды. Өмірден

күдер үзбейді. Көтерген азығы өзінен жеті есе ауыр болады. Біз адамдар құмырсқа болып кетсек, өте жақсы болар еді.

153. Сиқыршының сыры ашылса қызығы қалмайды. Ашылмас сырыңды ашып алсаң, жарыңа да, жаныңдағыларға да сүйкімің болмайды. Сыр сақтау адамзатқа тән.

154. Адамдар махаббат әлегіне жолықса, кімнің сөзін ұға алар. Шабыт ақынды орға жықпайды. Махаббат орнын тапса оңға кетер. Орнын таба алмаса, қайталамайтын қайғылы жолға кетер. Бәрін айт та, бірін айт! Бұйрық деген сол шығар...

155. Нағыз махаббат түпсіз шыңырау. Ақыл ғана сол шыңыраудан алып шығуы мүмкін.

156. Махаббат қайғысын тартқың келсе, өзінді сүймеген біреумен үйлен! Ата-анаңнан кеңес сұрамасаң, көрер екенсің кімнен? Қызды сүй, қызарғанды сүйме! Заманыңның, өміріңнің шындығын сүй! Қыздар-ау, осыларды ойлап барып күйеуге ти!

157. Жанұясын жабдықтауда ата-анасын жат санаған жас, махаббаттан садаға кетсін!

158. Сезімсіз жанның махаббат сезімі де сергелдең. Сезімсіз жан серпілмес. Жылы көңілге жібімес. Мақтап та, боқтап та жөніне келтіре алмайсың. Дәрісі ақылың мен айлаң.

159. Күйеуінің ақшасын аңдыған әйел, өзінің өмір бақшасын өртеуге сіріңке ала бастайды.

160. Күншілдік – көрінбеген жау. Жанұясында нендей құқығы болатынын түсінбеу – надандық. Кешірім мен кеңдік нағыз адамдық.

161. Махаббаттың төрт жауы бар: ақша, мансап, арақ, ақылсыздық.

162. Махаббат отын – өте асығыс үрлесен аузың күйеді.

163. Өз жарының құпиясын сұрағыш жар, не жарымес, не жау.

164. Махаббат айырбасқа түспейді. Айырбасқа түссе құнын жояды. Бейне бір оңып кеткен мата.

165. Нағыз шын махаббатқа құрылған отаудың іргесі берік болады. Саналы ақыл отауына сүйеніш, серік болады.

166. Іздеген махаббатыңды тапқан шығарсың. Әйел деген жемісті ағаш. Сол жеміс берер ағашыңды күте алмасаң, құрт түсетінін де ұғарсың.

167. Алла сені еркек етіп ел қорғауға жаратты. Ел қорғай алатын еркек болсаң, еліңді құраған жанұяңды сен қорға! Жанұясын қорғай алмаған еркек, елі тұрмақ өзін де қорғай алмайды.

168. «Өз үйің – өлең төсегің». Бұл даналық, заманның жауһар есебі. Адамдықтың тағдырын жанұяң ғана шешеді. Жанұяңда бала-шағаң аман, бауырың бүтін болса, сенің бақытыңнан садаға кетсін қайсыбір елдің көсемі.

169. Жанұям жарылсын десең, күншіл бол, табалап таптап күлсін ел. Бар сырыңды білсін ел.

170. Ер азаматтар жан жарын жанындай сүйеге, жан дүниесін түсініп білуге, қорғаны, қормалы болуға міндетті.

171. Тағдырдың талқысы еркектерді де жылатар. Жыласаң жыла! Ескеретінің, жылауың басылғаннан кейін жылағанның себебін өзіңнен де, өмірден де сұра!

172. Жарыңның жаман әдеттерін тастатамын десең, жарыңнан қашпа! Алдыман жаман әдет тастауды өзіңнен баста!

173. Кешірімді білмейтін әйеліңе мініңді айтсаң, желкеңе мінгені мінген. Сырыңды айтсаң, жамандық деп білген.

174. Жарының жантеллофонын жасырын тыңдаған жардың жан дүниесінде жылан жатқан болуы ғажап емес.

175. Бұл заманда еркектер ез келеді,
Екі үйдің бірінен кез келеді.



Ерден бұрын әйелге сөз береді,
Естігенді осылай көз көреді.
Байсыз қатын қажап баққан ер бала,
Рухы нәзік әйелге өзгереді.
Бабалардың айтқаны рас болды,
Ақырзаман осы ма тездегені.

176. Бала-шағасын тастап кеткен әке, әке емес, аңға да жетпес. Аңдар да төлін тастап кетпейді.

177. Жақсы еркек өзінің еңбек жемісін өзінің дастарқанынан жеуді жақсы көреді. Дарақы еркек тапқанын талапайға салғанды жақсы көреді. Ессіз еркектің қонағы мен добы есепсіз.

178. Аналар өз қолымен балаларына ас дайындауды ұмытса, аналық мейірін де суытады.

179. Жеміс ағашқа құрт түссе, жеміске де құрт түседі. Ынтымағың іриді, жемісің шіриді. Балаң далаға безеді. Далаға безген бала, қоғамның қоқсығын кезеді.

180. Әйелдер-ау! Қанша күйеу таңдасаң да ешкім жетпес, сүйгеніңе алғашқы. Пәледен аулақ алыс жүр! Көңілі көлеңкесіз әйел болып өмірден өтем десең, сол алғашқыдан ажыраспа, жармасқын!

181. Саналы сезім, сезімнің серкесі. Аңқау әйелдің көрінгенге ашылар көрпесі.

182. Патша болып ел биле, ғалым бол, ғарышқа ұш, барлығы азаматтық борышың. Даңқың алыстарға кетсін, тәлейлі бол, барлығы бол. Алайда ең алдымен әйел болуды ұмытпа. Еркек болғың келмесін, Жаратушымен қарсыласпа.

183. Қатынбасшылыққа үйір еркек жарымес шығар. Немесе тәрбие ортасының әдеті жаман.

184. «Ер мен әйел тең» деген анықтаманың аузы қисық. Өйткені мынау адамзатта теңдей адам жоқ. Қалайда бір нәрсесі не артық, не кем. Олай болмаса ер-әйел болып бөтен жынысты адам болып жаралмас едік.

185. Әйел адамға «еркектейсің» деген сөз мадақ. Ер адамға «қатын екенсің» деген сөз мазақ пен азап.

186. Болашақта ер де, әйел де бізден ғылымды, бізден сапалы да болатын шығар. Егер жалаңаштануды осылай таңсық көре беретін болсақ, бара-бара ұятымызға жапырақ жабыстыруды да ұмытармыз.

187. Өз төлін өзі емізбейтін, төлінен жерігіш хайуандар өте аз. Алайда қазіргі заман адамдарында көбейіп барады. Қазақ ұлтында болмаған опасыздық ұлтымызға қалай жұқты екен!..

188. Ер адам жаратылыс бөлістірген міндетін орындауымен еркек. Әйелдер де со-

лай. Еркектер ерекшелігімен, әйелдер нәзіктігі, сұлулығымен сүйкімді.

189. Жасану әйелге жарасады. Еркек солай істесе еркекті қара басады. Еркектің ерлігі қашады.

190. Құтырған иттің күшігі құтырған иттен туғандығы үшін құтырмайды. Қайта ол, құтырған итке ілескендігі себепті немесе құтырған ит қапқандығы үшін құтырады.

191. Ақылды шеше қызын ұзатса, қызын күйеу баласы мен еліне тапсырады. Ақылсыз шеше қызын ұзатса, ұзатылған қызын өзі тапсырып алады.

192. Қосылса да басы адамның басқаға,
Пәк махаббат тілемейді баспана.
Пәк махаббат қара жерге сіңбейді,
Сіңетіні көзден аққан жас қана.

193. Жанұям деп жанды ұрып,
Біз сияқты өсерсің.
Біз сияқты өтсеңдер,
Арманыңа жетерсің.
Жанұясыз жан үшін,
Махаббат, өмір бекерсің!

194. Қоқандағыш қатынға,
Қол тоқпақ жігіт есте ғой!
Махаббаттың атына,
Олар жүрген кеше ғой.



Опасыздан жақсы еді,
Жанұя бұзбай өтсе ғой!

195. Мынадай болса ұл-қыздар,
Жанұя тұрмақ ел бұзар.
Үлкенге бас имеген,
Өзінің жарын сүймеген,
Сырласуды білмеген,
Өзінен туған балаға,
Жарылып жаны күлмеген,
Жанжалдың отын үрлеген...

196. Жанұя мүшелерінің арасында ереже болсын. Жақында жүрсеңдер де жайыңнан хабарлы ет. Алыста жүрсең телефон жалға. Қонаққа барсаң мүмкіндік бар, уағдалы уақыттан қалма.

197. Сүймегенің сен оны қызғанбасаң,
Қызғаныштың тұзымен тұздалмасаң.
Мен несіне жігітпін, еркек болам,
Қызғанатын өзімді қызды алмасам.

198. Қызған сенде әйелдер (жауықпағын),
Жауыққаннан қатты ойлан,
қауіп барын.
Қызғаныштың көзіне құрт түспесін,
Пәлелердің аласың тауып бәрін.

199. Қызған шырақ,
Алайда алысты көр!
Адалдықты шындықтай қалыс білер.
Пәк махаббат, сабыр мен ақыл болса,
Шайтан қашып араңнан алыс жүрер.

200. Махаббатты мастықпен іздеме, жастықпен ізде. Жас махаббатың жабырқауға ұшыраса, әсте қастық іздеме. Қастық іздесең, өзіңе де, өзің сүйген адамыңа да қастық іздеген боласың.

201. Махаббатты тек жүрегімнің ішінде ғана деп білмей, бүкіл тіршілігімнің бір бөлігі деп біл! Ақылмен іздеген махаббат адамын табар. Көрсен қызар махаббат көңілден тез көтерілер. Қиялмен іздеген махаббат қиырға кетер.

202. Кекештен кетік сөз шығады, кекесінен кесірлі іс тез шығады. Кектенуден кетісу шығады, кешірімнен бітісу шығады.

203. Өз үйіне өзі жау деп нені айтамыз?

Меніңше, еркектер үшін төрт түрлі: Жатып ішер жалқау. Ел қолына қарағыш тілемсек. Араққұмар, жанұяның иесі екенін ұмытқан бұралқы ит сияқты қаңғыбастар.

Әйелдер үшін төрт түрлі: ұзатылып келсе де, кесірлі жүрісін тыймағандар. Өзімнің жанұям деп жаны ашымайтындар. Жанұясының жылтырағанын үстіне жамайтындар. Қолына іліккенін төркініне таситын ұры тышқандар.

204. Ұзатылып кеткен қызынан байлық пен ақша дәмектен, әрі солай істеген әке-шеше, қызының жанұясына түскен қызылқұрт. Қызың сол елге құтайсын, қадірлі ана болсын десең қызға берсең бер, қыздан алма!

205. Ер адамның жанұясында әйеліне көмектесуі міндет. Алайда осы заманда еркектің әйелге, әйелдің еркекке айналып кетуі індет.

206. Махаббат барлық жанұяға жол аша бермейді, жанұяңды қорғау да керек шығар. Рухани ауруға жақындасамын десең әйеліңнен ажырас! Ажырасуға еркек жауапкер, әйел себепкер.

207. Әкеңнің айбыны – даралығынан, шешенің ұлылығы – аналығынан. Әкенің айыбы – жанұясына жауапсыздық, шешенің айыбы – жанұясын жината білмеу. Ұлыңның ұлылығы – еркектік пен ерліктің ерекшелігін қалыптастыру.

208. Қызыңның ақылдылығы, екі бірдей елдің сүйікті баласы болу. Ел сыйлаған анасы болу.

209. Ақымақ әйелдің белгісі айғайға басқыш, байынан асқыш, өз мал-мүлкін өзі шашқыш. Өз ұятын өзі ашқыш, төркініне қашқыш келеді.

210. Екі өзен қосылса,
Теңіз бенен көл болар.
Ер мен әйел қосылса,
Тарау-тарау ел болар.
Қағына жауған нөсерден,
Қара нөпір сел қалар.
Қаңқулы сөз көп болса,
Қасиеттен не қалар?

211. Жанұя тек махаббат деп, өліп-өшкенмен ғана құралмайды. Адамдар талай жапаны бастан кешкеннен кейін ғана іргесі бекіген жанұяға айналады. Сондықтан жар табу жолы да алуан түрлі. Әзірше менің есімде қалған мына түрдің барлығына дайын болғанның пайдасы бар. Мысалы: сүйіп табу, ессіз күйіп табу, есепті табу, есептеймін деп есекті табу, зорлық арқылы табысу, т.б., барлығының өз жолы, азабы бар.

212. Ей еркектер,
Әйелің болса төрінде көсілесің.
Әйелің болмаса отыңды өшіресің.
Көрінген әйелге тесілесің.
Әйелмен бірге жүреді
еркектің несібесі,
Үйсіз-күйсіз болсаң,
Не күн кешіресің?
Әйелің болмаса, несіне есіресің?
Балалы болсаң,
Қатасы тұрмақ,
Қылмысын да кешіресің.
Күндіз жанжалдасып,
Кешке бірге шешінесің.

213. Ей әйелдер, біл соны!
Еркек емессің,
Әйел ғана жаратылысың.
Еркексіз әйел қаралысың, жаралысың.
Әйел пейішке барғысы келсе,
Еркегін сыйламаса бара алмайды.
Еркексіз әйелдің жанұясы,



Толық жанұя саналмайды.
Еркексіз әйел, әйел қасиетінен қалады.
Жаратушының осылай талабы.

214. Шұбар сұлу болмас па жүрегі бар,
жүрегін сүй,
Сүй-дағы гүл егіп ал.
Бір бітеудің сөзіме күлері бар.
Бір жігіттің ақ жолды тілеуі бар.
215. Пәк махаббат бітірер мұзға қанат.
Отызында оңбайды мұздаған от.
Қырықта баласы бар кемпірлерін,
Шалы жүрер әр күні қызға балап.
216. Шошыған үйрек ұшар түйдегімен
Жарандар тату боп жүр үйдегіңмен.
Татулық қашар болса үйлеріңнен,
Түртеді шайтан шаптан, бүйрегіңнен.
Балаңнан, айырыласың үйлеріңнен.



ҮШІНШІ БӨЛІМ

АДАМ ЖӘНЕ ПСИХИКА

217. Психология – адамды тану ғылымы. Ысылған психолог қарсы жағын оп- оңай мөлшерлей алады.

218. Егер адамда ақыл болмаса, хайуаннан парқы болмас еді. Орынды ойлары болмаса, адамдық нарқы болмайды. Сезімсіздің адамдық шарты толмайды. Егер адамда қиял болмаса, қуаныш та, жұбаныш та, қорқыныш та, ештеме де болмайды.

219. Халықтың қалаулы азаматы болам десең, ұлағатты істерді тындырамын десең, халықтың психологиясын қалыптастыр, үйрен. Ана сүтімен біткен ұлттың тілін анаңдай құрметте, салт-санасын сақта, ұлтыңнан айырылма, сонда ғана әкенің күшін, ананың сүтін ақтай аласың.

220. Адамдықтың белгісі ақылың мен мінезің. Адам болам десеңіз, осы екеуін түзегін.

221. Іші шіріген терек ештеңеге жарамайды.

222. Адам адамның өзі болуы керек. Басқалардың немесе қоғамның ас өткізетін өңеші ғана болса азғындай береді.

223. Алаяқта ақыл көп, өз ұлты мен халқына жүрегін берер мақұл жоқ. «Қудың құйрығы бір тұтам», қалар бір күн пақыр боп.

224. Ақкөңіл адам әрі ақылды, әрі ақылсыз, алайда сол адамға барлық адам жақынбыз. Ақымақтар ой тәуба, барлық іске мақұлсыз.

225. Ақылдыға ақша бітсе көңілі гүл ашады, ақылсызға ақша бітсе аузынан жын шашады.

226. Заманың осы жолды ұстанды ма,
Ұлтымнан намыс шіркін қысқарды ма.
Намысы өлтірмеді ұл мен қызды,
Қамысың өлтірмеді тышқанды да.

227. Ұры, қарақшы, маскүнемдер де адам, айырмашылығы – әдет жаман. Олар сол жамандыққа әдеттеніп алғандықтан адамшылықтан алшақ. Қазіргі заманның жемқорлары да, жемге кәнігіп алған әдет қалыптастырған.

228. Адамдар өзінің сапасын арттырамын десе, адам психологиясынан сауатты болмаса болмайды. Адам психологиясы адам туғанда бірге туады, адамның ержетуімен бірге жетіле бастайды. Біздің кітаптағы психология ғылымдарымыз, барды зерттеуге, қолданысқа түсіру мен адамның жаратылысында бар ғылымды барынша сапаландыруға арналған.

229. Адам жаратылысымен бірге қалыптасқан. Тәңір адамға тарту еткен психологиялық құбылыстар мыналар: түйсік, сезім, сана, ой, ақыл. Адам баласы тіршілік барысында алуан түрлі себептермен дара психикалық ерекшеліктер қалыптастырады. Мысал: мінез, әдет, ар-ұят, намыс, жігер, батыр, батыл, қорқақ, тартыншақ, жалқау, т.б. толып жатыр.

230. Адамды, қазақтың тігулі киіз үйі десек, түйсік – түңілік ашып жарық түсіру. Сезім – жан-жағын байқап білу (сезім өзіндік барысты бастан кешіреді). Сана – бақылаған құбылысты қабылдау барысы, ой-сананы тоғыту, електен өткізу барысы. Ақыл – отағасы, биі, билік айтады, шешім қабылдайды.

231. Жетелі ақыл жеті түнде ойға батырады, жетесіз ақыл ханның қара жолын да құйға батырады.

232. Адам психикаларының ішінде ойдың орны бөлек, ол ақылдың жаны бірге досындай, керек десе ақыл тежемінен шығып кеткіш, әрі асау әрі жалқау.

233. Жетелі ақыл жеті түнде де ойға батады, жетесіз ақыл ашық күнде құйға батады.

234. Ой обективті тіршілік. Тіршілік жолы ойпаң-тойпаң қия жол. Қия жолға жолықсаң, бос қиялды қия біл. Тары қауызына да сия біл, аңқаулық пен салақтықты тия біл.

235. Темекінің адам денсаулығына болған кері әсері дәлелденіп болған. Темекі үшін адам құмарланып тумайды. Темекі тарту адамдарда болатын әуес пен әдеттің нәтижесі. Жақсы әдеттерді қалыптастырсаң да, жаман әдетінді тастасаң да жеңімпазсың.

236. Ақылман дегендердің арасында ақымақтар да бар. Дәуір мен қоғамның, биліктің пайдасы үшін асыраған ақымақтар баршылық. Өмір өзгерсе, ақымақ пен ақылды атауы да өзгеріп тұрады. Өзгермейтіндер өзінің Отанына, ұлтына шын берілгендер.

237. Ақылдың тетік, тентек, сезгір, сенімді серігі мінез. Ақыл айтар жеріне мінезді жұмсап отырады. Текті, тәрбиелі мінез ақылдың айтқанын орындайды. Тентек теріс мінез бүлдіру қасиетіне ие. Ал жалқау мінез – жол ортада қорылға басады.

238. Есі адасқан адамдардан басқа адамдар ақылды мен ақылсыз деген екі жікке бөлінер. Ақылды адамдарда ар, ұят, арман, үміт, мұрат, жігер, қайрат сияқты психикалық қасиеттер мол болады, ақылсыздар керісінше.

239. Адамға май жинағаннан ой жинаған жақсы. Бұл адам мен хайуанның парқы.

240. Ақылды адам адамды да, ақшаны да таба алады. Ал ақылсыз адам екеуін де таба алмайды. Тіпті өзінің кім екенін де танығысы келмейді.

241. Асқан айлакерлік ақылдан келер. Алайда ол адамзаттың озық моралының орнын баспауға тиіс.

242. Ақыл, дарын, парасат адам баласында туа бітетін асыл қасиеттер. Адамның туа біткен асылдары әркімнің басында бола бермейді, асылын қорғап, дамыта білгендер нағыз адам.

243. Әдісің мен айлаң ақылдан туғанмен ол «әкесінен асып туған бала». Ол ақылдың және екі қолы.

244. Сана дегеніміз – ақылдың інісі, көмекшісі. Ақыл – адам ойының жүйелі көрінісі.

245. Надандық – сананың тоғышар көрінісі, адам сапасыздығының белгісі. Сол надандықтың сүйкімсіз мысалының бірі – сөз мәніне мән бермеу.

246. Ақыл ойдың қамбасы,
Қиял ойдың жалғасы.
Ақымақ деген ойсыздық,
Құдай басқа салмасын.

247. Ақылды адам арманшыл, ақылсыз адам жалғаншыл. Ой тереңдігіне тереңдік жетпейді, ой биіктігінен биіктік өтпейді. Таяз ойлар талтақшыл, жаны тәтті жалтақшыл. Шымыр ойлар мығымдағыш, қыңыр ойлар шыбындағыш келеді.

248. Шешен сөздің дәні ішінде,
Саналы ойдың мәні ішінде.
Шын сұлудың әрі ішінде,
Ақылдының бәрі ішінде

249. Адам көңілін аялауды білмейтін жаннан аяушылық күтпе, аярлық күт. Қара санадан қанішер шығады, ақ көңілден жанашыр шығады.

Құйынды боран көз жұмдырады, құтырған адам істі тез бүлдіреді. Қушікеш адамды тез күлдірер, көкейдегі ойды көбінше көз білдірер.

250. Аяр адам кекшіл келер, пысық адам епшіл келер.

251. Әдептілік – адам көңілінің гүлі,
Әдепсіздік – адам көңілінің жыны.

252. Алтынмен апталу кімге жараспайды? Алтын мен гауһар заттардың құндысы болса, адам психологиясының періштесі, жан сұлулығы мен тән сұлулығы.

253. Қиюы қашқан шелекке су тұрмайды, құрғақ қиял, қу ағашты суғарғанмен бірдей.

254. Ойы есіктен озбайтын адамдар етігінің басына қарап жүреді.

255. Алаңғасар дегеніміз – улы майға орап берсе де жей береді.

256. Ақымақтарды «олар ақымақ» дегенімізбен оларды да басқа біреудің керегі үшін ақылды деп мақтайтын ақымақтар табылады. Ол да, сен де, өз қажетіңді қанағаттандырған адамды ақылды санарсың.

257. Екібеткей ептілер,
Ойыма қолым жетті дер.
Олардың ойын көп білер,
Қатал шындық шыңғыртып,
Түбінде бір тепкілер.

258. Жақсы әдет – адам тіршілігіне жолдама береді. Сәтсіздіктен қалыс етеді. Зиянды әдет жамандықтың жол бастаушысы. Қанішерлікті әдет еткеннің көңілі күңіренумен өтер.

259. Қайғы мен құсаны жеңу – өзін де, өзгені де құтқара алатын батырлық.

260. Әдет туа қалыптаспайды, жүре қалыптасады. Жақсы әдет қалыптастыру үшін қажырлы жаттығу керек, жаман әдет жұқпалы ауру секілді.

261. Жақсыдан тудым деп мақтана берсең, жаман әдеттен сақтана алмайсың.

262. Темекі құмарлық пен арақкештік, ұрлық, затқа деген құмарлықтан емес, әдеттің кесірінен.

263. Сынықты салсаң
сипап отырып саларың,
Сынған көңілдің жарасын
сыйлап жүріп жазарсың.

264. Ақымаққа сайтан ереді, ақылдыға сайтан да сенеді.

264. Жылтыраған от жылу бермес, жымысқы ұстаз білім бермес. Есерсоқта ептілік болмас, жыртақайда тектілік болмас.

265. Психикалық аурусыз адам жоқ, физиологиялық ауруы барларды дәрігер емдейді, психологиялық ауруыңды өзің емдейсің.

266. Адам масқаралау топас көңілдің күн көрісі. Көркеуделік әрі өзіңді масқаралағандық.

267. Кеудемсоқ пен кесір адамның ала кашпа, психикалық кемістігі, адамның физиологиялық кемістігін бетіне басу арсыздық.

268. Ибалылық – имандылықтың белгісі.

270. Ұятын сата білген барлығын да сата береді. Ұлттық намысы мен сүйіспеншілдігі жоқ адам ұлтын сата біледі.

271. Көңілден сенім мен құрмет, сый жойылса, адамнан ұят қашады. Ондай адам қарақшылықтан қайтпайды.

272. Лаңкестер – жұқпалы психологиялық аурумен ауырған ауыр дерттің иесі. Мұсылман қауымының бетіне жағылған заман дертінің күйесі.

273. Барлығынан күдер үзгіштердің көңілі де, алды да, айналасы да тұман.

274. Психология ғылымы былай деп қарайды: адамзат өзі жасаған ортаның ықпалына пассив ілесуші болмастан, оған актив аңыс қайтаруға міндетті.

275. Достасуды да, жауласуды да білген адам – ақыл мен ойдың иесі. Жауласқанын досқа айналдыра алған адам – ақыл мен ойдың киесі.

276. Достық пен араздықты, керісу мен бітісуді, кетісу мен келісуді кек пен кешірімді, тағы-тағыларды өзара тоғыстырып, өз орнына жұмсай білген адамды ақылды да, айралы адамды психолог дейтін шығармыз. Алайда, психологты халқына берген пайдасымен өлшейміз.

277. Адам аурудан тозады, ақылдан азады. Азбаудың шарасы мына төрттің қосындысы болса керек: ақыл, білім, ғылым, мораль.

278. Өтірік өрбіген заманда өтірік пен шын тең болар. Тіпті шын өтірікке жем болар. Осылай бола берсе, халықтың қаны сел болар.

279. Тасқын суда сең болмас, халықтың қаһары тасқын судан кем болмас. Шындық шыңырау, асқар тау, ешнәрсе оған тең болмас.

280. Сүт ішкенде аппақ,
жерге төгілсе қара болады.
Адамның көңілі де аппақ,
табанға түссе жара болады.

281. Сиыр мінезді адамнан сый күтпе!

282. Қабағынан қар жауып тұратын адамның көңілі кейде жылан, кейде адам.

283. Өзімшіл, өркеуде, менменшіл болсаң, өзгелер де сені менсінбейді. Төршіл боламын десең, елшіл бол!

284. Көлкекке сенбе,
көзіңше күлкіге басады.
Басыңа көлеңке түссе,
өзің тұрмақ көлеңкеңнен қашады,
орайын тауып орныңды басады.

285. Олақ ұры, ұрлық жасаймын деп ит шулатады.

286. Істің аңдысын аңдыған алады, аңқау мен алкеуде құры қол қалады.

287. Теңіздің шетіне шыға алсаң да, ой мен қиялдың шетіне шығу мүмкін емес. Шексіз теңізді кеше беру кешелік. Есептеп істеткен ой мен қиял қолыңды есеге жеткізер, болмаса есіңнен кеткізер.

288. Ойды ойлау керек, мақсатқа жетпей қоймау керек. Ойың орынды, қиялың шындыққа сыйымды болсын.

289. Шайтан мен сайқалда арман болмайды.

290. Ой жолы ойпаң-тойпаң, әрі қия жол. Арманға жету үшін барыңды арнай біл, шолақ ойларды тыя біл, қажетті болса тарының қауызына сыя біл.

291. Ой сәттілігіне екі жол апарар: ақыл мен білім.

292. Талғамсыздың талабы тасқа тиер, арманы аяқта қалар.

293. Сүйдім сумаң, бұғынған жыланды да,
Жасырынған жамылған құрағымды.
Байқамасам жыланды өгіз болып,
Дайын болып сойысқа тұрамын ғой.

294. Құйрығын ұстатқан адамның көңілі құрбандық.

295. Қулық деген – ақыл деген сөз, қулықта бір керемет жатыр деген сөз. Жуас болып

біреуге шапаныңды алдырғанша, қу болып артыңа сөз қалтыр.

296. Адам жанын түсінбейтін адамнан өзіңді түсінуді талап ету – құрғақ құдыққа шелек салғанмен бірдей.

297. Қабаған ит қауіпті емес, қауіптілер – қаскүнемдер. Қастандық алыстан емес жақыннан, жаныңнан шығар. Қабаған ит аяқ астынан қаппайды, қаскөйлердің қауіптілігі тасадан тас ату.

298. Ез бен жалқаудың ер-тоқымы мойнына кеткіш келеді. Қыңыр сөзді қырсық шалғандар айтады. Жалқаудың сөзінің де, киімінің де жамауы көп болады.

299. Қамыққанда қай-қайдағыны ойлама, қамығудың қалай қалыптасқандығы мен қалай жеңеріңді ойла. Онан соң тәтті қиял мен сезімдерге бойла!

300. «Зекіп берген ас болмас», ас емес ол тас болар. Жақсы мен жақсы қас болмас, жаман мен жаман дос болмас.

301. Ақыру мен зекіру – өзінің құнын кетіру. Ақырғыш әдет ақылды қашырады, зеки беру – тәрбие қабылдаушының өшпенділігін асырады.

302. Ессіз есіріп күледі, ескеуілдеп сөйлейді. Өзінен басқаны есі жоқ деп біледі, біреулер үшін ит болып үреді.

303. Ақылы шала адам ақыл айтқыш келеді, кім кезіксе сындай береді, өзіне жаны ашыған адамды жындай көреді.

304. Қақпаң жабылмаса ұрың басынар, қатаңды танымасаң жының басынар.

305. Сырыңды сыртқа шашпа, ашық ауыз әдетінді таста. Адамдардың нағыз досы көп болмайды, сол достарыңда қызғаныш пен көреалмастық жоқ болмайды.

306. Байқау мен болжауға мән бергіш адамды басқалар оңайшылықпен алдай алмайды.

307. Түсінбей, зерттелмей берілген жақсы баға суға түсіп кеткен алтын жүзік.

308. Достарыңа сырыңды айтарсың, естіген сырыңды елекке салып шайқарсың. Досыңның саған деген ықылас пен ынтасын, көз көлемі мен бет-аузынан байқарсың. Сырым деп өсек айтсаң, ортадағы шайтансың.

309. Барлық адамда екі көз болады, таңғаларлығы талай адамдар көріп тұрған адамын «көре алмайды». Себеп психологиялық көздің әлсіздігінен.

310. Талант дегеніміз – ақылдың тума талғамынан туған ерекше жұмыс өнімінің сапасына қаратылса керек.

311. Психология үйренбегеннің, жұмыс бет-алысы бей-берекет.

312. Басыңда алуан ой болсын, көзің қырағы, айтылған сөздің, істелген істің сұрағы болсын. Сұрақсыз ой тұрақсыз, сергек ой сырапсыз.

313. Орынды күмән оң әдет.

314. Адамзат миының ойлау қабілеті арқылы ғана жер шарының иесі болып отыр. Хайуандар түрлер бойынша бір-біріне ұқсағанмен, адамдар мүлде олай емес. Адам жер шарында қанша болса, мінез-құлқы да сонша түрлі.

315. Ақымақты «ақымақ» дейміз, алайда ақымақтарды алдайтын адамдар да аз емес. Бұл заманда төрге отыра алған адамдардың бәрі арыстан мен данышпан. Арыстаның ақырса, шындықтың жағы қарысқан.

316. Адал адамның көңіл аспанында бұлт болмайды. Арамзаның өңінде жылт болмайды. Сабырсыздың өң-түсін бұлт торлайды, салақтың іргесіне құт қонбайды.

317. Иманы жоқтың адам баласын сыйлары жоқ, сыйсыздың көп ішіне сыйғаны жоқ.

318. Арманшыл мен үміткерлер аса алады тау-шыңнан. Барлығынан күдер үзушінің көңіл шамы таусылған.



319. Жаяу жүруді әдетке айналдырсаң, жалқаулықтан құтыласың.

320. «Әркімнің көңілі өзіне патша». Басыңда үйің, бауырыңда қазаның бүтін болса, патшалығың да, тағың да түгел деген сөз. Басқадан бақыт пен абырой қарастыру, қалдық теріп қаңғыған иттің күні.

321. Адамның көңілі қаншалық кең болса, кеңесшілері мен жанашыры соншалық көп болады.

322. Сені біреу ақылсыз десе шамданба. Ол сенің ақылыңның алдына шам көтеріп келіп тұрған шығар.

323. Қаннен-қаперсіз адам тіршіліктің құнын ойламас. Кейбір адамдар қашан туғанын да, өлетінін де ойламайтын шығар.

324. Мінезі орнықты адамның жұмысы тындырымды.

325. Сен асықпай атқанша, аң қашып кетпей ме?

326. Ұқыпсыз, қысыр, қиялшыл адам іш киімін кюдоді де ұмытып жүреді.

327. Ғасырлық дамулар адамдардың идеясы мен психологиясына белгілі секірістер мен өзгерістер жасайтындығы шындық болғанмен,

адамдардың рухани жаратылысы мен ұлттың салт-дәстүрі мен жаратылысына пәлендей өзгеріс жасауы мүмкін емес.

328. Еркіндікті көп аңсап, жалқаулықты өзіне жансерік еткен еркетотайлардан кесімді сөз, кесек үміт күту қиын.

329. Таңғы ұйқысы таусылмайтын еркектерден ез көп шығар.

330. Сергек еркек, айналасына да, әлемге де, әйелдерге де сәп салғыш келер.

331. Темекі тарту зиянды, ғажабы таңғы ұйқыдан ояна салып темекі шегетіндердің арасында қиялы арқылы өзінің жұмыс жоспарын жасайтындар баршылық.

332. Атыздағы тоғанның қыры болмаса суы қашады. Адамның айтуға болмайтын сыры болмаса қадірі қашады.

333. Айнаға қарасаң бойың түзелер, айналаға қарасаң ойың түзелер, халқыңа қарасаң өзің түзелесің.

334. Құйтұрқы адамның білген білімі де құм секілді. Табандылық пен тиянақтылықтан табыс мол.

335. Тасқын жұлған салынды,
Лай-батпаққа малынды.



Өлшей білсең бұл тағдыр,
Тасқыннан да арынды.
Тағдырыңмен таласып,
Сала біл, қалқам барыңды.
Таласпасаң тағдырмен,
Салындыдан ұқ халыңды.

336. Асығым алшы түссін десең, машығың
мұқият болсын!

337. Сасық қоңыздың сасығын шашуы,
кесірткінің құйрығын кесіп қашуы, өздерінің
жан сақтау заңы. Өзіңді алуан жақтан қор-
ғай біл, Тәңірім де: «Сақтансаң, сақтаймын»
деген екен.

338. Сыбызғыны сырын ұқсаң тарта аласың,
жатқа жақындассаң сыйласа аласың. Қоғамның
заңын білсең қоғамға қызмет ете аласың.

339. Қата мен сәтсіздігіңе өкіне білсең, алғы
арманыңа бекіне білесің. Өкінбесең сәтсіздіктің
сабағын алмасаң, аяғы күйген тауықтай бостан-
босқа секіре бересің.

340. Өкініш торығуды тудырмауға тиіс,
торығу, өміріңе топан су қаптатуы мүмкін.

341. Кешірім мен кеңдік, адамгершілік пен
елдік, келістік пен кемістік. Кешірімде тұрмау
рухани кемістік. Жалған кешірім жасырынған
жау.



342. Ақылы терең, сезімі сергек адамдар, өмірдің орынан орағытып өтер. Әңгүдік адам жығылар жеріне басқалардан бұрын жетер.

343. Жымсыманың ақылы жылтыраған шам сияқты. Жарығы кейде өзіне жетеді, кейде өзінің түбіне жетеді.

344. Жылпостарда да ақыл-айла бар, өзіне де аздап пайда бар. Бірақ пайдасының базары қайда бар?

345. Ақылың бар болса, қоймаға қойма. Адасқанға жол көрсет. Адасқанға жол сілтей алсаң, ақылды екендігіңнің белгісі сол.

346. Ақылды болсаң, басқалардан өзіңдей болуды талап етпе. Талап етсең ақылыңнан адасқандығың.

347. Адам баласының бойын билеп алатын сезімдердің ішінде сағыныштан тәтті, өкініштен ауыр сезім болмаса керек. Сағыныштың тәттілігі – сарғайта күттіреді, өкініштің ауыр болатыны – өзегінді өртейді.

348. Адамды ауыр ойдан, шаршаудан арашалайтын үш дәрі бар, ол: күлкі, әсем ән мен музыка, көркем поэзия.

349. Адам миындағы ақыл алты жақтан ағып келіп қосылып көл құраған мөлдір бұлақтар сияқты. Ол бұлақтар: тегің, әке-шешең, жасаған

ортаң, (қоғам, мектеп, айналаңдағы адамдар), өзіндік тәрбиенің (сапа) кемелді тұрмыстық шарт, жан-жақтылы игерген ғылыми білім.

350. Мейірімсіз адам қамқорлықты да, қорқытуды да сезінбейді, сезінген – сымақ болғандығы шарасыздығы. Мейірімсіздікті мейірімділікпен ғана емдеуге болар.

351. Көтеріп жүр басыңды,
Қайырып артқа шашыңды.
Лақтыр мұң мен ашуды,
Ойпаң-тойпаң бұл өмір,
Жолың қызыл-жасылды.

352. Кеуденді кек кернесе,
Мықтасаң мылтық оқтарсың.
Қастасың қанға боялса,
Өзің қайда тоқтарсың?

353. Нәпсімен адам оттайды,
Мешкей көңілге жоқ қайғы.
Ұятты білген жан болса,
Ар сотына тоқтайды.

354. Қазақтың қадірі аспандады десек, тамыры ұлттық қасиетінде, ұлттық психологиясында жатыр. Оның басты белгілері: ұлттық намыс, ұлттық ар-ұждан, ұлтын, ұлтының топырағын сүю, адамгершілік, мейір-шапағат қатарлылар.

355. Қазақ арасында дау көп болса да, қазақтар бір-біріне жау болмаған. Бір-бірінің

қанын төгетіндей соғыс аспаған. Мұны осы ұлттың озық ұлттық психологиясы белгілеген.

356. Мұқияттылық әрқандай жұмысыңа пайдалы. Мұқиятсыз адамның қалтасының түбі тесік.

357. Білгеніңе мақтан, білмей тұрып мақтанудан сақтан. Мақтау сүймейтін адам жоқ, мақтанудың жолын түсінбейтін сараң көп. Жұмысың жемісті де жеңісті болса мақтанбауға шараң жоқ.

358. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», басқаларды орнымен мақтай білсең, сенің жақсылығыңды да, сені де басқалар есінде сақтай біледі.

359. Ашық-жарқындық адам көңілінің қадір-қымбаты, қара ниет – адам көңілінің қиянаты.

360. Бетіңе біреу мақтаса «рахмет» деп күліп қой, томсыраю топастық. Алайда мақтауының мақсатын да байқарсың.

361. Жаралған соң адам боп,
Адаммын деп айтарсың.
Кезі-кезі келгенде,
Адам емес шайтансың.
Адам мен шайтан болмаса,
Адамды қайтіп байқарсың.

362. Адам баласының адам баласына еткен жақсылығын ұмыту мына үш жақтан болар: буланып ұмыту, қуланып ұмыту, ұмытшақтықтан ұмыту.

363. Ойлау әдісің адамдық сапаңды белгілейді. Ой олақтығың қатаңды белгілейді.

364. Момын, аңқау қатынға ғашықтар емес, кәззаптар әуес.

365. Қылышыңды ұр!
Көңіліңнің тауы барда.
Абайлап ұр,
Бір пәле тауып алма!
Адам жаны тіріде сыйға мұқтаж,
Сыйсыз жүрек жаныңмен жауығады.

366. Ауыр сөзді деу қиын ауыр алма,
Көңіл деген төзбейді дауылдарға.
Ел көңілінің өзіндік асқары бар,
Аспан тілдес көңіліңнің тауы барда.

367. Сәби жандарда өкпе де, қастық та болмайды. Сәби жанды адамдар мен ақкөңіл адамдар басшы болғанымен, соншалықты бір мықты басшы бола алмайды.

369. Адамзат көңілінің жегі құрты көңіл таршылығы.

370. Адамның көңіл астамшылығы екі көзін соқыр етеді.



371. Ей арман, құба құмдай мешкейсің-ау,
Бұлаңдап қу түлкідей өскен сұм-ау!
Болсаң да қанша мешкей, қанша зәлім,
Адамның санасынан өскенсің-ау!

372. Мешкей көңіл тойымсыздың дорбасы,
Өшкен көңіл ерімейтін қорғасын.

373. Адам жаны «жаныммен» семіреді,
Тектілігің әз-ұлтым тегінде еді.
Таңдаған текең босқа бақылдаса,
Жаныңды осы жағы кеміреді.

374. Бояудың оңбағы оңай, жасандылық
пен жымсымалықтың жасырынбағы қиын.

375. Жуас адамның жалпы сипаты: қой, өгіз,
түйеге ұқсайды.

376. Адамдар психикасының тұрақсызды-
ғы мен ой жетімдігі, табансыздықты тудырады.
Табансыздың табаны тайғақ келеді. Қайрат
пен жігер сынды екі батырдың қолын байлап
береді. Жалқаулық табансызды алдына салып
айдап келеді.

377. Орынды мақтан – жауыңды жасытады,
дос көңілін тасытады. Орынсыз мақтан – до-
сыңды қашырады, жаудың қулығын асырады,
соңында өзіңнің артың ашылады.

378. Тауып айтқан өтірік шыннан артық,
өтірікші, алаяқ сұмнан артық.

379. Ақымақтың санын ешкім есептемеген шығар, менің есебімше «ақымақ» төрт түрлі болса керек: жас болса қартайатынын білмейтін ақымақ, сау болса ауыратынын ойламайтын ақымақ, биліктің басында тұра бермейтінін есіне алмайтын ақымақ, қартайса өлетінін ойламайтын ақымақ.

380. Адамдар өзі арнаулы шақырып алатын екі ақымақтық бар, бірі, ақшалы бола қалса, екіншісі, билікке отыра қалса, «ақылды болғандығым үшін осылай» деп ойлайтын ақымақтар.

381. Талайлар «Өз ақылым өзіме жетеді» деп өкірештеп өтеді, енді біреулердің ақылды іздеумен күні кетеді, кейінгісі адам, алдыңғысы надан.

382. Тектімін деп тепсінетіннен,
Талғамсыз кексінетіннен,
«Кемеңгермін» деп кердеңдейтіннен,
Шешенсініп сөз бермейтіннен,
«Бастықпын» деп бақыра беретіннен,
«Батырмын» деп ақыра беретіннен,
«Ақынмын» деп өз атын өзі
шақыра беретіннен сақта!

383. Даңғойдың дауында дәлел болмайды. Ондай дауды жемқор қолдайды, досыңның басы ауырады, қулар құлқынын тарсылдатады.

384. Ақыл мен көңілден тек кетсе, қараған көзіңнен, сөйлеген сөзіңнен, қолыңдағы жұмысыңнан да еп кетеді.

385. Жүз кісінің ақылы жүзі қалың адамның жұмырына жұқ болмайды.

386. Құрмет көрмей өскен құлда, аяушылық сезім болмайды. Мүмкін, қатігездік пен қастандықтың қанды қылышы солардың қолынан табылар.

387. Хайуандардың да әлсіз тұсы болады, атқа ауыздық салмасаң ырқыңа көндіре алмайсың, демек, әлсіз тұсы езуі. Өгіздің әлсіз тұсы мұрыны.

388. Сиырдың кемшілігі – «сипағанды білмеу».

389. Сиырдың жақсылығы – ақ сүтін аямау.

390. Жылқының кемшілігі – арығында адамға жақын, ет бітсе едіреңдей қалғыш.

391. Жылқының артықшылығы – «мінсең ат, ұшсаң қанат». Жақсы ат, ажалдан алып қалады, жаман дос жауыңды үйіңе бастайды.

392. Қойдың кемшілігі – сойып жатса да үн шығармау.

393. Ешкінің кемшілігі – секеңдеу мен шыдамсыздық.

394. Түйенің артықшылығы – «нар жолында жүк қалмайды», кемшілігі – иесін танымайды.

395. Иттің кемшілігі – ас бергенге адал болу, жақсылығы – өз үйін өзі қорғай білу.

396. Қоянның кемшілігі – қорқақтық пен ұрпаққа жауапкерсіздік.

397. Түлкінің артықшылығы – сергектік.

398. Қасқырдың таңдаулы қасиеттері көп-ақ, таңдаулысының ішіндегі таңдаулысы өз тауынан өзі өлсе де қашпау.

399. Есектің есектігі үйі де, үйірі де, өрісі де болмауы.

400. Екі көздің кемшілігі – бірін-бірі көре алмау.

401. Ауыздың кемшілігі – біреудің асына сілекейін шұбырту.

402. Қолдың кемшілігі – мықты ұстамау.

403. Аяқтың кемшілігі – боқ басып алу.

404. Мұрынның артықшылығы – иісті ажырату.

405. Беттің жақсылығы – ұялу, антұрғандығы – екібеткейлік.

406. Жүректің кемшілігі – тоқтау, сонан соң – соқпау.

407. Ит құйрығын бұлғаңдатуды қашан үйренген? Адам итті қашан қолға үйреткен болса, дәл сол кезде үйренген.

408. Адамның жүрегі қанша түрлі соғады екен? Адамның жүрегі адамның мінез-құлқына қарай соғатын шығар, меніңше, жер шарында адам қанша болса, адамның мінез-құлқы да сонша болады.

409. Көзің күліп тұрса, басқалардың көзінен ала көзді көрмейсің. Сен қараған сол көзден өзіңді де көргейсің.

410. Басқалар мені түсінсін десең, басқалардың ой-дүниесін зерттеуге тырыс. Немесе зертте, өз атыңды өзің жөндеп ертте.

411. Тартыншақ тана болма, ержеткенде де бала болма, мұқият бол, шала болма!

412. Шіркін, адамның көзі күн сияқты, қабағы ай сияқты, көңілі гүл сияқты, ойы кең жайлау сияқты, ақылы асқар тау сияқты болсашы!

413. Көреген ой көпті көреді. Ақылы асқар болса, аспан мен жердің барлығын көреді. Көреген ой, көк тіледі.

414. Жетелі ақыл жеткізер, жетесіз ақыл ол да бір күнін өткізер, жанашырыңды жаныңнан кеткізер.

415. Батырлық пен батылдық жігіттің сәні, өміріңнің мәні. Батыр болсаң батыр бол, аңғал болма, батыл болсаң батыл бол, сандал болма!



ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

АДАМ ЖӘНЕ ӨМІР

416. Өмір деген аққан су
қайталанбас артына,
Борыш деген тіккен ту
көтермектің қиыны-ай!

417. Сенім – өмірдің бір түрлі серті. Сенімі жоқтың сезімі жоқ. Сезімі жоқтың ақыл-ойы кедей. Аллаға сенуіміз керек. Аллаға сенудің, табынудың өзіндік тәртібі мен амалы, нәтижесі болу керек деп ойлаймын. Ұлты мен отанына зиянды әрекет – ел үшін пәлекет.

418. Адам баласы өзінің өмірінде, ақылымен адам. Әдіс айласымен құнды, құлқынымен жауыз, нәпсісімен хайуан.

419. Барлық нәрсе тегіне тартады, әрі қайтады. Адам тек адам болып жасай алады, басқа болып жасағысы келсе де адамдық тұрқын өзгерте алмайды, ұлт та осылай.

420.

Ой салар деп ойлаймын
кедей менен байға да,
Шебер болсаң шешерсің дауға толы айнала.
Өмір өзі тоқытқан өрнегін жалғап тоқырсың,
Өмір деген жол емес сен жүретін жай ғана.

421. Сен өмірді қаншалық түсінсең, сүйсең,
өмір де сені солай етеді. Өмірден күдер үзу-
шілер мен түңілушілердің өмірге не қажеті бар?
Бақ пен соруың егіз екені рас, десек те арман мен
үмітін егіз етіп ұмтылған адамға, өмір шіркіннің
берері де теңіз.

422. Қоғам құтырса, адамы да құтырады.
Қоғам мен өмірдің қасіретін халқынан көрген
патшаның қақ басына қамшымен салудан басқа
шара жоқ.

423. Сауатсыз ұлтта надан көп, надан жұртта
жүйесіз, заңсыз адам көп.

424. Өмірде тірі болып жүрген соң сәнді де,
мәнді өмір керек. Ол үшін осы заманауи ғылым
мен білім керек.

425. Ұсақшыл болсаң өмірде,
Жар астында жүргенің.
Алысты көрсең көңілмен,
Нар мінуді білгенің.

426. Кедейшілік өмір кербәққан қоғам мен
адамның туындысы. Кедейшіліктен құтылу
адамның адамдық борышы.

427. Өмір жөнінде түсінігі жоқ адамның, көрген түсі де тамтықсыз.

428. Көшеде жүрсең де, ұшақпен ұшсаң да, қайда барып қайда тұрсаң да айналаңа зер салуды әдетке айналдыр, пайдасы зор.

429. Ішің тар болса, ел мейіріне зар боларсың. «Кең болсаң кем болмайсың», басқалармен тең бол. Сауатсыз, жуас болсаң, басқаларға жем боласың. Пысық, қағылез, білімді, ғылымды болсаң, бір топ ел боласың.

430. Биік асудан асамын десең, сенімің мен жігерің асудан биік болсын.

431. Бақыт деген не? Меніңше, сенің тіршілігіңнің бекеттерінде жолыққан қуанышың мен жемісті жұмыстарыңның тойы. Бақыттың мөлшерін табиғатыңның, талантыңның жаратқан нәтижелеріңнің сапасы белгілейді.

432. Ырыс та, бақыт та адамдарды таңдап, үйіне кіріп, ойын түсініп, басына қонатын құс. Бабын тапсаң сенікі, таба алмасаң бабын тапқан адамға ұшып кетеді. Бақыт пен ырыстың үркетіні – кесір мен талтаң, жалқаулық.

433. Жалқаулықтың жазылмас жаралары: өзін-өзі құрмет етпеу, өзін-өзі сүймеу, өзін-өзі білмеу, өзін-өзі сұрамау, ұялу дегенді ұмыту.

434. Өзіңнің тіршілігіңді өзің ретке сал, басқа адамға сүйеніп жан қиналыссыз жалғандық-

пен жиған мал-дүниенің ұзаққа бармас. Ол әдемі көбелек немесе байдан байға ауысқан сұлу келіншек сияқты.

435. Қалаға кір, қапысын тапсаң, мінезіңмен жақсаң, ақылыңмен әдісін тапсаң, қалтаң қалыңдайды.

436. Байлық балпаңдатар, кедейлік жалтаңдатар. Ойы мен діні таза кедей ұмтылса – байлық соныкі. Еңбекпен, ақылмен тапқан байлық иесі – елдің пірі, арам байлық – қолдың кірі. Алаңсыз байлық – адалдықтан келер. Әтуерсіз байлық арамдықтан келер. Аспаннан түскен байлыққа кім сенер?

437. Дұшпаның мен досың кері пропорционал, дұшпаның қанша аз болса, досың сонша көп болар.

418. Қонақ шақыруды ретіне келтіре алмаған адам, қотарып жұмыс тындыра алмауы мүмкін.

419. Артым ашылсын десең, көрінгенді жаманда!

420. «Тумысы жаман туғанын жамандайды», аңсары басқаға ауған еркек жарын жамандайды. Дала безген еркек қатыны мен баласын қосып жамандайды, адамша сөйлеп хайуанша өмір кешсе, одан өтпес жаман қайғы.

421. Ит қанша пәле болса да, арыстан болмас. Ат жүйрік болса, жарыстан қалмас.

422. Жақсы сөздің барлығы нақыл емес. Білімнің барлығы ақыл емес, өлең жазғанның барлығы ақын емес. Туыспыз дегеннің барлығы жақын емес, кедей болғанның барлығы пақыр емес. Өмір деген қайшылық, бір-бірімен жасайтын батыл егес.

423. Белгілі дінге сенбейтін, белгілі идеяны қабылдамайтын адамдардың өмірлік болмысы, тек тауықтың тіршілік жолы сияқты болса керек.

424. Ай мен күн алыс болғанмен, қалайда көре аласың. Адамгершіліктің жолы да алыс, әрі жақын. Жақын болатыны – күнде бірге боласың, одан жақсы ешнәрсе жоқтай сезіледі. Алыс болатыны – өмір бойы оның шегіне жетуге ұмтылыс жасаумен боласың.

425. Байлық пен барлыққа кенелсең, кердеңдеп кетеуінді кетірме. Кедей мен кемді жетеле, аулыңа көпір, жол салсаң өзің өмір кешкен қоғамға азаматтық парызың өтелер.

426. Адамға жаны ашымайтын, қорланушыға қорған болуды қаламайтын адамдар не қаныпезер, не қоян жүрек.

427. Өмірдің жолы тау жолы, тау жолын қалай басу сенің таңдауың. Осы жолды баспауың мүмкін емес, асуын асасың, жолын

басасың. Адам тұрып, неге жолдан қашасың?
Қашсаң қақпан басасың.

428. Қартайдым деп зарласаң,
Зарыңды кімдер тыңдайды?
Барар жерің әне тұр.
Қолын бұлғап ымдайды.
Кәрілер жасты жамандап,
Басқан ізін былғайды.
Ұлықтасаң ұрпақты,
Ұрпақ сені сыйлайды.
Алыс қалды-ау арасы,
Жанымды осы қинайды.

429. Өміріңнің жолында жан-жағыңды
байқарсың, алтынды да шайқарсың. Кейде
разы, кейде наразы бола жүріп, кейде күліп,
кейде күңірене жүріп өмірден де қайтарсың.
Қалдырған ізің мен тындырған ісің арқылы
кейінгі ұрпаққа кім болғаныңды айтарсың.

430. Адамша соқтыр жүректі,
Болмаса сен де шайтансың.
Жүрек пен білек тең болсын,
Өмірдің мәнін байқарсың.

431. Тойсыз жүрсең тойсыз жүр,
ойсыз жүрме,
Адамша күл шырағым, ойсыз күлме.

432. Қараңғының аты қараңғы, жарық де-
ген жарық қой!

Осы адамзат ақылын, жарық пен қараң-
ғыдан алыпты.

433. Ащы тер арқылы тапқан тамағың, тіршіліктің нәріне ұқсайды. Тер ақпай тапқан тамақ, жалған дәріге ұқсайды.

434. Жан-жағына қарамай жүгірген тамға соғылады. Ойсыз ұмтылыс омақастырады.

435. Көрінгеннен қорыққан қорадан шықпас, аймақ тұрмақ, ауылда не болып жатқанын ұқпас. Еркек үйкүшік болса қатын болар, азамат, атыңа мін, арманыңа қарай шап, артыңда атың қалар.

436. Өлеңді жаттай берген ақын болар, «қорқақты қуа берсе, батыр болар». Жаттықпаған әскер жауға жарамас, жатылмаған тіл дауға жарамас.

437. Көк балақ көкпаршының аты арық, күтінген жігіттің алды жарық.

438. Өміріңе, тұрмысыңа қанағатшылсың ба? Өз басым, қанағат қарын аштырады, ілгері кетер ісінді кері бастырады дер едім. Топан су тобығынан келмейтін топастың жалғыз аты арам өлер. Қолыңдағы барға қанағат етсең, ертеңгі асыңды кім берер?

439. Өмірің қуаныш пен жеңіске толы болсын, толы болу үшін толғақты ой керек. Жұбанышқа жолықсаң жұқарып кетпе, қиындыққа кезіксең мұқалып кетпе! Адамның көнбейтіні болмайды, жеңбейтіні де болмайды.

440. Адам үшін өмірдің арты қысқа, алды ұзын. Бүгінгі өмірің ертең оралмайды. Ертеңгі өмірің болашақ өмірің емес. Өмір жолы сен ойлағандай түзу емес. Өмірдің өз заңын білмесең, ол сені қатал тағдырмен қарсы алуы мүмкін.

441. «Епті адам екі асайды», епсіз ерніндегісінен айырылады. Мұқият адам көп жасар, мұқиятсыз жүрген жерінен де, көрген жерінен де адасып сасар, бір жүретін жолын екі басар.

442. Тасты етектен өрге домалата алмайсың, алуан істің алуан ыңғайы бар.

443. Атқан таңнан айналайын, таң адамзаттың қимылының бастаушысы. Батқан күннен айналайын, түн адамзат денсаулығының сақтаушысы.

444. Қорқыныштың қуанышқа ауысуы адам рухының жеңісін білдірер, қуаныштың қорқынышқа ауысуы жеңілісті білдірер. Өмірдің ойпаң-тойпаңынан қорықпа да, торықпа, «қорыққанға қос көрінер». Сабыр мен ақылға ерік берсең, есің кірер.

445. Уақыт – таразы. Ол – адамдық қасиетіңнің салмағын өлшей алады. Уақыт – сыншы. Ол – сенің қайратыңды қайрап, қатеңді қайталамауға бұйырады. Уақыт – емші. Ол – адамдардың рухани ауруларының емін таба алады, есін жиюына орай береді.

446. Уақытты қадірлемейтіндердің адамдықы кісілігі де, уақыт туралы түсінігі де кемшіл.

447. Қоғамдық түзім тозғын болса, халық тұрмысы да тозғын болар. «Жері байдың елі бай», шонжарлары бай болса, елі жүрер жарымай.

448. Кімдер жүрмес бол жолда бұл өңірде?
Кім жеткісі келмейді гүл өмірге?
Жығылып та, сүрініп жол табасың,
Бұл өзі шын үйлесу шын өмірге.

449. Жығылсаң жығылған жерден тұрып кет!
Қарғып тұр, сүйретілме, кезің емес тұруды үйрететін.
Жалтақтамай жүріп кет, не үшін жығылғаныңды да біліп кет.

450. Жығылған болсаң жасыма!
Асу ассаң тасыма.
Тірлікте асу таусылмас,
Талай іс келер басыңа.
Аса алмайтын тау болмас,
Ақыл мен қайрат қосылса.
Азамат жолы ашылар,
Өмірден шашу шашылса.

451. Жүрелеп жүріп те адамдар жүзге келе алады.
Көп жаса, көп жұмыс тындыратын бол.
Отызыңда орда бұзбасаң, елуде ел бастаудан дәметпе.

452. Өмір мен қоғам жалғыз саған ғана тән емес,
тек өзіңнің өмірің ғана өзіңдікі.

Өзің жаратқан өміріңнің қадір-қымбаты ғана өзіңдікі.

453. Өмір заңын білем десең, алдың мен артыңа қара, көп жасаған қартыңа қара.

454. Кәкір-шүкір істерге айналсоқтап, әдеттенген адамның тындырған жұмысы да кәкір-шүкір болар.

455. Егер сен: «менің қателігім болған емес» деп тұрып алсаң, онда сені жындылар емханасына апаруға тура келеді.

456. Жан бағу – бірінші, жұмыс таңдап таз болма.

457. Қайсарлық пен сенім, білім, өзінің жолын аршуда бірін-бірі толықтайды.

458. Заман тозаңын жолатпаймын десең, өзіңді әруақыт қағып-сілкіп тұр.

459. Жігіттің бағасы – мінген атымен, ертоқымынан. Әйелдің бағасы – ұстаған үйінен. Саудагердің бағасы – пайдасынан. Ұстаздың бағасы – шәкіртінен. Басшының бағасы – бастаған елінен байқалады.

460. «Қарттық жаспен өлшенбесе», жастық немен өлшенер?

Қарт боласың амал не, шынайы қарттық келсе егер.

Тісіңді санап қартпын де, ісіңді санап жаспын де.

461. Алтын мен гауһарды табу қиын десек,
адамның көңілін табу одан кем түспес.

462. Өзіңді жұртқа мойындатамын десең,
жұрт мойындайтын нәтижең болсын. Жұрт-
тың жүгін басқалардан артық көтер, басқа-
лардан асуды ғана ойлама, еңбегіңді көптің
мойындауын ойла.

463. Жетекке жүрмеген адамнан
мал жақсы,
Жетесіз жігіттен шал жақсы.

464. Өмір өзегіңді өртесе, өртене берсең
күл боласың. Өртті өшіре білсең, өмірмен бір
боласың.

465. Жемқор болғың келсе, мансапқор, жа-
ғымпаз, алаөкпе, адам баласына жаны ашымас
безбүйрек бұзақы, надан бол!

466. Аллаға сала айтайын, тіршілік дүниесін
жаннатқа айналдыруға адал көңілімен кіріскен
адамның пәни дүниенің де, бақи дүниесінің
жаннатында орны дайын болар.

467. Төрт мүшең сап-сау тұрып кедей бол-
саң, Алла да разы болмас-ау! Тіршілігінде
«тозақта» өмір сүрген адамдар, бақи дүниеде
тозақта болғаны жөн.

468. Қатасыз адам болмас, қаталықтың үл-
кені мен қауіптісі – қатені қайталайтын әдет.

469.

Батырдың өлмейтіні – ел қорғаны болғаны,
Ақынның өлмейтіні – алтын сөздің толғамы.
Биліктің өлмейтіні – әділеттің қорғаны,
Ақылдың өлмейтіні – еліне берген мол нәрі.

470. Өскен ортаң мен еліңнің жөнін түсінгің келсе, ел тілегін тілеген ерлеріне қара, тірлігі мен бірлігіне қара!

471. Қызмет дегеніміз – өміріңнің бақшасы, тіршіліктің ақшасы, нәтижеңнің тақтасы.

472. «Уақытым жетпейді» деген сөз – бір-түрлі жалқаулық психикадан туған өтірік.

473. Ең ауыр күнәнің бірі, көптің уақытына қиянат ету.

474. Басқалардың білімін, жаңалығын малдансаң, ол да саған мал. Алайда ол дарының мен арыныңа жәрдемші ғана. Елін, ұлтын, өзін сүйе білген азамат ұмтылысқа құмар болғаны жөн, барлық табыс пен жеңіс саған тән.

475. Адамдар: біліп, жүріп, күліп өмір сүруге міндетті. Бұл үшеуінің бірі кем болса, төрт мүшенің бірі кем болған сияқты болады. Білу дегеніміз – ғылым. Жүру дегеніміз – еңбек. Күлу дегеніміз – рухани көңілділік.

476. Адам баласының басына ой орнамаса, санасы жарық жаққа бейім болмаса, білімі көп болғанымен өмір кешу заңдылығынан білгені

мардымсыз болады. Міне, бұл «оқығанмен тоқымады» деген сөз.

477. Кедей елден кербакқан істер көп шығады. Алла мен апат атаған кедейліктен басқа кедейліктің тамыры, ақылсыздық пен сауатсыздықта жатыр.

478.

Өкпелесең өкпеле, ағайынға өкпе жарасқан,
Сол өкпенді әйтеуір ала алмайсың Алаштан.
Өкпелесіп қайтерсің, болмашыға бұлданып,
Жетеді бізге қара жер, төбедегі көк аспан.

479. Надан адам даукес келер, мінезі шәлкес келер, жанындағы адамның жақсылығымен жауласар. Аузынан шыққан сөзі көбінше адамдарды айыптауға әуес.

480. Бай адам қалтасымен бай бола алмас,
Төрт түлігі мәңгілік сай бола алмас.
Байлығын өз бабында істетпесе,
Қашанда көңіл-күйі жай бола алмас.

481. Жаныңды қорғау үшін атом бомбасынан тапаншаң абзал.

482. Үштен қорық!

«Алладан қорықпағанның
иманы жоқ»,
Әке-шешеден именбегеннің –
ел арасына сыйғаны жоқ,
Халықтан қорықпасаң –
халық қарғысы сыйлайды оқ.



483. Шындап айтылған шын сөз –
тайға басқан таңбадай.
Құйқылжытып айтқан сөз –
лап етіп қурай жанғандай.
484. Ойың кедей болса, үйің кедей болмақ.
Ойың өрісті болса,
тұрмысың келісті болмақ.
485. Өртенген өрістің өрт иісі
ай аттаса да білінеді,
Өртке кеткен өсімдіктің тамыры
ай аттаса, қайтадан көктейді.
486. Түлкі қақпаннан айналып өтсе де,
ажалдан айналып өте алмайды.
487. Өлшеусіз желінген тамақ
асқазанды бұзады,
Өлшеусіз айтылған мадақ
абыройыңды бұзады.
488. Бір күн өтсе, бір шырақтың сөнгені,
Бір жыл өтсе, ажалдың бір адым
жақын келгені.
Он жыл өтсе, өмірдің опырыла семгені,
Елу жыл өтсе,
өмірді аударып тұрып бергенің.
Жүз жасасаң жасай бер,
немене екен сенгенің?
Өнеге қалса ұрпаққа,
мың жылда да өлмедің.

489. Жақыныңды жаныңа тарт,
атыңа дақ салмасын,
Емінгіш жақын алдыңа
көлденең жатып алмасын.
Жақсылығың жағаңды
жыртатын кез де болады,
Жақсыларға сол кезді
құдай басқа салмасын.

490. Ақиқатты айтар болсаң,
аға-бауыр өкпелейді,
Дос бұлданып:
«дос болыппын текке», – дейді.
Қатын-балаң қаталданып:
«тұрмаймысың шетте», – дейді.
Бастық біткен бақырады:
«тебем, сені көтке», – дейді.

491. Айтпасақ ақиқат өледі, жігерің құм, ар-
маның күл болады.

492. Қонақ болуды біліп, қонақ күтуді білме-
ген адам, не дайыншы, не қайыршы.

493. Жаңбыр суы жиналса көл болады,
Жиналған су жан бітірер.
Көл бұзылса сел болады,
Селдің суы жанға жау.

494. Қазаннан төгілген ас былғанады. Енді-
гәрі ас болудан қалады. Жұмсауға жарамаған
алтының, керекті тастан құны кем.

495. Бұл өмір кете бермес салғызып ән,
Ақырып аю шығар алдыңыздан.
Абайласаң барлығын жеңер едің,
Халықтың қатарынан қалғызудан.

496. Сенімен бірге біреу гүл тереді,
Көңілі мүмкін оның бүркемелі.
Бастан бақ тайған кезде
шошқадай қып,
Ол сені сидалы орға итереді.

497. Адамды Құдай жылатқан жаман.
Адамды адам жылатқаннан құтылуға болады.
Жазықты болып жыласаң, лайықты жазанды
өтеп қайтарсың. Алла кәріне жолықсаң, онда
неңді айтарсың?

498. Тоқтамайтын құйын жоқ. Соға берер
жел де жоқ. Жүгенсіз жаралған пенде жоқ.
Жүгенсіз кеткен адам ата-анаға да, қоғамға да
жүк. Адамдарға жүген емес, кісен түскеннен
Алла сақтасын!

499. «Заманың түлкі болса, қыран болып
шал!» Осы таразыға заман адамдары өздеріңді
сал!

500. Сүйдім сені гүл қала, сұлу дала,
Сұлулыққа ашкөз жүр сұғын қадап.
Гүлім барда сұлу ем өзім-дағы,
Гүл ұшқан соң қарттықтың сұрын қара!

501. Талай пенде көңіл тауын кеш көрер,
Талай жанға күн батпай-ақ кеш кірер.



Айдынды ақыл, мұратты өмір,
нұр тарих,
Сұңқарлар мен тұлпарлардан естілер.

502. Өмірдің өзі шешімі қиын әрі оңай,
таусылмас жұмбақ. Сен бар өміріңде осы
жұмбақты шешумен боласың. Сен таусылғанда
жұмбақ та таусылады.

503. Тіршілік деген тыртаңдап,
таласа жүріп өтпей ме?
Өлмейтіндей болған талай жан
жүз жасқа да жетпейді.
Еңбекшіл, өршіл өмірден,
жемістің бүрі көктейді,
Қашасың досым қайқаңдап
бейнеттен неге беткейге?
Азамат күші еліне,
нар болып неге шөкпейсің!

504. Өзінің ата-бабасын, ұлтын кем көрген-
дерден жемеңгер көп шығар, кемеңгер шықпас.

505. Халық пен мемлекетке жаны ашы-
майтын жемқорлар, ұятсыз қарақшы.

506. Сүйдім, сүйем өмірді, ажалды да,
Барлығы да жүр менің назарымда.
Бармай тұрып дөңдегі мазарыңа,
Қыздырайын тірліктің базарын да.

507. Жауын жойғандар батыр шығар,
Жауын бағындыру,
батыр басындағы ақыл шығар.

Жауыңмен де елдесу,
адамзаттық ақың шығар.

508. Бір шымшым тұз асыңа дәм келтірер,
Бір уыс тұз асыңнан мән кетірер.
Бір ауыз сөз көңілге жан бітірер,
Бір ауыз сөз аузыңа қан келтірер.

509. Күнделікті өмір кешуді, ережеге салып
алатын адамда ұлылық та бар шығар. Жан-
жағына шашатын жылулығы қаншалық екен ә?..

510. Адамдарды «жақсы адам», «жаман
адам» деп сапқа тұрғызуға бапандаймыз. Өзіңе
баға айтшы десе қабак түйіп, бата алмаймыз.

511. Тірілерден артық сыйлап сағынатын
марқұмдар, өлдіге жатпайды. Қайта оның әрбір
сөзін қалың елі есінде жаттайды. Оларды біз
ұлы адамдар дейміз. Ұлы адамдарды көңілінде
ұрлығы бар «ұлылар» даттайды. Ұлы адамның
әруағы алдында ұрлығым ашылып қала ма деп,
өзінің атағын өзі шақырып тыным таппайды.

512. Өзіндегінің бәрін қара басының қамы-
на арнаған өмір, адамдарға, олардың тіршілігі
таусылып бара жатқандай сезіледі де, олар
күнде өліп, күнде тіріледі.

513. Бояп қойсам шашымды көмір дейсің,
Оның сырын не біліп, не білмейсің.
Мені алдаған өмірді мен де алдадым,
Өмір өзі алдамшы неғыл дейсің?

514. Ұрылса да төбеме тасы маған,
Мен жабырқап тарихта жасымағам.
Жасытқаны жанымды осы болды-ау!
Қазақ жаны қазаққа ашымаған.
Таспен ұрып төбемді таз жасады,
Төбел тазды мен қалай жасыра алам?

515. Адамдардың өзін өзі сүю, өзін-өзі тәрбиелеу мұраты қалыптаса қоймаған қоғамда ұлттың да, халықтың да, жалпылық сапасының көтерілуі қиын.

516. Өзіндегінің барын өзінің ұлтына арнай білген азамат – ұлттың ұлы перзенті және рухани көсемі.



БЕСІНШІ БӨЛІМ

БІР АУЫЗ СӨЗІМ – МЫҢ ДІЛДА

517. Сезінсең ақыл кемдігін,
Ағадан ақыл сұрарсың.
Жақыныңнан сұрарсың,
Ақылы асса ағаның,
Айтқанына тұрарсың.
Адамның заңы осылай,
Қарсылассаң құларсың.
Шығып қалсаң тақырға,
Тарығып, шөлдеп жыларсың.

518. Жасық болсаң, көрінгеннің қолындағы
асық боласың.

519. Басқаның кеңесін тыңдауға шеберлік
керек. Ықыласпен тыңда! Кеңес келісті болса
да, кемісті болса да, келеңсіздік келбетіңнен
көрінбесін! Кесімді кеңеспен келісерсің. Кемісті
кеңеспен де ойларыңды бөлісерсің.

520. Кедей болма, кедейлікті кім де болса кем көреді. Байлықты барлық адам жөн көреді. Алуан апаттар себебімен кедей, кемтар адамдарға Алла жар болады. Адамдардың ықыласы мен қолұшын созуы бар болады. Оларды кемсіткендер, ақыры осындай күнге де зар болады.

521. Түсінігі жоқтардан қорықпа, басқаларды түсінуге қызықпаудан қорық.

522. Адамды арманына жеткізетін де әдет, адамдарды адамшылықтан кетіретін де әдет. Талықпай үйрену әдеті – адамдарды ғалым жасайды. Қарақшылық әдеті – адамдарды залым жасайды.

523. Адамдар ең алдымен өзін «адаммын» деп тануға тиіс. Одан соң жынысын, жасын, жұмыс бөлістерін т.б. білуге міндетті.

524. Тәлейге қалқам табынба,
Іздемес сені бағың да.
Қиындыққа бағынба,
Аспаннан асты сағынба.
Алдыңда жолың жатқанда,
Жол сұрап елге жалынба!

525. «Құлық» деген атау естір құлаққа суық та, «сұмдық» екені рас. Солай да «Ұлығың соқыр болса көзіңді қыспасаң» тар заманда арманыңа жете алмайсың. Шындыққа ор қазылғанын байқасаң, ордан айналып өту ақыл.

526. Артыңа жалтақтай берсең, өтіп болған өміріңді, жүріп болған жолыңды ғана көресің. Алдыңа қарасаң алысты көресің.

527. Шама жетпегенге жармаспа, өзіңнің қайратың мен қабілетің болса, Алла ырызғысын аузыңа салмас па? Үйренген жолмен жүру оңай, жаңалай беріп алжаспа!

528. Қарызыңды өтемесең өмір кеше алмайсың. Ол үшін мынау әлемге бақыт, байлық жарат! Жер шарында тіршілік еткенің үшін, жер шарының бейбіт, берекесі үшін күрес!

529. Сен білгенді ел білмейді деме! Сен жүрген жолмен ел жүрмейді деме! Ел қамын жейтін азамат елдің адамы. Тек өзіңнің қамыңды жесең өз үйіңнің ғана адамысың.

530. Кешірсең кем болмайсың»,
Кешірмесең ел болмайсың.
Өнерің өзіңде болса,
Ешкімнен кем болмайсың.

531. «Мұқияттық» деген сөзді мұғалім жаса.

532. Аңшы мен жылқышының көзі ерекше өткір болады, өйткені олардың көздері құзар таулардың қатпар-қатпарын көру машығымен жетілген. Көңіл көзіне де осы машықтың талаптары керек.

533. «Жау аяған жаралы болады» деген мақал жаугершілік заманда жанып тұрған сөз

еді. Ел атынан ойласақ әзір қандай кез еді?
Аяушылық бұл кезде барлығынан биік қой!
Жауласпаңдар адамдар, бір-біріңді сүйіп қой!

534. Бабын таба білген адам ертең-ақ бай болар. Байларды жамандай беру, ендігі заман адамына да, әдебиетіне де базары таусылған әңгіме. Ақшаны қайсы арнамен тапса да оқыған, тоқыған, ақылды адамдар табады. Ақылсыз, надан адам таба алмайды. Адал еңбекпен, алымдылығымен, дарындылығымен бай болғанға не жетсін!

535. Асыл ойдың тереңін,
ой теңізін кешкеннен сұра!
Жақсы адамның қадірін,
адам қадіріне жеткеннен сұра!

536. Дұшпаныңнан асам десең, ақылыңмен ас, асатын жолыңды сақтанып бас. Мүмкіндік бар қастасудан қаш, ойлан да сақтан, дұшпаныңа жем болам десең ойланбай мақтан!

537. Ерегіспен есе ала алмайсың. Күндестікпен көгермейсің. Аңқау болма, айлалы бол. Бұл өмірде не көріп, не көрмейсің, не алып, не бермейсің, қарсыласқа қақпан құрудың орнына, екеуің де халық қалаған адам бол.

538. Тоған қырын соғуға кетпен керек,
Әр істің ыңғайына жеткен керек.
Сөз орнынша сөйленсін,
Іс орнынша істелсін,
Әр өзенге өзіне лайық өткел керек.

539. Балаларым, кеңес біткенге құлағыңды тос. Алайда ести салып жауап қайтарма, жауап қайтарар ой ізде!

540. Келте қайтарған жауаптан кесірлі іс көп шығады.

541. Істеп жатқан жұмысың бір түрлі болғанмен, ойың он түрлі болғаны жөн.

542. Қылмысын қайталағандар не қамаққа алынар, не қайыршы болар.

543. Араласқан адамдарыңның артықшылығын көп айт, жаныңды жақсысымен молықтыр. Кемін аз айт, айыбын бетіне баспа.

544. Қан таза болмаса,
адам саулығында маза болмас.
Ой таза болмаса, адамдар жаза басар.
Сергіп, тазаланып тұрғанға не жетсін.

545. Адамдар жаныма жоламасын десең, өз мініңді көрме, елдің мінін көп көр. Ә десе айқайға басқыш, дастарқанды, ыдыс-аяқты шашқыш бол.

546. Нардай жігіт, нардың жүгін көтерер,
Балдай бала, нар бұйдасын жетелер.
Ендігі ұрпақ елдің жүгін түсінсе,
Осылармен ел міндеті өтелер.

547. Орнымен айтылған мадақ
тыңдаушысына қанат бітіреді.
Орынсыз айтылған мадақ
қабылдаушыға жаман ат жамайды.

548. Жақсы адамдардың жанына жақсылық
тілейік, тілеген жақсылығың арқылы өзіңе
жанбағыс іздеме.

549. Бақыт сені іздеп келмейді. Бақытты өмір
бойы іздеу, адам баласының міндеті. Бақыт
іздеуден жалықсаң, барлығынан тарығасың.

550. Ақыл-ой, әдіс-айла өміріңе пайда,
Сен ойлағандай оп-оңай өмір кешу қайда?
Өткен іске өкінбеу ойсыздық.

551. Кеңістік пен уақыт ешкімнің меншігінде
емес, біреудің ойы біреудің ойымен өлшен-
бейді. Оны өлшейтін жаратылыс пен қоғамның
өз заңы. Адамның міндеті – сол заң көлемінде
еркін өмір кешу. Бұл заңды қарапайым халық
бұзбайды, бұзатындар бұзақылар.

552. Қалалы ел болайық,
Дала кезден сақта!
Ынтымақты ел болайық,
Алакөзден сақта!
Қазақтың қанын қазақ шашқан,
Пәле кезден сақта!

553. Тұзу жол жоқ ылғи сенің алдыңда,
Тұзу болсаң, мүсін болып қалмас па ең?



Түзу болсаң тозақ, бейіш алдына,
Граниттей қатқан мимен бармас па ең?
Қойныңда қуаныш жүр қутыңдап,
Қайғың да тұр жағаңа кеп жармасқан.

554. Тәлей кейде таңдап қонар адамға,
Бақытты да осы арадан қараңдар.
Тәләйіңді бос кетірме жарандар,
Өз тәлейін қадірлемес адамды,
Қадірсізге санаңдар.

555. Ұқыпсыздықтан ойранды істер шығар.
Қалперсіз адам қатерге жолығар. Аңғал адам
арандамай қоймас.

556. «Аузыңа келген түкірік, қайта жұтсаң
мәкрүк», жаныңды жазадан, басыңды пәледен
арашалайтын сөзді мәкрүк болса да жұтып
жібер.

557. Пайдалы кеңестерді керегіне жарата
білген білімді.

558: Қолында бар қожайын, қолында жоқ,
жоқтықтың тартар сазайын.

559. «Жалғыздың үні шықпайды, жаяудың
шаңы шықпайды», көп жандар мұны ұқпайды,
ұқпау ауыр жүк, қайғы.

560. Жалқау адамға барлығы ауыр. «Кедей-
дің аузы кер ауыз». Жалқау кедейге айтылған
ақыл да ауыр, жәрдем еткен жақын да ауыр.



561. Қол ұшын берген сен де ауыр.
Қамқор болған мен де ауыр.
Екі ешкі бақса да ауыр,
Қалтадағы ақша да ауыр.
Орнынан тұрып жатса да ауыр,
Күн батып таң атса да ауыр.
562. Ғұмырың ұзын болсын, қысқа мейлі,
Жіберме секундтыңды ұста деймін.
Ұста деймін, аяла алтыныңды,
Аяласаң, бағытсыз ұшпа деймін.
563. Бастамай жұмыс бітпейді деме,
Қонаққа бармай күтпейді деме.
Жүгіме түйе шөкпейді деме,
Қырсығы құрғыр желкеге мінгіш,
Қырсықты уақыт өтпейді деме.
Сырыңды білген сұмпайы біреу,
Сыртынан өтсең теппейді деме.
564. Толғанып жасалған өкім
толықтау болады,
Кеңесіп жасалған өкім
кемеліне толады.
565.
«Өлгеннің тілін тірі алмайды» болмасын,
Осы жүрген тірілер өлгендердің жалғасы.
Тірінің еңбек жемісін тірі неге көрмейді?
Тірілерден молдау өлгендердің олжасы.
«Топыраққа ғана тояды,
тоймас көздің дорбасы».

566. Адам адам ретінде бір-біріне қарыз,
Қарыздарын өтеу,
адамдарға кешпес парыз.

567. Адам өз тағдырын өзі белгілеу керек.
Құран сөзімен айтқанда: «Жарату менен, кім
боларың сенен». Өзін-өзі білу – баға жетпес
мәдениеттілік, данышпандық. Ұмтылыс жасау –
батырлық. Білім алып, ғылымға қану – өмірдің
даңғыл жолын жасап, көпір салғандық.

568. Өзіңді-өзің тәрбиеле, дәрігерге көрініп,
жуынып жүр!
Ар соты мен жан сотының алдынан өтіп тұр!

569. Балалар мен жастардың өзіне өзі қол
жұмсауы көбейіп барады. Тірі жүруге лайықты
емес адамдардың өлгені де орынды. Алайда,
олар ұлтымыздың тұқымын былғайтын ші-
ріктер. Өзін-өзі өлтіретіндер өмірді де, тәрбиені
де қарсы жағынан түсінеді. «Өлме» десең өледі,
«өл» десең өлмейді, жұртқа тыным бермейді.

570. Жолаушыны жолдан қалдырма! Ол
асығыс болса, сен одан бетер асық!

571. Өмір – теңіз телегей,
Ақылды жүзер кемедей.
Өмірдің соқса дауылы,
Алға тарт бауырым елемей.
Өлімді үміт жеңеді,
Тірі қалғың келе ме?



572. Бір адамның ой-қиялы, іс-қимылы, арман-мақсаты басқалармен тағдырлас. Егер адамдар өзін елден бөлекше жаралдым деп ойласа, ол адамның ешкімге де керегі жоқ.

573. Қиянатың тұрғанда
ғибадатың неге есеп,
Арам жемің тұрғанда,
мінәжатың жоққа есеп.

574. Жауыздық пен махаббаттың, сенім мен алдамшылықтың, шын мен жалғанның, жақсы мен жаманның, тағы-тағылардың белгі тасы – қарайған халыққа қиянат жасау, жасамауда жатыр.

575. Өмір шындығының өкімі күшті болады. Уақытпен кеңістік заңдылығы, адамдардың еркінен тыс нәрсе. Билікпен бағындыруға, күшпен көндіруге көнбейді. Қаласаң да, қаламасаң да солай. Қызығы, сен өмірдің шындығына құрмет етсең, өмір жуас. Қалай керегіме жаратамын десең мақұл.

576. Көзің көріп, жаның біліп тұрып шындықты мойындамау, барып тұрған арсыздық. Мұндай арсыздықты: біріншіден, ақылы асқан айлалы сұмпайылар игілігіне жаратады. Екіншіден, ойы от басынан озбайтын, надандар осылай.

577. Кенеуі кепкен, кетеуі кеткен адамды тойғызу қиын, өзі тойса да көзі тоймас. Бай



адамға тамақты жегізу қиын, аш болса да ұялғанын қоймас.

578. Рушылдық, жершілдік, екібеткейлік, жағымпаздар жайлаған елдің ерлігі бағаланбай, бақай құлар бағаланады. Әділдік отқа жанады, ұлылық от басында қалады.

579. Жұлдызым оңынан тусын десең, жұмысыңды жақсының жанынан, ғылыммен баста, ертең емес бүгіннен баста!

580. Жіліктің майы ішінде, адамның ойы ішінде. Адамның сыры дегеніміз – ой құпиясы деген сөз шығар. Ішкі ойлары, жан сыры болмаған адамдарды ой қалтасы орта адам дейтін шығармыз.

581. Адам заманына қарай жаратылатын, тәрбиеленетін болады. Сол дәуірмен заманның қалай болуын тағы сол адамдар белгілейді. Адамдар да заманына қарай адам болуға тиіс.

582. Ой соқты адамның белгісі –
ұйқы қашу,
Ойсыз адамның белгісі – ұйқы басу.

583. Итжығыс күресте даңқ болмайды,
Итшілеген өмірде намыс болмайды.

584. Қабақшыл зәндем құм санар,
Қарғылы төбет жақсыны талар.

585. Қалың киізден оқ өтпес,
Көкірегі кірге сөз өтпес.

586. «Уақыт таразы» дейміз-ау! Уақыт таразысына өзімізді салып көрдік пе? «Уақыт сот» дейміз, алайда уақыттың қиянатшылдары неге өзін ұят пен ардың сотына салмайды?

587. Әділеттен адамдық, сұмпайыдан арамдық өрбиді.

589. Үлгісі болмаған адамнан үміт аз.
«Үлгінің күші шексіз».

589. Абырой керек адамға,
Абыройсыз адам адам ба?
Абырой деген ақ иық,
Халқыңнан алған бағаң да.
Абырой іздеп сандалма,
Көнесің басқа салғанға.

590. Жан тазалығынан асқан
тазалық болмайды.
Тазалық біткен жан тазалығынан
өніп көктейді.

591. Өтірікші адам рухының сатқыны. Ел арасына алалық, адамдардың хан басына қаралық әкелетін, жұқпалы ауру, көмілмей қалған малдың өлексесімен бірдей.

592. Малыңды ұрлатсаң ізін даладан ізде,
қайығыңды ұрлатсаң ізін қырдан да, судан да
іздемей ұрыны ғана ізде.

593. Мысық тышқан аулайды, үкі де тышқан
аулайды, екеуінің азық іздеу жолы ұқсас

болғанмен, жан бағыс тәртібі ұқсамайды. Үкі үйге кіре алмайды, мысық аспанға ұшып атызға бармайды. Дүние осындай ұқсау мен ұқсамаудан жаратылған.

594. Жыланның уы бір рет, адамның уы көп рет.

595. Жалқау егінші қарта ойнауын қоймайды, атызында ауыл есектері ойнайды.

596. Таң қаласың! Кеңестік өкімет тарқаннан кейін, мемлекеттік социалистік еңбек ерлері сорлы кедей болып, бастықтар балпаңдаған бай болып шыға келді.

597. Жуас түйе жұлғанға жақсы,
жуас ат мінгенге жақсы,
Жуас адам құл болып жүргенге жақсы.

598. Сергек адам сенімді,
Сезе білер жауыңды да, еліңді.

599. Суға қанған бәйтерек тамырлы болады,
білімге, ғылымға қанған адамның ой дүниесі
кең болар.

600. Талаппен, талпынудан жалықпадым,
Сүріндім, оң, солымды анықтадым.
Өмір сен, сорға сүйреп алып бардың,
Мен сені сордан аман алып қалдым.

601. Адамның адам болып бұл дүниеге келудегі арман мақсаты санап тауысқысыз. Алуан

адамның алуан арман-мақсаттары болар. Меніңше, барлығы жиналып, бес түрге топталса керек: бұл дүниенің жарығы мен жақсылығын көру. Отанын сүю, қорғау, «отқа түсу», ұлтын сапаландыру. Білім мен ғылым алу, жаңалық жарату, оны тарату. Ұстаздан үйрену және ұстаз болу. Жанұя құрып, сапалы ұрпақ қалдыру.

602. Хан да адам, қара да адам, барлығы адам, адамның ең жақсысы, адамның адамдық касиетін білген, сүйген адам. Халқының қабағына қараған, керегіне жараған адам қаһарман.

603. Құдайға сен! Өзіңе сен! Әке-шешеңе, бірге туған жанашыр жақыныңа сен! Басқасына адамына, заманына, қабағына, сенгіш адамдарыңнан алған сабағыңа қарай сенерсің. Адамдарға оңай сене салу орға итерер. Абайлап сену адастырмас. Сене салмау, серттен тайдырса да, дерттен аман алып қалар.

604. Абайлап жолды басарсың,
Жолыңның бәрін жау қылма!
Айтарды байқап айтарсың,
Аттан мен айқай, дау қылма!
Айламен «жаудан» асарсың,
Жау еместі жау қылма!

605. Дәлдеп атқан «оғыңыз»,
Десек «жауды» өлтірер.
«Май» деп жеген «боғыңыз»,
Жұрт құсқысын келтірер.

606. Қисық лақтырылған таяқтан
көз шығады.
Қисық көңілден қыңыр сөз шығады.
Қытымырлықтан қисық жұмыс
тез шығады.

607. Қысыр кеңестен қынға салар қыңырақ
та шықпайды.

608. Жаратылыс пен өмірдің өкімі күшті.
Өмірді өзім ойлағандай деме! «Бүгін бар ертең
жоқ дүние. Біреуге алтын, біреуге боқ дүние».
Көңілдің барлығы сенің көңілің емес. «Әркімнің
көңілі өзіне патша». Өмір шындығы сенің до-
сың. «Досқа да» сүйеніп алма! «Заманың түлкі
болса, қыран болып шал!»

609. Өмірдің шындығының, көзі ашық
обалына қалатын, меніңше, екі түрлі адам-
дар бар: Бірі, ақылды, білім, ғылымды айла-
кер болғанмен пайда десе барлығын сатуға
дайын адамдар. Тағы бірі, ақылсыз, ойсыз,
сауатсыздар, надандар.

610. Жуан жұдырықта күш пен ақша бол-
ғанмен ақыл болмас.

«Білегі жуан бірді жығады. Білімі жуан
мыңды жығады».

611. Жеткен арманың алдындағы асың.
Жетпеген арманың
іздеген гауһар тасың.
Армансыз адам талғамсыз,
Асыл арман болмаса,
ас ішуден қалғансыз.

612. Асыңды абайлап іш! Қомағайлана-мын деп алды-артыңнан ас төгілмесін!

613. Пайда алса да адалдығымен алатын, зиян тартса да адалдығынан зиян тартатын, ерек дарынынан қай-қайдағы пәлеге қалатын, тарғалаң тағдыр, бізде қашан қарасын батырар екен?

614. Өмірдің сан қилы кезеңінен ақаусыз өткен ұлы адамдардың да сүрінетін, қателік жіберетін кездері болады. Орайшылдар мен опасыздардың жалтаратын, тасада тұрып таспен ұратын кезі осы шақ. Қателігіне адамдар өзі кінәлі. Асылын арашаламаса, билік пен елі кінәлі.

615. Апаттан жаның қалар, жаладан жаның қалмас.

Жасырынған жау жаман.

Пәле қуған дау жаман.

616. Болашағының қалай болуын, ақыл-есін жиған білер. Алдындағы күндердің қалай болуын ақымақтығын тыйған білер.

617. Өзіңде нендей өнерің болса, соның соңында бол! Қойды жақсы баға алсаң қой бақ! Тойды жақсы жүргізе алсаң, той бақ. Билікке ебің болса, билікке бар. Адал күнкөріс пен қоғамға қолғабыс тигізудің мамандығы кімде болса, сол соны істесін!



АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

ЗАҢ, ҰЛТ ЖӘНЕ БИЛІК

618. Ұлттық мемлекетте, билеуші ұлттың өркениеті мемлекет құрудың маңдай алды шарты болуға тиіс. Сол мемлекеттегі халық, сол мемлекеттің билеуші ұлтының ұлттық, отаншылдық идеясының айналасына топтасуға тиіс. Мемлекет заңы да сол мүддені қорғау үшін жасалады.

619. Отанын, ұлтын сүйе алатын азамат, ең алдымен өзінің жанұясын жанындай сүйіп көрсін! Толыққанды жанұя құра алмаған адам, Отан ісіне жауапсыздық істеуі ғажап емес.

620. Қазақ ұлтының тазалығы мен адалдығы – Аллаға, адамға деген адалдық пен тазалық. Ол, қазақ ұлтына Алла сыйлаған, ұлттың жаратылысындағы: тіл, діл, дін, салт-сана, әдет-ғұрып дәстүрлерінің тазалығының жалғасы. Бұл асылдарымызды өзгерту ешкімнің қолынан келмек емес.

621. Жасытпаған сан қыспақ,
Ұлты үшін қолға жанды ұстап,
Көтерген жүгі нарға ұқсап,
Осылай туған ұрпақты,
Алғыста, Ұлтым, алғыста!

622. Отансызға – оқ та арам.

623. Өзінің ұлтын ұмытқан адамның көңі-
лі ұры.

624. Батыр болсаң жауыңа найзаң тисін!
Басшы болсаң халыққа пайдаң тисін!

625. Ұлттың батырларын ұлықтай білетін-
дер, ұлттың тарихымен құрдас.

626. Ұят болмаған жерде, ынсап та, иман да
тұрмайды.

627. Осы заманғы мәдениеттіліктің ең үлкені
мемлекеттің Ата заңын құрметтеу мен атқару,
бойұсыну.

628. Мемлекеттің Ата заңы – Отанды сүюдің,
Отанды құрудың, Отанды көркейтудің, Отанды
қорғаудың жарғысы.

629. Заң – адамзаттың тыныс-тіршілігінің,
өмірінің тірегі мен қорғаны, әділеттің қорға-
ны. Кімде-кім әділеттен өзіне пана іздесе, заң-
нан іздесін! Арамызда мемлекет заңын етше
турап, итше жейтін адам аз емес, солай жан

аямай мемлекет заңын қорғау – ата-анамызды қорғағанмен бірдей.

630. Құйын ұра бермес, жел соға бермес. Таусылмайтын жол, тосқауылсыз пенде болмайды. Өзін заң тәртіппен тәрбиелеген адам, ешнәрседен кенде болмайды. Жүген, құрықсыз адам жоқ. Заң билеген заман бізді де, әлемді де шақырып тұр.

631. Халықтың ойынан, көптің көңілінен көтеріліп, алаланып, дараланып қалу – адамдар үшін ең үлкен қорлықтың бірі. Зорлыққа біткен билік, елін қорлыққа жолықтырар.

632. Елін есіркей алмаған басшы, ел есінде қалмайды. Елін есінде сақтаған басшы халқына, басына қонған бақты да, астындағы тақты да арнай алады.

633. Жемқор мен алаяқ бастықты ел жек көреді. Олар айтылған кеңесті де кек көреді. Осындай бастықтарды бірінші, заман табады. Екінші, көңілі жаман адам табады. Үшінші, надан табады.

634. Тақта отырған талайлар «мен ақылдымын, айбыным айға шауып тұр» десе де, ұлтын ұмытса омақаспай қалмайды. Ұлттың опасызы дегендер де солар. Ондай адамдар өз атақ-абыройы үшін достарының қанын ішу қой бауыздағандай ғана.

635. Атаққұмарлар мен арамзаларда ақыл мен айла, дарын мен қабілет кем болмайды. Жаратылыс пен Тәңір адамдарды осылай жаратқанмен, ақиқаттың таразы басы қашан да ауыр.

636. Жемқордың жемі – халықтың қан мен тері.

637. Дара билік – заңды дағдарысқа ұшыратады.

638. Адамдар ақылымен, адамшылығымен адам. Құлығымен құнды. Құлқынымен жауыз. Нәпсісімен хайуан.

639. Түлкі қақпаннан айналып өте алса да, ажалдан айналып өте алмайды.

640. Екі аяғымен тік басып жүргендердің барлығы адам деп аталады. Десек те нағыз ел бастар адам аз. Адамдардың арман-тілегінің тағдыры сол аз адамдардың қолында. Біздің ұлтымыздың азаматтары мен азаматшалары, сол аз адамдар тобына қарай ұмтылса игі еді.

641. Адамдардың өзін-өзі өсіру, тәрбиелеу, өзін-өзі мемлекеттің иесімін дейтін қожайындық рухының тамырына құрт түскен елде, ұлт сапасымен елдің жалпылық сапасы көтеріле алмайды. Ел болам деген ел, алдымен ұлттың рухын тазарту керек.

642. Жершілдік пен өзімшіл, екібеткейлік көп елде, әділетпен ерлік өз бағасын ала алмас. Үлгі менен ұлылық от басынан оза алмас.

643. Рухын отаршылдық жаулаған ұлттың басына, күн шығып тұрса да қар жауар.

644. Бір мемлекеттің заңының атқарылуы, сол мемлекеттің тыныштығын, береке-бірлігін және дамуын белгілейді.

645. Басшысыз ел – бағытсыз кеме. Басқарусыз кетсең бақытты боламын деме! Жолбасшысы болмаса, жолды қайдан табарсың?

646. Билік басындағылар, халқына ұстаз. Заң атқарушылар дәрігер, ұстаз бұзылса, ел бұзылады. Дәрігердің жалған дәрісі адам өлтіреді.

647. Бассыз кеткен бастыққа, қорғанып, ұрланып, қорланып жүріп жағасың. Осындайда қала ма адамдардың бағасы?

648. Біреуге еткен достығың да, қастығың да, әйтеуір бір күні айналып өзіңді табады. Ол қашан, қайсы жолмен келіп қалай соғар, оны бір Алла білер. Қазақ «қанды қан жібермейді» дегенді тауып айтқан.

649. Күні өткен, тегінде ұлтымыздың түбіне жеткен заң мен тәртіпті, тәрбиені неге адамдар тастай алмайды?

650. Патшаның бітім-болмысынан, қоғам саясатының салмағын жұрт байқай алады.

651. Елің саған сеніп басшы етсе, еліңді есіркеуші бол! Есірік ойдың шешімінде болма!

652. Шен алсаң, бұқараның көзін шұқып әдеттенбе! Жүрегін жылытып әдеттен! Біреудің көзін шұқуға әдеттенсең, күндердің бірінде көзіңді елге тосып беретін боласың.

653. Көңіл таразысы тең болсын! Таразыңа баға беріп тұратын айналаңда ел болсын! Хан қарасымен хан. Айналасындағы алқасымен әділ жан! Адамдардың кемшілігін кекетіп айтып, кекпен сөйлеме! Жүрегіндегі «жолдасым» деген атпен сөйле! Алдымен зертте! Одан соң атыңды ертте!

654. Алаяқтарды асыраған бастықтың көңілі алаңдаумен өтер. Оңтайы келсе түбіне де жетер.

655. Асқан айлакерлік ақылдан келер. Алайда ол ұлылықтың орнын баса алмайды.

656. Жақсы адамды өтірік мақтай берсе, жақсы адамыңыз да жаманға айналады. Адамды аздыратындар мақтаудың ебін табады.

657. Адамнан астым десең де,
Алладан аса алмайсың,
Айладан астым десең де,
ақылдан аса алмайсың,

Сұмдықпен астым десең де,
шындықтан аса алмайсың.

658. Халқыңды билікпен көндіргенше, игілікпен көндір.

659. Қаһарыңмен көндіргенше, заңмен сендір.

660. Халық керек, ағайын, халық керек,
Халық деген бір үлкен алып терек.
Маңдайыңнан күн өтсе сапарыңда,
Саялауға сол терек анық керек.

661. Хан тағыңды қадама, қара жерге.
Халық деген жасайды қара жерде.
Ақыл білсең халықтың ішінде жүр,
Халықшылап мін дағы Қарагерге!

662. Алтынды жұмсай алған адам жұмсасын.

663. Сатқындықтың ең үлкен белгісі үшеу болса керек: жерін сату, ұлтын сату, өзінің берген уәдесін өзі сату.

664. Өзен мен теңіздің сырын кешіп өткеннен ұқ! Халқыңның сырын, халқыңның қадіріне жеткеннен ұқ!

665. Атым өшпесін десең, уақыт пен елің атыңды өшірмес. Халқыңды қақсатсаң, халқың тұрмақ қара жер де кешірмес.

666. Құрдымды көміп толтыруға болмас.
Құлқынды беріп толтыруға болмас.



667. Батырдың өлмейтіні,
өз елінің қорғаны,
Басшының өлмейтіні,
өз елінің қормалы.
Ақынның өлмейтіні,
ел көңілінің толғамы,
Ақылдының өлмейтіні,
артына қалған мол нәрі.
668. Зұлым патша елін алалайды,
Батырын жазалайды.
Халқын адамға санамайды,
Ел заңына қарамайды.
Елінің жанын жаралайды.
669. Өзінің қатасын таныған төресін,
ел төбесінен түсірмейді.
Атын ел тарихынан өшірмейді.
670. Кемшілігің мен қателігің,
білсең айнаң,
Біле алмасаң,
ондай ұстаз табылады қайдан?
671. Артық ішкен ас, артық жұмсалған
күш, арамдықпен артық тапқан ақша, артық
жасалған жалпаң мен құрмет барлығы, рухани
арудың шақырушысы.
672. Құлшылдық сені де, еліңді де,
құрдымға кеткізеді,
Имандылық, адамды
адал адам еткізеді.

Тебінділік теңдікке жеткізеді.
Ұждандылық терең судан өткізеді.
Итаршылық басыңа тепкізеді.

673. «Әркім өз лағын теке қояр». Қазақ осы қылығына тояр. Қортық қошқар қой бұзар. Қортық бастық ел бұзар.

674. Атқарылмаған заң – арам өлген малмен тең.

675. Заңды жейтін жемқорлық.

676. Мемлекет заңының атқарылу сапасы. Сол мемлекеттің билігінің сапасы мен халқының рухани сапасын көрсетеді.

677. Заң сауатсыздығы, осы замандағы ең үлкен сауатсыздық.

678. Қасқыр оттан, қарақшы соттан қорқады. Алладан қорықпағанның иманы жоқ. Заңнан қорықпағанның жаны жоқ.

679. Заң жасалған елде, кім болсаң да заңның «құлымын» деп білу керек! Мемлекет заңы көпке ортақ. Әлдеқандай билеушінің халықты қорқытар құралы емес. Мемлекет заңын өзінің қолында ойнатпақ болғандар ерте ме, кеш пе ойраны шығады.

680. Заңды үйрен, біл! Заңды елің үшін, өзің үшін атқар! Заңмен өзіңді қорға! Заңға қайшы ісің болса, заңның кесімін күт!

681. Мемлекеттің Ата заңын да үйрен, бала заңын да үйрен! Ата-бабаңның заң дәстүрін тіпті үйрен! Ата заңды білмесең, құрметтемесең, сол мемлекеттің азаматымын деу намыс.

682. Ата-бабаның заңы мен салт-дәстүрін білген атқарған адам, сол ұлттың шынайы перзенті, иелері.

683. Демократиясы бар елде, азаматтарды сол мемлекеттің азаматтық заңы басқарады. Хан атқарып береді. Бұқара бойсынады. Қарақшы мен бұзақы, құрықталады. Демократиясы кем елде, заң, қулар мен залымдардың құрығы ғана. Кімнің мойнына салғысы келсе салады .

684. Отан сенің отаның! Мемлекет сенің мемлекетің! Заңына саналы бойұсын, заңын саналы атқар! Мақтансаң заңмен мақтан! Түлкі болсаң да, заң қақпанынан құтылмайсың. Заңға бойұсыну мен атқару сенің кемің мен қорқақтығыңды көрсетпейді. Қайта заң біліміңді, заңдық санаңның жоғары екенін көрсетеді.

685. Заңсыз, себепсіз, тәртіпсіз, ретсіз жаралған он сегіз мың ғалам мен табиғат жоқ. Барлығының жаралу тәртібі бар. Хан да, қара да соның ішінде.

686. Өз мемлекетінің заңын қолжаулық етпекші болған патшаның тірлігі бұғынып, тығылумен өтер. Өлсе қара жер қабылда-

мас. Мемлекет заңын, халқын алдауға жұмсаған «данышпандық», нағыз **сарамас**. Тарихта қалар, тырдай жалаңаш.

687. Халқын аялаған хан қадірлі. Өзін аялаған жан қадірлі. Қой бастай білген серке қадірлі. Ел бастай білген басшы қадірлі.

688. Демократиялы елдің патшасының тынысы ел ішінде. Демократиясыз елдің патшасының дымы ішінде. Заңды өз пайдасына жаратар жең ішінде.

689. Жақсы адамды өтірік мақтай берсе, әлгі жақсы адам жылдар өте келе жаман адамға айналады. Жақсы патшасын, надан ел өздері бұзады.

690. Ел басшысы кемеңгер, әділ болып, мемлекет заңын өзі адалдықпен атқарса, елін басқан қараңғылықты сол көсемнің нұры айықтырады. Ол көсемнің нұры ғасылар бойы нұрын шашады.

691. Екібеткей, ептілер,
Бәріне қолым жетті дер.
Бәрін байқап көп білер.
Қатал шындық шыңғыртып,
Басынан тарих тепкілер.

692. Өзінің көңілдесі, топ ішінде, өзін мазақтаса, одан өткен мазақ болмас. Өзінің жинаған дүниесінен өзі қорқып өмір кешсе,

одан артық азап болмас. Өз дүниеңмен ақшаң өзіңді абақтыға тоғытса, одан өткен тозақ болмас. Өз қылығы мен өмір ұстамы өзін орға жығар болса, оның рухани дүниесі мәңгілік азат болмас.

693. «У жеген ішінен тынар». Адами тағдыры мәңгілік жылар.

694. Дара билік дәурендеген заманда, заң биліктің адам қорқытар құралына айналады.

695. Заңды саналы атқар! Ол үшін заңды саналы үйрен! Заң бұзушылар зәндемілер. Олардан иттің етінен ары жирен!

696. Отансыздар мен опасыздарда, Отан мен ұлт сатқындарында намыс болмайды. Намыссыз адамдарда заң санасы нөлге есеп. Олар Отан заңын ойрандағыш келеді.

697. Күшпен іске асқан заң, көпшілікке күдік тудырады.

698. Заң мен қоғамдық тәртіпке саналы бойұсынып әдеттен! Тәртіп пен заңға, санасыз бойұсынған адамдар айдап баққан малмен ұқсас.

699. Алланың атын аузында айтып, атын жамылып, күнәсіз адамдарды қырған лаңкестер, Алланың алдында да, адамзат алдында да кешірілмес күнәһарлар, қанішерлер.



700. Қастасқанға қанжар сілтеме! Сілтесең,
қан ішкен қылмысты сен боласың.

701. Ей ұрпағым:

Ақылмен жолды басарсың,
Жолыңды жау мен дау қылма!
Ақылмен жаудан асарсың,
Жауыңның бәрін жау қылма!

702. Санасыз адам сайлауға қатынаспай-
ды. Отан тағдырына ой бөлгісі келмейді. Отан
топырағынан малша жем жейді.

703. Анаңды сыйла! Әкеңді сыйла! Мемле-
кет заңын да дәл солай сыйла!

704. Қасқырлардың заңы өзінің тауын тастап
қашпау. Ал біз адамдармыз ғой!

705. Түлкі қақпанды байқай алады. Біздің
момындарымыз өзі құрған қақпанға өзі түсіп
жатады.

706. Жуас пен аңқау болма! Олай болсаң,
заң білсең де жаныңды қорғауың қиын.

707. Өзіңді сүй! Ұлтыңды сүй! Сонда ғана
Отаныңды сүйе аласың.

708. Көпті көрсең көп білесің. Көп білгеннің
көкірегі ояу болар. Білімді болсаң заңның қа-
жеті мен қасиетін соншалық терең түсінер едің.

709. Сотты білмес, б...ты білмес.

710. Халық қазынасын, халқының қан терін сорғандар, хан болса да қарақшы.

711. Қылмысыңды да, қылмыстыны да жасырма! Жасырсаң өзіңнің де, өзгенің де берекесін қашыарсың. Ақыры қылмысың басыңнан асып, аспаққа асыласың.

712. Халқының қамын жеудің орнына, халықтың несібесінің қаймағын қалқып алып Отанынан қашқандар, қазақ емес қарақшылар. Отан, ұлт сатқындары – ғасырлық бодандық идеяның тумалары.

713. Тұрқы мен сұрқы, аты қазақ болғанмен, діл мен тілі жоқтарды қазақ деуге келмейді. Ұлт деген ұғым олардың өңі тұрмақ түсіне де кірмейді.

714. Көл ортасына түскен тас, көл бетінде толқын тудыра алады. Биліктің жылы да суық сөздері ел ішінде толқын тудыра алар. Көлге лақтырған тас, крокодилді қорқыта алмайды. Құры айқай жемқорларды қорқыта алмайды.

715. Жемқорлар тірі екенін ойлай ма екен?
Әйтеуір жеп жатса да тоймайды екен.
Тоймас, толмас аузын өлген күні,
Екі елі матаменен байлайды екен.

716. Қоғамдағы жұмыссыздық, қоғамдық түзімнің берекесіздігімен, қоғам азаматтарының үмітсіздігімен, намыссыздығынан туындаса керек.

717. Үмітсіз, торыққан жандардың жанына жылу керек. Билік сол жандардың жан жарасын өз кезінде білу керек. Сол жандардың жан жарасын ескермесең, есігің шағылар. Қоғам былығып, елің қағынар.

718. Жарамсыз адамды жантаяқ жасаған әкімнің ойы олақ, құйрығы шолақ, жегіштердің үйіне қонақ болғыш келер. Ондай әкімге халқы қалай көнер, қалай сенер?

719. Тағың шірісе тағыңды ауыстыр! Бағың тайса, неге тайғанын ізде! Көне сүрдек көңілге көлеңке. Көне сүрдек көбінше көмек бере алмайды.

720. Мансап алсаң алшы, мансапты кім жек көрсін?! Байлықты кім көп көрсін! Алайда халықтан харам жеуден өзіңді шектерсің.

721. Мәселе мансап пен бақта тұрған жоқ, соларды беретін тақта тұр. Содан қорқамын. Біздің ұлтта біреудің қолында билік барда, бетің тұрмақ, **к...нен де** сүйетін зәнталақтар, әлгі биліктен кеткенде кеудесіне мінгісі келетінін қайтерсің?

722. Ер десе, ер еңбегін көмбеуші еді,
Ел десе, емірене сөйлеуші еді.
Ұлтының тайы озып келген кезде,
Теңіздей тасып, шалқып селдеуші еді.

723. Өзің өлесің, алайда, біреуге еткен жақсылығың да, жамандығың да сенімен бірге

өлмейді. Ол сенің екінші өміріңді, рухани тіршілігіңді жалғастырады. Жақсылығың пейіштей ұлы, жамандығың тозақтан да ауыр.

724. Жан дүниесі ұлтынан алыстаған адамның тұрмыс-тіршілігі, арман- мұраты, барлық болмысы да ұлтынан алыстайды.

725. Ұлтын сүю территория таңдамайды. Алайда азғындық адамды таңдайды. «Бітісі жаман жігітті, ел ішінде жау алар. Шығысы жаман қамысты, су ішінде өрт шалар».

726. Ұлтын сүйетіндер территориямен есептеспейді. Ұлтына бөтен ұлттың ой көзімен қарайтындар, қазағын елге, жерге бөлуге әуес.

727. Ұлт ұлы – Отанның ең үлкен мүшесі. Өзінің ұлтын білген, ұлтын сүйе білген адам ғана қайсы ұлт, ұлыс, нәсіл болмасын сүйе біледі. Отанын солай білмек, сүймек. Отан жұмысына барлығы жұмыла жүгірмек.

728. Ұлтын сүю, ұлты үшін күресу ұлтшылдық емес. Адамды сүю – Алланың жаратқан жаратылысы алдындағы, ұлты алдындағы мұсылмандық, адамдық парызы.

729. Ұлтын сүйгендерге көз алайтатын адамдар, адамзаттың арамзасы. Ең болмағанда, ой тұғыры аласа адамдар.

730. Отаныңды жаныңнан артық сүй! Отан үшін барлығы құрбандық. Отан топырағын-

дағы барлық ұлт, адамзат атты алып команданың мүшесіміз. «Кемеге түскеннің жаны бір». Отанымызды бірлікте қорғау, гүлдендіру, ортақ міндетіміз. «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас».

731. Біреулер ел деп жүреді, елі үшін әр күн терлеп жүреді. Енді біреулер елден әрдайым бер деп жүреді. Ел билетсе, елдің бетін жерлеп жүреді.

732. Болмашы жіберген жалғыз қатенің өзі де, еңбегіңді желге ұшыруы әбден мүмкін.

733. Отаным деп жырла адамзат
жыр басын!
Жер шарында Отансыздар болмасын!
Отанына төксін қан мен терлерін,
Ал, Отаны құдайы боп қолдасын,
Иесі болып қорғасын!

734. Сенің дөңің басқаның тауындай ғой,
Оны ойласам кетеді ауырлап ой.
Жігерім де, жырым да, жаным, барым,
Отан сенде, ұлтымда, ауылда ғой.

735. Бірлік пен тірлікті бірлестіре алған,
адамзаттың озық ғылым, мәдениетімен үнін
үндестіре алған ұлт, даңқын әлемге асқақтатқан
ұлт, дүниедегі ең сауатты, білікті, жілікті ұлт.

736. Зұлым төре елін алалайды, батырын
жаралайды, әділетті жазалайды.

737. Қателік пен кемшілігіңді сезе білсең, ол да бір байлық. Алдыңдағы айнаң, кеміңді көр де қабырғаңмен кеңес. Артықшылығыңды біл де алға ұмтыл!

738. Құлшылдық сені құрдымға кетіреді.
Терістей білсең жоның жетілер.

739. Шөлге ағаш көктемес.
Көктесе астында су болғаны.

740. Май жей берсең ішің өтеді,
Тәтті жей берсең тісің кетеді.
Ащы, тұщы асқа дәм береді.
Демократия жұмысқа мән береді.

741. Кедей мемлекет пен ұлтта кербәкқан істер көп болады.

742. Өзінің ұлтын жікке бөлгендердің жілік майы таусылар. Уыздығы жарымағандар рушыл келеді. Жетім саналы адамдар, жершіл келеді.

743. «Жер астынан жік шықса», шешіп болмас дау шығар.

744. Өкпелесең өкпеле,
ағайынға өкпе жарасқан.
Өкпелесіп жүріп-ақ,
бір-біріне қарасқан.
Ағайын сатпа алысқа,
асығың алшы түспесе,
Бәрімізге жетеді
қара жер мен көк аспан.

745. Нардай жігіт, нар бұйдасын жетелер,
Таудай жігіт, таудай жүкті көтерер.
Нар болуды, тау болуды қаласаң,
Сонда ғана ел міндеті өтелер.

746. Ұлт данасы болам десең, ұлтыңа ұқса!
Суретің ғана емес атқарған міндетің солай
болсын!

747. Ұлттың тілін білмегенді, ұлым деме!
Тілден безген ділден де,
діннен де безеді.

748. Адамның аты-жөні –
адамның таңбасы.
Дәстүр – ұлттың таңбасы.

749. Өзге ұлт пен батыстың болмысын
сөйлегенде тілдің гүлі, өз Отанының, ұлтының
тарихы мен шежіресіне келгенде мылқаудың
күні, осындай қазақтардың өз ұлты үшін қан-
шалық бар құны?..

750. Ұлттың, адамның намысымен ойнау –
отпен ойнағандық.

751. Ұлтың – тарихың, ата-бабаң, шежірең,
Жанұяң – қатын балаң мен өзің.

752. Кейде жанды ғажайып сыр азаптар,
Естіген ел, осыныңды мазақтар.
Іздемейді көзден таса тұлпарын,
Қотыр тайын сонша іздегіш қазақтар.

753. Ұлты үшін жұқартқан көп жұлынын,
Алаңдатқан ертеңі мен бүгіні.
Айғырынан айналайын тік жалды,
Бөрілерге бермейтұғын құлынын.

754. Адамзатты аялауды, қазақтың дәстү-
рінен үйренсін.

Жетімін жетім етпеген, жесірі елден кет-
пеген.

755. Қазақтардың ұрпағы үшін ұлтының
тарихын, руының шежіресін шерте білмеу –
шерменде білімсіздік.

756. Өзінің ұлтын басқа ұлттардан кем
көргендерден, жемеңгер шығар, кемеңгер
шықпас.

757. Ата дәстүрінің, салт-санасын сақтай
алмағандардан таза қазақ шыға қоймас, бір топ
тобырлар мен обырлар шығар.

758. Тілі жойылған ұлтты, ұлттың есебіне
жатқызуға болмайды. Ондай ұлтты, басқа
ұлттың мінетін есегі, есігіндегі құлы деп білген
жөн.

759. Таңбасы бар тай жоғалмайды,
Тілі бар ұлт жоғалмайды.

760. Тіліңді қорға, ардақта!
Жау шапса да жан-жақтан.
Тіліңе жара түсіріп,
Тістеп қалма бармақты!

761. Барлық нәрсе жаңаратын шығар. Алайда ұлттың тілі жаңармайды. Өмір, қоғам дамыған сайын тіл де дамиды, байиды. Тілді жаңалау дегендік – жалған ұлт жасамақ болғандық.

762. Ұлт тілі ұлтқа ғана тәуелді. Басқа ешкімге, ештеңеге тәуелді емес. Ұлттың тарихымен бірге жаралған. Мемлекетке, қоғам ұлт тілінің дамуы үшін қызмет өтеу керек. Бұл өзгермес заң, Жаратқанның бұйрығы.

763. Ұлтымыз үшін алғанда: «Ертегі білмейтін әжеден, бесік жырын білмейтін анадан қорық» дейді халық даналығы. Қазіргі заманда: «шежіре білмес атадан қорық. Алып қой дейтін батадан қорық. Еркекке айналған қатыннан қорық. Қатынға айналған еркектен қорық. Қазақша сөйлер тілі жоқ, қазақ үшін қотыр тайлық құны жоқ, қазақ деген атыңнан қорық», – деймін мен.

764. Қазіргі әлемнің рухани шаң-тозаңдармен, былғанышқа батқаны да рас шығар. Солайда, еңбекқор адамды май баспайды. Өзінің ұлтын, ұлтының салт-санасы мен әдебибасын қадірлей білген адамды да, мемлекетті де шаң басуы мүмкін емес. Себебі, сол ұлттың адамдары жұққан былғанышты тазарту қабілетіне ие.

765. Өз ұлтыңнан қасиетті де сүйікті ұлт болмас.

766.Тозақ пен пейіш – Алланың әмірінде. Тірлігінде Отаныңа, ортаңа пейіш жасауға белсенді қатынас.

767. Ел тілеуін тілеген ер қадірлі.
Елінің иелігіндегі жер қадірлі.
Қазақ деген ұлттың киесі қадірлі.
Еліне берген қартымның
батасы қадірлі.
Ақылгөй атасы қадірлі.
Елін бастаған ел атасы қадірлі.



ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

ТҰРМЫСТЫҢ ҚЫЗЫҚ-ШЫЖЫҒЫ

768. Тұрмыстың қызығы бар, шыжығы бар,
Сан алуан өкініші қызығы бар.
Оқығанның ойына сеп болар ма?
Оқы да, қажетіңе үзігін ал!

769. Кімдер жүрмес бұл жолда, бұл өңірде,
Кім сүймейді бай бақытты гүл өмірді.
Жығылып та, сүрініп жол табасың,
Бұл өзі шын үйлесу, шын өмірге.

770. Адам жүрегінің тірегі: бірінші – жан,
екінші – қан, үшінші – әзіл. Орынды әзіл –
адамның рухани тұрмысының ашылған гүлі.
Орынсыз әзіл – жыны.

771. Кедейлік тұрмыс – кем тұрмыс. Иіні
киімге, құрсағы асқа жарымаса, ондай тұрмыс
не тұрмыс? Малсыз – малшы, малшы емес

– жалшы. Жалшылық жаман емес, жанын бағаламаған адам емес. «Кедейлік үмбетіме тән емес» дейді Мұхаммед пайғамбарымыз (а.с.а.)

772. Ақша мен байлықты «қолдың кірі» деген сөз қазіргі заманда жалқаудың тапқан жұбанышы ғана. Ақша мен байлық көркем, тыныш өмірдің тірегі. «Бермесе де бай жақсы. Жемесе де май жақсы».

773. «Заманың түлкі болса, қыран болып шал!» Тұрмыс деген қия тау. Қыран болу ойлы адамға сияды-ау!

774. Билік ұста, бай болғын, қалтаң қалың.
Кім біледі кім қайдан мал табарын?
Бұл арада бақытты үш-төрт адам,
Қалғандары бақытсыз алты адамның.

775. Адамзат тұрмысының өзі бір жұмбақ. Сен осы жұмбақты шешу үшін туасың. Шешумен тіршілік етесің. Шеше жүріп өлесің. Жұмбақ шешпесең адамдық белгіден жұрнағың қалмас. Иә, осы жұмбақтарды қаншалық көп, қаншалық мағыналы шеше алсаң, өмірің соншалық мағыналы, көңілді болмақ.

776. Адамдар байлығымен, мансабымен бақытты болуы екіталай. «Бақыт құсы қонады» деген сөз орынды айтылса керек. Басыңа қонған бақыттың қадіріне жете алмасаң, ол ұшып кетеді.

777. Аузыңнан жақсы сөздермен «иә, жақсы» деген сөздер көп шықса, ол жақсы адам екендігіңнің бір белгісі. Жаман адамның айтары, осының керісі.

778. Ақыл болмаса, жаман боласың. Ғылым болмаса, надан боласың.

779. Таныстың аты таныс. Танымағанның көңілі сенен алыс. Жақынның аты жақын, алыстың аты алыс. Өзін сүймеген ешкімді де сүйе алмайды. Өзін түсінбеген, ешкімді де түсіне алмайды.

780. Ұсақшыл болсаң бауырым,
Жар астында жүргенің.
Алысты көрсең бауырым,
Таудай нарға мінгенің.

781. Туысыңды жамандама! Жақсылығың жетсе, жоғына қол ұшын бер, жаманын түзеуге ақыл бер! «Тумысы жаман туғанын жамандайды». Туысыңды жатқа жамандағанда, біреу саған жақсы туысын бермейді. Тумысы бөлек туыс болмайды.

782. Қайбанаға қатыныңның сырын шашпа! Естіген досың өз мақсатымен жүрер. Қатынын жамандады екен деп, кім саған қатынын берер.

783. Ұйқының пайдасы бар.
Алайда жалқаулыққа бастай алатын
айласы бар.



784. Ит біткен арыстан болмас.
Жүйрік деген ат жарыстан қалмас.
Адамдар болмас
іске қарысқан болмас.

785. Денің сау, тірі кезінде,
жан жағыңды байқарсың,
Өзің өткен жолдардан,
алтыныңды шайқарсың.
Жанұяңның сұрқымен,
кім екеніңді айтарсың.
Разы болып біріне,
наразы болып біріне,
Бас изерсің шайқарсың.
Тұрмыстан ләззат алмаған,
Адамшылықты былғамай,
бір жағына қайқайсын!

786. Қазіргі қоғамда адамның адамшылығын дұрыс таразылайтындар бар мен жоқтың ортасында.

787. «Аурудан әдет жаман». Адам жаман әдетке бойын үйретіп алса, оны тастау үшін тастай қатты жігер мен сенім қажет.

788. Бай болғысы келмегендер, басқаның кеңесіне құлақ аспайды.

789. Кедей болғысы келгендер, кейінгі күндерін ойламайды. Қорсыз саудагердің қойны қоңылтақ. Ақшаң қанша көп болса да, шаша берсең таусылар. Ондай қожайындардың ақшасы жоқ, даусы бар.

790. Ақшаны ойсыз жұмсайтындарда өрелі ойлар аз. Сыған болсаң сыған бол, ысырап қор болма! «Барында бара, пара, жоғында жүзі қара».

791. Айтылатын сөзге де, сезім мен ойға да, бітімге де кесім жасайтын әрекет. Әрекеттің нәтижесі сенің нәтижең.

792. Жан жағыңа қарамай жүгірсең, ор барын да ұмытпа! Ойланбай ұмтылсаң, омақасу дегеннің барын ескер.

793. Туыстың барлығы жаныңа жақын емес.
Ғылымның барлығы ақыл емес.
Сөздің барлығы нақыл емес.
Батыр дегеннің барлығы батыр емес.
Өлең жазғанның барлығы ақын емес.
Жақсы иістің барлығы әтір емес.
Тұрмыс деген қайшылық,
бір-бірімен жасайтын батыл егес.

794. Қоғамға зиян жамандықты көріп, біле тұра, тосудың орнына жалтара қашатын, не қулыққа басатын, ағайын араздасса араша түспейтін жандардың жаны көлеңке.

795. «Қанағат қарын тойғызады. Қанағатсыз жалғыз атын сойғызады». Бұл мақал жалқауға сылтау тауып берер. Жалқаулар кедейлігінің сылтауына осылай жауап берер.

796. Өмірде қуанышқа жолықсаң құтты болсын! Жұбанышқа жолықсаң, белің мықты болсын.

797. Бүгінгі молшылық тұрмысың, ертеңгі тұрмысыңа азық бола алмайды. Болашағыңа тіпті кепілдік ете алмайды. Өмір тұрмысыңның барлығы сенің қалауыңа шұлғи бармес. Тұрмыстың өзінің қағидасына шебер болмасаң, тұрмысың тұйыққа кетер. Алайда өмірдегі тұрмыс соншалық күрделі де емес, қарапайым. Сен адам екендігіңді саналы танысаң ғана болғаны.

798. Менменшіл адамды кім менсінеді?

799. «Епті екі асайды».

Мұқият адам көп асайды, көп жасайды.
Епсіз еріндегісінен айырылар,
Еріншек ерніндегісін елге берер.

800. Арамзалар адамдарды тез алдап кете алады. Адамдар алаңғасар болса, арамза мақсатына тез жете алады.

801. Адам ақылымен адам. Қу адамдар: қулығымен құнды, құлқынымен жауыз.

802. Басына осы замандық сана орнамаған адам қайда барса да санатқа ілінбек емес.

803. Бұл менің айтарым да, жазарым да,
Қыздырайын тұрмыстың базарында.

804. Қызмет дегеніміз – өмір мен тұрмыстың бақшасы, нәтиженің тақтасы, тұрмыстың жұмсайтын ақшасы.

805. Тойдан, топтан, жиыннан кешігіп
барғыштар, саналылықтан, мәдениеттен, ұят-
тан кенже қалғандар.

806. Адамдар өзінің тұрмысын біліп жүріп,
екі білекті түріп жүріп, күліп жүріп өткізуге
міндетті. Білу дегеніміз – ғылым. Білек тұру
дегеніміз – еңбек. Күлу дегеніміз – жаратқан
табысың және рухани көңілді өмірің.

807. Өзін жеңген адамды, қиыншылық жеңе
алмайды.

808. Өзінің ырызғысын өзі таба білмеген
адам, адам қабілеті кем адам. Алланың жібер-
ген апаттары мен ауру-сырқаттары мұның
сыртында.

809. Қонақ болуды біліп, қонақ күтуді бімей-
тіндер, ол да бір тілемші.

810. Бұл өмір кете бермес салғызып ән,
Ақырып аю шығар алдыңыздан.
Сақ болсаң, сергек болсаң
сақтанар ең,
Ел-жұрттың қатарынан қалғызудан.

811. Сенімен бүгін біреу гүл тереді,
Оның да көңілі мүмкін бүркемелі.
Бастан бақ тайған кезде
шошқадай қып,
Байқатпай сидалы орға итереді.

812. «Жау аяған жаралы болады». Нарықтық, тыныштық заманда, бұл мақалға саналы болған жақсы. Бұл заманның жаулары – көбінесе досың.

813. Ерегеспен есе алмақшы болудың өзі бір түрлі ес кемдігі.

814. Атыз суғаруға кетпен, күрек қана керек. Техниканың қажеті шамалы. Тұрмыстағы ойлау әдісі де сол сияқты. Дәлденбеген оқ далаға кетеді.

815. Қолыңдағы жұмысың біреу болса да көрерің көп, ойың он болсын! Жұмысың жөніндегі мамандығың мол болсын! Сөйтіп барлық ісің оң болсын!

816. Ел құрметін қабылдағанда қабағың күліп тұрса, атағың мен абыройың алға қарай жүріп тұрады.

817. Басқалардың артықшылығын көре білген адам, көреген. Басқалардың өсегін тере білген адам, қай былғанышы қалды екен жемеген.

818. Жақыныңа жақсылық тіле! Жақыныңа арқаланып жан бағуды тілеме!

819. Жасық, жасықтан жақсылар да жүрер қашық. Батылдық – батырлықтың інісі. Батыл, батыр адамның, сәтті болар жұмысы.

820. Шарқыш қатын ұрысқа шебер.
Шабан еркек себепшіл келер.

821. Әйелің адуын болғанмен ақылды болса, басқада қақың болмасын! Ақылмен айтылған ақыл, өз орнына құйылған қорғасын.

822. Ұқыпсыздықтан ойранды істер көп шығады. Қаперсіздік қатерге ұрындырар.

823. Біреуге керексіз нәрсе біреуге керек болады. Бүгін керек болмаған нәрсе ертең керек болады. «Керек тастың ауырлығы жоқ». Байға керексіз нәрсе кедейге керек. Атың арық болғанмен ертең семіз. Ұры айтыпты: «Саған арық болғанмен бізге семіз. Арықты семіздерге қосып жейміз».

824. Қолында бар қожайын, қолында болмаса, жоқтықтың тартар сазайын.

825. Қисық көңілден қыңыр сөз шығады,
Қытымырлықтан көз шығады.
Қысыр кеңестен қол сүртетін
бөз шықпайды.

826. Біз тұрмыс барысында бір адамның даралық қасиетін байқасақ, сол қасиетті қорғауға алғанымыз жөн. Торуға алғандардың ел алдында екі беті көн.

827. Тұрмыс, өмір жөнінде ойлай жүру ойлы адамның әдеті. Қойды қалай бағу жөні де ойлану, қойшы адамның әдеті.

828. Әділеттен адамдық өрбиді. Арамзадан арамдық өрбиді.

829. Темекі тарту адамдарда бар құмарлық емес. Адамдардағы әуеспен әдеттен пайда болған. Адам баласы өзі жұқтырған жаман әдетін, өзі жеңе алады.

830. Тазалықты сақтау тар заманда да, қай заманда да адамға, қоғамға керек. Ол қала мен далаға бөлінбейді. Адамдардың тұрмыстық мораль өлшемінің көркем беткейі.

831. Ақылды адам табады. Ақшаны ақыл табады. Таза байлық ақыл мен еңбектің жемісі. Тарихтан солай. Қазір де солай. Жалқаулық ойсыздықтың жемісі. Жалқауда қайдағы ақша? Түске дейін ұйықтап жатса.

832. Арам ақшалылар, аспандағы айды да алғысы келгенмен тірісінде халықтың қан тері жібермейді. Өлсе, тозақ оты тосып тұрған шығар.

833. Арам ақшалылардың көңілі де, көзі де тыныш болмайды. Екі аяғы талтақ болғанмен, өзі жалтақ келеді. Арам байлық – адал еңбектің садағасы.

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ

ҰРПАҒЫМ, ҰЛТЫҒНЫҢ ИЕСІ БОЛ!

834. Жастық дәуір – көтерілген күн, ашылып келе жатқан гүл.

Ал балаларым! Отан да, отауың да, заман да сенікі. Өзіңді де, өзгені де қалай қадірлейсің, оны өзің білесің!

«Өзің біл деген өгіздей сөз». Қауашағым сендер, болашағым да сендер. Аспанға шығаратын да сендер, жерге қарататын да сендер.

835. Балаларым!

Ұлтыңа намыссыздық жабысты ғой!
Түсінбес, жақынды да, алысты да.
Намыс кетіп, ұлтымнан ұрланды тіл,
Мысықша мияулатты барысты да.

Жігіттер осы жолды ұстанды ғой,
Арулар қабылдады мыстандық ой.
Намысы өлтірмеді азаматты,
Қамысың өлтірмеді тышқанды да.

836. Жас шағыңда жалын бар,
Ләззатына қаныңдар.
Жастық әнін салыңдар,
Сендерге Алла жар болсын,
Оттай лаулап жаныңдар!
Керегіне Отанның,
Болыңдар дайын!
Барыңдар!

837. Жастық жалын шағың жадағай да,
Одағай да, қомағай да болмасын!
Лаулатып жастық жалынды,
Оң мен солды толғарсың!
Қаскүнем қақпан құрмасын,
Мезгілсіз жапырақ солмасын!

838. Әкеңді біл, түсін, зертте! Ұлылығын
ұстаз жаса! Ұнамсыз жеріне одағайлық етсең
Алла алдында күнәлісің. Әкең кім болса да
сенің әкең. Балалық парызыңды өте! Себебі, ол
Алладан да соңғы Жаратушың.

839. Ананың парызы – адамдықтың ең
үлкен парызы. Ананың ақ сүтін ақтай алмасаң,
адамдық қасиетіңді де сақтай алмайсың.

840. Ұлтыңды біл, түсін, зертте! Ұлтыңның
өзі бол! Мақтана жырлайтын ән жыры мен сөзі
бол! Ұстайтын қолы, көретін көзі бол!

841. Ұлттың тарихын, ата-бабасының
шежіресін білмеу – шерменде надандық. Ұлт
дәстүрін білмеу – азғындық. Сен кімнен тусаң,

соның баласысың. Қазақтың баласы екенсің, қазақсың. Қанша сатылсаң да, қанға қан қосылмайды. «Жат жарылқамайды». «Өзіңнің балаң, өзекке тепсең де кетпейді». «Еркек қой бұралқы болмайды».

842. Ұлттың намысы, ұлт адамдарындағы ең үлкен намыс. Ол намыстан алыстаған адам, өзін жаратқан ең алдымен Аллаға күнәһар. Одан қала берсе ұлтына, ата-бабасына күнәһар. Олай болатыны, ондай адамдар қашанда құлқын мен бас пайдасының құлы. Ондай адамдар қашанда ұлтын, Отанын сатып жіберуге дайын тұрады.

843. Намыссыз адамның туғанша түсік болғаны абзал еді. Ол ұлтын да, ата-бабасының аруағын да, ата-анасының абыройын да, ұрпағын да былғамақ.

844. Отан шекарасын тастап қашқандар, Отанның, ұлттың опасыздары. Жалған, ұлтты жалмау тәрбиесі өзінің нәтижесін көрсетіп, ұлттың бетін жерге қаратты. Бізге Отаншылдық, ұлттық дәстүр тәрбиесі ауадай қажет.

845. Ұрпақтарым менің! Біздің ұлтты рухани бұғаудан құтқара алатын тек – сендер ғана.

846. Уа, жастар! Өмір жолыңның қалай болуы көбінесе өзіңнің қолыңда. Өзіңе сен! Өзіне сенген, өзін құрметтей білген адамдар ешкімнен, ешбір елден кем болмайды, тең болады.

847. «Адам алдына қарап өседі. Артына қарап қартаяды». Адам ұмтылу үшін жасайды. Адамдық міндеттен құтылу үшін жасамайды. Адам, адамдық міндетіне жегілу үшін жасайды. Шекесінен біреу шертіп кетсе шегіну үшін жасамайды. Адам, адамдардан асу үшін жасайды. Жапа жолықса қашу үшін жасамайды.

848. Басты тек иықтың үстіне қондырып жүре берсең құны қалмайды. Бастың басты құны ішіндегі миы.

849. Ей, ұрпағым! Әкеңді алақаныңа салып күт! Анаңды арқаңа салып көтер! Ата-ана қарызына, сенің өмір бойы өтелген борышың да жетпейді. Дәл осы арадан ұлттың ұлылығы көктейді.

850. Жанұясын сүйе алмаған адам, Отанын да, ұлтын да сүйіп жарытпас. Ұлтты сүю үшін ұлтты біл, түсін, ұлттық намысыңды қайра! Ұлтың, Отаның үшін барлығына дайын бол! Беліңді мықтап байла!

851. Ұлтыңның тарихын, салт-санасын, ғұрып-әдетін, ұлттық қағидалар мен әдебибаларын біл, түсін, атқар, насихатта! Олай болмасаң, сол ұлттың азаматы емессің. Болсаң да толымсыздың біреуісің.

852. «Жеті атасын білмеген, жетімдіктің белгісі». Ата-бабасының шежіресін білмеу шерменде надандық. Ұлттың салт-санасын,

дәстүрін білмеу надандық. Білмегендер әр кімнің босағасының күтушісінен басқа емес.

853. «Тегін білу тектілік». Туыстық махаббат пен мейірім – қазақтың айқын белгісі, адамзатты сүюдің ашар есігі. Ұлтын сүю – Отанын сүюдің бесігі. Отанын, ұлтын сүюді білмейтіндер, біреудің асыранды күшігі.

854. Әкесінен бата алмаған ұлдың, ана тілін алмайтын қыздың тұсауы шешілмес.

855. Жастардың екі әкесі болады. Бірі – өзінің туған әкесі, бірі – халық.

856. Әй, қыздарым! Мойныңа алтын ассаң шалқыр ем. Крест ассаң қайғырмағанда, қарғамағанда қайтемін?

857. Достасуды ұмытқан адам ақылдың кедейі, немесе өмірдің өгейі.

858. Егер адамдардың түзетуге тиісті кемшілігі болмаса онда мынау дүние жындыханаға айналып кетпей ме?

859. Жан бағу – басты міндет. Жұмыс таңдай берсең «таз болып» қаласың. Алдымен адымыңды түзесең, одан соң даңғыл жолмен жүрерсің.

860. Жол табу мен қайсарлық бірін-бірі толықтап, қолтықтап отырады.

861. Тойғанына семірген адам,
ол да бір құл,
Ей, арман, құба құмдай мешкейсің-ау!
Бұлаңдап қу түлкідей өскен сұм-ау!
Болсаң да қанша зәлім, қанша мешкей,
Адамның ақылынан өскенсің-ау!

862. Даңғой дәлелсіз даурығар. Даурыға берсе, дос да жауығар.

863. Адам – ақылымен адам,
құлқынымен – жауыз,
Құлығымен – құнды, білімімен – білікті.

864. Пышағың қында жүрсін.
Пысықтығың сында жүрсін.
«Өткір пышақ қынға қас.
Өтпес пышақ қол кесер».

865. Ойың кедей болса, үйің кедей болмақ.
Ойға бай адам, жанға да, малға да бай. Адал байлық – Алланың жақсылығы.

866. Ақылдассаң аулыңмен, ақылды болып кетерсің,
Ақыл алсаң атаңнан, армандарға жетерсің.
Сұрасаң ақыл ағадан, армансыз болып өтерсің.
Ақыл алмас жан болсаң, адам емес екенсің.

867. Ақшасыз, малсыз адамдарды кедейлер дейміз. Жігітке кедей болу намыс. Мекенсіздерді қаңғыбастар дейміз. Жігітке қаң-

ғыбастық өлім. Екеуі де адам баласының жаратылысына жат нәрселер. Жаратылыс апаттары адамның еркінде емес, Алланың еркінде. Алла сені жаратты. Басыңа үй тік, бауырыңа қазан ас. Қатын балалы бол! Бай бақытты өмір кеш! Осы ғана жарасар, адам атты көркіңе.

868. Біздің босқа өткізген уақытымыз – жоғалтып алған алтынымыз. Алтын жоғалса тауып алармыз. Уақыт мәңгілік табуға келмейтін өміріңнің алтыны.

869. Ұлтын ұмытқан оқығандар мен биліктегілер Отаннан қашқыш, ұлтын сатқыш келеді. Себебі, олар бесігінен бұзылған.

870. Ей, жігіттер мен қыздар! Қалауыңды табар болсаң, ойларыңды ата-анаңмен ортақтас. Байқап жүрміз барлығын, «батасыз құл жарымас». Махаббат пен жанұя азабын аз тартарсың, ұлтыңның ата-дәстүрінен жол тапсаң, «баталы құл арымас».

871. Ақылмен ақша тапқандар – адам.
Алдамкөстікпен ақша тапқандар – арам.

872. Қарбаластықтан уақыт үнемдей білгеннен үміт зор.

873. Жас бол, кәрі бол, кімде-кімнің «уақытым жетпейді» дегені өтірік. Уақытқа құрмет етпейтіні шын.

874. Басқалар жаратқан жаңалықты ғана малдансаң, заманның жаңа жастары бола алмайсың. Өзіндік жаңалық жарату жолың мен рухың болсын! Әлем биігіне ұтыл! Әлемнің ауанына қара! Әлемді аузыңа қарат!

875. Өзіне-өзі сенген жастардың алдында, аса алмайтын тау жоқ. Өзін жеңген жастардың алдында, жеңе алмайтын жау жоқ.

876. Өзінің ата-анасын кем көргендерден, жемеңгер шығар, кемеңгер шықпас.

877. Жастық жалыныңмен ұлтыңды жылыт! Ертерек балалығыңды ұмыт! Жас кезінде жасық болсаң, кейінгі өмірің, арамзаның қолындағы асығы болар.

878. Азаматым! Ең жақын, сен үшін жан қиятын досың кімдер? Мүмкін ойыңа осындай есеп түспеген шығар. Оған мен жауап берейін. Мынау тіршілігіңде қазақ ұлты үшін әкешешеннен, ахиреттік жарыңнан, балаларыңнан асқан жақын дос болуы мүмкін емес.

879. Табансыз болма! Тапқаның шашылар. Абыройың аяққа басылар.

880. Жас өмір деген
өктемшіл болып өтпей ме?
Еңбектеп жүріп кейбіреу
жүзге жетпей ме?
Қашасың балам,
қиқаңдап неге беткейге?

Ел жүгіне нар болып неге шөкпейсің?
Ырызғыңды, тәлейіңді
біреулер талап кетпей ме?

881. «Досы жоқты, сырлассызды
сана адамдар өліге»,
Дос атауын мәнсіз атқа,
айналдырма, періге!
Кеше ғана дос едіңдер
бал жаласқан бауырым,
Бүгін неге, тышып отыр төріңе.

882. Ең жақын досың кім? Өзің, қала берсе
алған жарың.

883. Сынықты салсаң сипап отырып
саларсың. Сынған көңілді сыйласып жүріп
жазарсың.

884. Үйіңнің ашқышын ыңғайына бұра-
масаң, есігіңді аша алмайсың. Ойыңда өмір-
дің ыңғайына қарай бұра білсең, ойлағаныңа
жетерсің.

885. Балам, кешірімшіл, кең бол! «Кең
болсаң, кем болмайсың». Кең болмасаң ел
болмайсың. Ақылың мен ғылымың, білімің тең
болса, ешкімнен кем болмайсың. Басқаға жем
болмайсың. Ынжық, жуас болма! Ынжық, жуас
болсаң, көрінгенге жем болғайсың.

886. Кек алумен ішіңдегі кегіңді жеңілдете
алмайсың. Біреуден кек алсаң, ол тағы бір түрлі
кектің бастамасы болуы мүмкін. Кек ала алмау

ездік деп ойласаң да, кешіріммен келісу – ең үлкен елдік.

887. Адам баласының еске ұстау қабілеті шексіз. Тек оны тәрбиелеуге табанды болсаң болғаны. Адам баласының қиялы да шексіз. Тек ол арманға ұласып, саған жақсылық атаса болғаны.

888. Отан сүю, Отанды қорғау борышың. Өзіңді сүй ол үшін.

889. Кәсіп білмеген, өз кәсібін сүймеген азаматың қызметінің де, күнкөрісінің де тамтығы болмас.

890. Іскерліктің ішінде ашу мен айқайға, ойланбай бас шайқауға орын жоқ.

891. «Жау аяған жаралы болады». Бұл – шындық. Алайда мәңгілік жау деген болмайды. Көрінгенді жау санауды әдет етпе! «Жаумен» жақындасуды, ақындасуды әдет ет! Мынау қай заман? «Жау» дегенің де адам.

892. Басқалардың табысына тарлық етпе! Сенің де өз жолың бар жер мен көкте. Қызғансаң қызғанышың бәсекелесіңнен озып кетудің бастамасы болсын! Бүгінгі жауың – ертең дос.

893. Балаларым! Оң құлағыңмен де, сол құлағыңмен де тыңда! Жаныңды сатсаң да,



топырағыңды сатпа: жерің болса, бәрі өз орнына келеді.

894. Байлықтың ең қымбаты – уақыт. Уақыт байлығына тоғытылған адамдар, алып адамдар арасынан орын алмақ.

895. Бақыт сені іздеп келмейді. Бақытыңды өзің іздеп табасың. Бақыт іздеуден жалықсаң бақытыңнан құр қаласың.

896. Бақыт деген не? Бақыт деген – сен іздеген, сен аңсаған армандарың. Бақыт сан алуан. Жұмысыңда табысқа жету, аңсаған ғашығыңмен бас құрау. Жанұяңның жарасымдылығы. Тәңірдің берген ұл-қызы бар, мұның барлығы бақыт. Сен аман-есен, денің сау басыңнан өткен айлар мен жылдардың, күндер мен түндердің барлығы сенің бақытың. Бақыт қажымас қайраттың, ұлы үміткерліктің ажырамас досы. Қусаң да кетпейтін қонағы.

897. Азамат жасқа толған соң, үйлі-баранды болған соң, өздеріңді-өздерің бағындар. Құс баласы да, қанат-құйрығы жетілсе өз бетінше жем іздейді.

898. Қазақта қайыршы болмайды деп мақтанамыз. Ұялатынымыз: біздің түсі бөлек «қайыршыларымыз». Олар: аяқ-қолы бүтін, төрт мүшесі сау азаматтардың әлі де әкесінің қалтасына қарап, әке-шешесінің жанынан көп табылып жүргендігі.

899. Ақыл, ой, әдіс, қулық өміріңе пайда.
Өмірде сен ойлағандай жадағай
жол қайда?

900. Өткен іске өкінгенмен не пайда?
Өтпей тұрып өтер істі ойла!

901. Кеңістік пен уақыт ешкімнің меншігінде емес. Араласқан адамдарыңның артығы мен кемі сенің ойыңмен өлшенбейді. Оны дұрыс өлшей алатындар: Заң мен тәртіп. Ұлттың психологиясы мен мораль, салт-сана дәстүрлері. Бұларды өмірдің өз заңы дейміз. Азамат, өзінді солай өлшесең, озығы сен жақта.

902. Ауыр сөзді деу қиын ауыр алма!
Адам көңілі шыдамас дауылдауға.
Басқа адамның көңілінің жотасы бар,
Алып ұшқан көңіліңнің тауы барда.

903. Түзу жол жоқ, даңғыраған алдында,
Түзу болсақ мүсін болып қалмас па ек.
Бұл өмірдің қыңыр, қисық жолында,
Білесің бе, тозақ, пейіш алмасқан.
Осы сөздің шындығына сенесің,
Болсаң көкжал талай рет қар бассаң.

904. Опалы жан дос болады,
Опасыз адам қас болады.
Ақымақ адам,
Дос деген сөзге мас болады.

905. «Аузыңа келген түкірік, қайта жұтсаң
мәкрұһ». Жаныңды жазадан алып қалатын,

басыңды пәледен арашалайтын сөздерді айтқың келсе де айтпа! «Арам» болса да жұтып жібер!

906. Талғамсыз тапқан досың, не ісіңе, не жанұяң мен жаныңа қас.

907. Тұлпарды салақ жігіт жауыр етер,
 Жауырды пысық жігіт тәуір етер.
 Аңқау адам, арамға ауып кетер,
 Онысы өз басына қауып етер.
 Қу адам ебін істің тауып өтер,
 Жігіттер, ізгілікті ұмытпаңдар,
 Нашарды етегімен жауып өтер.
 Ақылды әйел, жан-жағын ауыл етер,
 Долы қатын үй ішін дауыл етер.
 Ақылыңның алмайтын қамалы жоқ,
 Досы тұрмақ, дос болып жауы да өтер.

908. Салақтаған достары көп жігіт, Отан және отбасы жұмыстарымен санасып жатпайды.

909. Балаларым! Ахыреттік алған жарыңнан, әке-шешелеріңнен, бірге туғандарыңнан, сен десе жанын берер, талай сыннан өткен бірер досыңнан артық дос ұстама! «Дос» деген сөзге түсінік болсын! Жат бауырлық жақыныңды жат қылар. Руыңды ұмыттырар. Ұлт дегенің санаңда, алашарбы бұлт болар.

910. Дос таппақ оңай. Достық шартқа тоқтау қиын. Достықтың шарты мен серті болмаған жерде «досым» деген сөз, ондай достардан, шошын деген сөз.

911. Тонаушылар да, адам өлтіретіндер де, қарақшылар да, топтасып қылмыс жасайтындар да «доспыз» дейді. Ішкісі келген ішкіште басқаларды «досым» деп, арқаға қаққыш келеді.

912. «Адам күні адаммен». Дос бол! Достар бір-біріне қолұшын берсін. Сен де солай. Алайда достар көңіліне «басқару» дейтін көлеңке пайда болмасын! Досың сені басқарғысы келсе, досыңның басқаны ойлай бастағаны.

913. Айтқанын орындатуға дәнiккен дос – арамза.

914. Досым деген адамыңа сегізді істе! Сегізді істеме!

Сегізді істе!

1. Қуанышын құттықтауды ұмытпа!

2. Көңілі қаралы, жаны жаралы болса жанынан табыл!

3. Алыс жүрсең хабарласып, іздесіп тұр!

4. Әр қандай жағдайда уәдеңе берік бол! Болмаса себебін түсіндір!

5. Басы қатерге ұшыраса кеуде керіп қорғай біл!

6. Жанұяларыңда қонақ болысып, сыр бөлісуді әдетке айналдыр!

7. Досыңның айтқысы келмегенін сұрама!

8. Кешірімшіл кең бол! Бір-біріңмен тең бол!

Сегізді істеме!

1. Досыңа ала көңілден аулақ бол! Айтқаныңнан әр кез айныма!
2. Ұсынған сауғаңды қайтарып алма!
3. Қиыншылығымды шешіп бер деп қолқа салма!
4. Түн ішінде жар төсегінде жатқан досыңды далаға шақырма!
5. Ашуыңа, кегіңе көмекке шақырма!
6. Әзіл айтамын деп асырып жіберме!
7. Досыңның намысына тиетін сөз айтпа!
8. Жамандығына жан баспа! Мемлекет заңы алдында қылмысын жасырма!

915. Арақ жөнінде ағаның айтары: арақ ата-бабамыздың асынан садаға кетсін! Қайдан келсе, солай қайтар!

916. Адам адамға қарап ойы мен бойын түзесе, түзелудің ғұмыры – күндік, ұзағанда – айлық. Жасаған орта мен қоғамға қарап түзелсе, ғұмыры – жылдық. Адам өзін-өзі түзесе, оның ғұмыры – мәңгілік болар.

917. Қонақ болған адам, қонақ иесінің қабағына қарай білмесе, келген қонақтың мәдениетсіздігі мен әдепсіздігін байқатқаны дей беріңіз.

918. Достарыңа амандасқанда, досыңның серіктеріне досыңнан артық сәлемдес.



919. Қазақтың жалқау жігіттері, өз үйіне өзі күнде қонақ.

920. Мүмкін, жұмысында адал адам,
аста-төк бай бола алмас.
Толмас құлқынның мәңгіге
төрт түлігі сай бола алмас.

921. Ғұмырың ұзын болсын, қысқа мейлі,
Жіберме секундыңды ұста деймін!
Өмір үшін, бұл уақыт қысқа деймін,
Ұста деймін! Бағытсыз ұшпа деймін!

922. Адамның мұратына табандылық жеткізер. Қажырлылық не қиыннан өткізер. Батырлық пен қайратың тосқауылды кеткізер.

923. Азықсыз адамда жан болмайды. Рухани өмірсіз, адам тіршілігінде мән де, сән де болмайды.

924. Бағасыз достардың жағасы жыртылмай қоймас.

925. Өмірі мен тіршілігінің қадір-қымбатын түсінбейтін, өзінің адам екендігін білмейтін адамдар өзіне-өзі қол жұмсағыш келеді.

926. Меніңше, екі түрлі адамдар өзіне-өзі қол жұмсаса керек. Жауына бас имейтін қаһармандар және бірі, ой-қиялы қалыпсыз адамдар.

927. Жолаушыны жолынан қалдырма! Сені біреу тосып тұрса, сен одан бетер асық!

928. Итжығыс күресте даңқ болмайды,
Ілмиген шамда жарық болмайды,
Итшілеген тұрмыста намыс болмайды.

929. Қалың киізден оқ өтпес,
Көкірегі киізге сөз өтпес.

930. Қабақшыл адам құм санар. Қарғылы төбет жақсыны талар. Қақсатқан қарғысқа қалар. Суға қанған бәйтерек тамырлы болар. Ғылымға қанған жан сабырлы болар.

931. Алдамшы болма, алдай біл!
Жалпылдап ұшпа, самғай біл!
Момын болма, таңдай біл!
Кім біледі алдыңда, жолығады қандай жол.

932. Жеткен арманың – жеген жақсы тамағың, киген жақсы киімің. Жетпеген арман – шын арман. Арманшыл жақсы адамдар, арман қуып сыналған.

933. «Уақыт таразы» деп көбіміз айтамыз. Өзіңіз уақыт таразысына түсіп тұруды әдетке айналдырдыңыз ба?

934. Ақылды бол, балаларым! Ақылды адамдар арманға жетудің адамдық жолымен жүреді, біледі.

935. Жымысқы ақылдың жарығы – жылтыраған шаммен тең.

936. Үлгісі мен ұстазы болмаған жастан үміт аз.

937. «Қатынды бастан, баланы жастан». Жас кезінде шоқ болсаң, есейгенде дәл тиетін оқ боларсың. Жас кезінде қоқ болсаң, есейгенде я бар, я жоқ боларсың. «Ауру кетсе де әдет кетпес».

938. Тізгіндеріңді жас кезіңнен берік және түзу ұста!

939. Байқа балам! Жыланның уы бір рет,
адамның уы көп рет.
Жылан шақса, ем алсаң жазылар.
Адам шақса, алдыңа ор қазылар.

940. Суға қанған бәйтерек
мәуелі де тамырлы болар.
Ғылымға қанған жастар,
ақылды да сабырлы болар.

941. Талаптан, талпынудан жалықпағын!
Сүрінсең, алды-артыңды анықтағын!
Өмірің сорға сүйреп барар болса,
Өмірді сордан аман алып қалғын!

942. Жеткен арманың, желінген жақсы
тамағың мен киген жақсы киімің сияқты ғана.
Адам өмірі асқар таулар мен кең дала. Жазығын

баспай асқарын аспай болмайды. Сен адамсың, мұны өміріңнің әр сағатында ұмытпа, балам.

943. Айтқан сөзіңе, ойлаған ойыңа, тұрмысыңа, қимылыңа, бәріне билік айтатын – жеткен нәтижең.

944. Ұры қайдан пайда болады? Жауап: тегінен, өзінен, елден, баулудан, қорқытудан.

945. Жан дүниесі ұлтынан алыстаған адамдардың арман-мақсат, қимылдары да өзінің ұлтынан алыстайды. Сондай қазақтардың көрінісі қазақ болғанымен, жаны қазақ емес.

946. Жастарға, ақша десе айтарым бар,
Ақшаның адам алдар сайтаны бар.
Ақыл жетсе ақшаны алдыңа үйіп,
Ақылға сап орнына қайтарыңдар!

947. Ақылдыға ақша бітсе,
көңілінен гүл шашады,
Алкеудеге ақша бітсе,
аузынан жын шашады.

948. Базары жақын бай болар,
Далаға байлық жәй қонар.
Ғылым мен білім қалада,
Төрт түлігі сай болар.

949. Ақша екі басты шоқпар секілді. Дұрыс сілтесең, арманыңа жолығасың. Барлық жақтан молығасың. Дұрыс сілтей алмасаң, арманыңды ақсатасың. Халықты қан қақсатасың.

950. «Ақша адам өлтіреді» дейді алаяқтар мен алакөңіл жалқаулар. Меніңше, тәрбиесіз, жүгенсіз, мәдениеттен жұрдай жауыздардың қолындағы ақша адам өлтіреді. Нағыз жақсы адамдардың қолындағы ақша барлығын жөніне келтіреді. Алайда ақшаның адам басын айналдыратын аздырғыш екенін де ұмытпауымыз керек.

951. Сақтығы жоқ саудагер, зиянға отырумен әурегер.

952. Қайсы орта, қайсы орында болмасын достық пен адамгершілік болмаса болмайды. Жастар, сауда кезінде өзіңнің саудегер екенінді ұмытпа!

953. Дос көңілмен жасасаң сауда, басың қалар дауға.

954. Достық пен саудагерлік, бір жолдың екі ұшы.

955. Балаларым, бай болғың келсе, жер бетінің қай жерінде жүрсең де есепке ұқыпты болсаң пайдаңды кесектеп жинарсың. Сауда санаң болмаса, өзіңді барлық жақтан қинарсың.

956. Жастарда жалын мол,
Қарттарда не қулықтың бәрі мол.

957. Құрдас болсаң құрдас бол, жан гүліңе қарасар. Опасыз құрдас үйің мен төсегіңе таласар.

958. Қылышты қынабынан асығыс шығарма! Шығарсаң сілте! Болмаса басыңды қорғау қиын.

959. Алданған адам да жол табады. Адасқан адам да жол табады. Ақымақ, ойсыз адам ғана жол таба алмайды.

960. Жол табудың жолы көп. Мен мынадай бес түйінге жинақтағым келеді: Белді бекем буу. Ғылым мен білім іздеу. Ақыл, кеңес қабылдау. Жапаға шыдап еңбектену. Өмір кезеңдерінен өткенде, қорытынды жасау.

961. Көр соқырлықпен жолыққан махаббаттың, көп өтпей-ақ ойран-топыры шығар.

962. Ата-анасын қарттар үйіне тапсырған жастар, қазақ ұлтының азғындары. Олар, кәпір-мұсылман деп айыруға келмейтін жыртқыш хайуандар.

963. Ақылың жетпесе жармаспа! Күшің келмесе белдеспе! Тойсыз жүрсең тойсыз жүр, ойсыз жүрме! Бетіңнен күлкі кетпесін, ойсыз күлме!

964. Өмір жолыңда сәтсіздікке жолықсаң, сәтсіздіктен арылудың сөзсіз тағы бір немесе бірнеше мүмкіндігі барына сенімің болсын!

965. Жасанды тарих, жастарды жат бауырлыққа жетелейді.

966. Бүгінгі көштің қарқынын барлай біл!
Ертеңгі жолдың бағытын таңдай біл!
Келергі айдан арманыңды күт!
Жылдар биігіне самғай біл!

967. Сергек ақыл – сезімтал.

968. Жетелі ойлар жеті түнде желпінер,
Жетесіз ой, ел ішінде өлтірер,
Сергек сезім қисық ойдан серпілтер.

969. Тойшылдың түбі – кейіс.
Ойшылдың түбі – бейіш.

970. Үміттің алауы ауысқыш.
Үмітсіздер мүмкіндігін тауысқыш.

971. Қызба мінезділер, басқалардың қызылына жығылғыш келеді.

972. Балалар, кек алуға әуес болмаңдар!
Көңілің қазақтың даласындай кең, қазақтың баласы бол!
Кең пейілдер жауласса да, ақыры ел болумен тынады.
Кекшілдер бір-біріне жем болумен тынады.

973. Сақтан! Сен біреуден өш аламын деп жүргенде,
сенен бұрын отыңды өшіріп кетіп жүрмесін.

974. Жалған байлықтың жағаңа жармасқаны жармасқан.

975. Саналы тәртіп – мәдениетті елдің белгісі. Санасыз тәртіп – үйірсек малдың белгісі. Тәртіпсіздік – надан жанның белгісі.

976. Қарттардың сақалын сыйла! Ол үшін, ұлттың ұлылығын, ел жұртыңның жөн-жосығының асылдарын жина! Батыр да, батыл бол! Кішілікке жақын бол!

977. Батырлық пен тәртіптілікте, қасқырдан талай нәрсені үйренуге болады.

978. Адам өз жанының жарасын жаза білсе, ашуын аластай, құсасын қуалай білсе, ондай адам өзін де, отанын да қорғай алады. Өзін қорғай алмаған адамдар, ешкімді де қорғай алмайды.

979. Біреуге жақсылық арнауды әдетіңе айналдырсаң, тіршілік әдетің солай өтпек. Зәудеғалам ондай орайдан айырылып қалсаң, әлдеқандай асылыңды жоғалтып алғандай сезінесің де тұрасың.

980. Сыйдан артық той бар ма?!

981. Аяулы жан қашанда естен кетпес,
Аялаған жандарға баға жетпес.

982. Отанымыздың сұлулығындай
(Қазақстанның) сұлулық таппайсың.
Қазақтың пейіліндей елдік те,
кеңдік те таппайсың.

983. Қазақстан сынды Отаныңды қорғауға,
әскери сапқа барғың келмесе, еркек болып
әкеден тумай қал!

984. Балаларым, кек алуға әуес болмаң-
дар! Кек алумен көңіл кеңімейді. Қайта жаның
барған сайын қатыгездене бермек. Адамшыл
болсаң, кектенушіден дарының, алымың, ел
тамсанған нәтижеңмен асып түс! Сонда сен
қарсы жағыңның жан дүниесінен күнде «кек»
алып отырасың.

985. Дауыл соғып тұрғанда, дауылға қарсы
жүру, батырлық емес, ессіздік. Ашу қысып
тұрғанда ақылшыл болғанша, жанына жақын-
шыл болу өнім бермек.

986. Ессіз ашу есіңнен адастырады.
Айлалы адам екі долыны жарастырады.

987. Жаны жауыздың айтқанына қарама,
реңі мен жүрегіне қара!

988. Ашушаң адамның ақылы – ысырап.

989. Өзен үшін жағаға,
жарасатын тал қайғы,
Адам үшін өзімен
сырласатын жан қайғы.
Көлдер үшін шулаған
құсы керек болады,
Адам үшін сырласар
досы керек болады.



990. Ағаштың басы қураса,
тамырына құрт түскені,
Адамның шашы ағарса,
жастығына жара түскені.

991. Балалар бізді тыңдасаң,
Біз де сендей болғанбыз.
Толған айдай толғанбыз,
Жігітке болған арман қыз.
Жігітке көзін салған қыз,
Біздер де гүл жарғанбыз.
Ара болып, гүл болып,
Өмірге ұя салғанбыз.
Ұямызды қорғаштап,
Ұрпаққа қорған болғанбыз.

Қолыңды көтер, жан балам,
Атадан бата берейін.
Отанның барлық баласын,
Өз баламдай көрейін.
Сендерменен өседі,
Отанның, ұлттың мерейі.
Төбеңнен күнің кетпесін!
Сендермен ұлтым көктесін!
Бұйырмасын сендерге,
Біз сияқты от кешу!
Сендерменен Қазақстан,
Әлемнің төріне беттесін!



ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ

ҚАЛАМГЕРЛІК ЖӘНЕ СӨЗ ӨНЕРІ

992. Әдебиет дегеніміз – адамзат өмірінің шамшырағы және адам жанының қалам арқылы айшықталған суреті. Ал әдебиетші дегеніміз – адамзаттың рухани әлемі жолының шырақ көтерушісі, суретшісі. Әдебиет ғылымдардың тілі. Әдебиетсіз ел – сауатсыз.

993. «Өзі болған қыз төркінін танымайды». Ғылымдану заманында «төркінін танымаушылар» көбейді. Бұл – адамзат қоғамының оңбай сүрінуі. Әдебиет дегеніміз – тіл құдіреті. Тіл құдіретінсіз ғылымдар пайда болмайды, дамымайды.

994. Өмір шындығын, өмірдің өзі айта алмайды. Айта алмаған өмір шындығын қаламгердің сәтті шыққан шығармалары айта алады.



995. «Көркем әдеби шығармалардың керегі қалмады» дегендер жан дүниесі көксау адамдардың былжырағы. Ондай адамдардың мынау дүниеге керегі шамалы.

996. Әлдебір мемлекет, басқалардан қалмаймын немесе озамын десе ең алдымен ағартуын, мәдениетін, әдебиетін дамытсын.

997. Ұлттың намысынан туған туынды, туындылардың ту ұстаушысы.

998. Өзі үшін жазған шығармаларда өміршеңдік болмайды.

999. Ойланып сөйленген сөз де – көркем шығарма. Өйткені ол – ой түрткісі.

1000. Ақын да, ақынсымақ та өлең жазбай қоймайды. Нағыз ақын оқырманына бір нәрсе бермек үшін жазады. Кейбіреулер ермек үшін немесе бір нәрсені түрткілеп көрмек үшін жазады.

1001. Асқар шабыт, мұхит ойлы ақындар, бір романның айтарын бірнеше шумақ өлеңмен-ақ айта алады.

1002. Ақындар аңырмайды, аңқылдайды,
Тағдыр тартса етектен тартынбайды.
Төбесінде найзағай жарқылдайды,
Найзағайдың оттарын құшағына ап,
Ойлап өлер ұлты мен халқы жайлы.

1003. Жасанды тарих жазу, жатбауырлыққа апарды. Апарып та болған сияқты. •

1004. Бір жақсы роман – бір тарихтың немесе бір дәуірдің куәсі мен құрдасы.

1005. Поэзия адам жанымен араласа алса, оқырманның жан дүниесімен сыр бөлісе алса, ол өз мақсатына жетпек. Ақылшыл поэзия, ақындарға тән емес.

1006. Сөздің құдыреті, сөздерді өзінің орнында қолдануда. Өз орнына қолданатын сөз түрлерінің атауларын атағым келеді: Мақтап сөйлеу. Жақтап сөйлеу. Сақтап сөйлеу. Қақтап сөйлеу. Даттап сөйлеу. Ыңғайына қарап аттап сөйлеу. Шын сөз. Гүл сөз. Дауыл сөз. Себезгілеген жауын сөз. Даулы сөз. Жаулы сөз. Сылдыр сөз. Мылжың сөз. Шорт сөз. Қырт сөз. Өрт сөз. Ұрт сөз. Жоқ сөз. Боқ сөз. Сөйлеген сөзің сені, қыратқа да шығарады. Ұятқа да қалдырады.

1007. «Сөз кезегі келгенде сөйлемесе, сөздің атасы өлер», – депті біздің ата-бабамыз. «Басқа пәле тілден» деген де сөз қалдырыпты. Меніңше де солай. Орнын тауып айтқан сөзің, отауыңды тіккізер. Орнын таппаған сөз абыройыңды кеткізер. «Абайламай сөйлесең, ауырмай өлесің». Сөйлеп үйренсең сөз құдіретіне жолығасың.

1008. Абайлап сөйлеу – ақылдылық. Сөз аңдып әдеттену – ақымақтық. Сен сөз аңдимын

деп жүргенде басқалар аң атып болар. Мұның шешімі – өзінді шешендікке баулы.

1009. Еркіндігі мен демократиясы кем елде, сөзді кемдеу сөйлеген абзал. Алайда шын сөйлемей азғындау.

1010. Сөз патшасы – шеберлік. Сөйлеу патшасы – шешендік.

1011. Сын – әдебиеттің диагнозшысы. Ас пісірер қазаны, өңдеушісі. Сын көтермеген шығарма – көтерем шығарма. Тұлпарды сылап бағады. Жақсы шығарманы сынап бағады.

1012. Сын дегеніміз – кемшілік көрсету, пәле іздеу емес, қайта жетпеген жерін жеткізу, пайдасызын електен өткізу, бағасын беріп, жағасын түзеу. Жақсы шығарманың жауһары қай жерінде екенін айтып, алғыстау деген сөз.

1013. Ақынның ойлары мен шабыты еркіндікке талпынғыш, сұлулық пен жылылыққа құштар ақ, еділ. Шалқыған көңілдің, қуаныштың суретшісі болып жаратылған. Тарихта заманы жылатқан ақындардың мұңды өлеңдер жазып қайғысын халқымен қақ бөліскені рас. Ақын заманымен, ел адамдарымен ақын болуға тиіс.

1014. Ақындарды тіршілік алуан мінезді етіп жаратса да, көбі көңілшек келеді де көре салғаны өлең бола кетеді. Ондай өлеңдердің көп көңілінен шығуы екіталай.

1015. Ақын үшін, кең тыныс алар кеңістік, ауыздықсыз еркіндік, көңілді көмек, алақанға салып еркелететін аяушылық керек.

1016. Сағынышсыз, мұңсыз, шаттықсыз, махаббатсыз ақынға өлең жоқ. Оларсыз ақын өмірі өңсіз.

1017. Ақын шынайы шабыты келгенде, мынау тіршілік дүниесінде бар-жоғын білмейді. Ақын жаза бастайды. Мұнысы «бұл дүниеге» оралуы. Жердің шары, табиғат, адамзат ақынның иелігінде. Бұл құбылыс бір реткі құмарының қануымен аяқталуға тиіс.

1018. Адамзаттың рухани сайыстарында, ажал аузына алдымен ақындар барады. Сондықтан ел аузына алдымен батыр мен ақын ілінеді. Батырлар елін бес қаруымен қорғаса, ақындар қаламымен қорғайды.

1019. Бұл заманда қалың ақын жиналып қоғамға қосқан үлесін алуды талап етсе, кедей ақындар өресі жоғары болса да күнкөріске күлді көмеш біраз нәрсе тиер ме екен! Бір шенеунік бетінен сүйер ме екен! Ақын болмаса да, қазанбасындағылар жіліктің майлы басын ақшалыларға тартады-ау!

1020. Ақындар үшін ауыр мінезден гөрі, жеңіл мінез пайдалы. Үрікпейтін сезімнен гөрі, сергек сезім пайдалы.

1021. Алған бетінен қайтпайтын, от пен судан ықпайтын ерлік ақын жаратылысына жарасады. Ондай ақын-жазушылардың туындысын оқуға халық таласады.

1022. Өзіңді өлшейтін – өмір. Көзіңді өлшейтін – өңір. Махаббаттың өлшемі – көңіл. Тіліңді өлшейтін – тыңдарман. Туындынды өлшейтін – оқырман.

1023. Сын жазғанда автор бағаланбайды, шығарма бағаланады. Автор – мадақ жазғыш, сыншысымақтың ойында әдебиеттің сыны емес, адамның міні, өзінің ойында жыны жүреді.

1024. Тілші тілі, тәтті және ащы өлең,
Ел қуантып алысатын қаспенен.
Тілші деген жер шарында болмаса,
Мынау дүние болар еді тас керең.

1025. Күн мен айды көңілінде күлгізген,
Гүл сезімді жан біткенге білгізген.
Қартайса да жыры қартаң тартпайтын,
Алла атаған ақын үшін бұл қызық.

1026. Бапталмаған ат бәйгеден келмес,
Бақталастық жүйрікке
бәйгені бермес.

1027. Сұрыпталмаған сөз сүріншек,
Талантсыз қаламгер білімсек.

1028. Ел төбесіне көтерген ұл көсем. Тілектесі көп тіл шешен. Заманың зорлықшыл бол-

са, тіл байланар. Қоғам зорлықшыл болса, қол байланар. Ұлтың надан болса жыр байланар. Ел шындығын жазған жазушы мен ақыннан елі садаға.

1029. Ойыңыздың өрнегі,
сөзіңіздің сөлінен,
Еріңіздің ерлігі, ер түсінер елінен.
Қартыңыздың қадірі,
ел шығарған төрінен,
Енеңіздің қадірі, ене сыйлар келіннен.
Өтірік жазу тарихты,
Артық болар өлімнен.

1030. Ақыл мен сезімнен тек кетсе, айтып жатқан сөз миыңды жеп бітеді.

1031. Елге пайдасыз кездесу мен жиналыстың айтқаны ел есінде қалмайды.

1032. Адам киімімен, ағаш жапырағымен сәнді. Сөз мазмұнымен, жаны сұлулығымен сәнді.

1033. Мәнді сөздің жаны бар,
Сұлу сөздің балы бар.
Бұл екеуі болмаса,
Адам жаны жалығар.

1034. Ақылы айдын, тілі шешен адамдар кіммен болса да, ежелгі достарындай сыр бөлісе алады.

1035. Ақылдының байқары көп,
Мылжыңның айтары көп,
Тыңдаушының бастарын
шайқары көп.

1036. Оқырман мен тыңдарманнан баға
ала алмасаң, сол тауарың өтімсіз.

Не қарсы жағыңды білмей отырсыз.

1037. Аңқылдап сөйлегеннің барлығы
ақкөңіл емес. Өзін тарта сөйлегендердің бар-
лығы жат көңіл емес. Қазан толы сүт қайнаса,
асып төгілер. Түлейден сөз шықпас. Сүмірей-
геннен үн шықпас. Үсіген бидайдан үн шықпас.

1038. Сөзіңнің қадірі, өзіңнің қадірің. Хал-
қың, ұлтың үшін шешініп, шешіліп сөйлей біл!
Қаламгер сөйлемесе, қайдағы адам сөйлейді?

1039. Орынсыз сөз, ұятты жел. Орынды
сөз, сусын болар көл. Құрғақ сөз, құлақ мидың
жауы.

1040. Ашуға басқан сол екен деп, айдалаға
сөйлеуді әдет етсең, өзің айдалада қаласың.

1041. Ақындық Алла атаған дарыннан
бастау алады. Сол Алла атаған дарыныңды
дамыта алсаң, ақын боласың. Ақындық айық-
пас ауру. Сен ауру дертіне күнде күйіп-жана-
сың. Сен жанбағыстың ақыны болсаң, қалаған
күні аурудан айығуға болады.

1042. Қаламгердің намыс мен ұяты пен-
дешіліктен әлдеқайда биік тұруы тиіс. Жағым-
пазданып, жанталасып жүріп алған атақта-
рың мен биіктерің, ақын- жазушы үшін арам
нәрселер.

1043.

Нұрмұқан, Нұрмұқан-ау, Нұрмұқан-ау!
Сені де тірлік бір күн сырғытады-ау!
Адамдар көңілінен сырғыта алмас,
Ел сенен өлмей-тұғын жыр күтеді-ау!

1044. «Ақын болу өз еркің. Азамат болу
борышың». Сөздің осы ғана дұрысы. Алдың-
ғы сөйлем бұрысы. Нағыз ақындықты Алла
алдымен бағыштайды. Өз еркімен ақын бола
беретін оңай ақындық қайда? Ақындық –
ақылдың ісі. Алыптың ісі.

1045. Әрбір қаламгердің, зерттермен-
дердің айы оңынан туып, күні күлімдеген, жұл-
дызы жарқыраған «асығы алшысынан түскен»
кездері болады. Тәлейі тас жарып жүрсе де,
тау талқандап жүргенін сезбеуі де, білмеуі де
мүмкін. Дәл осындай кезде сол бір асқан дарын
мен талант иелерінің еңбектерін байқайтын,
бағалайтын адам керек. Қолдап, қорғайтын
билік пен қоғам керек. Сонда ғана ер еңбегі еш
кетпей, ел игілігіне жарар еді.

1046. Сөзді құрметтеп сөзге жығылған
адам, өмір мен тіршілік заңын ұғынған адам.

1047. Дара билік қожандаған қоғамда, қаламгерлер (әсіресе ақын- жазушылар, журналистер) үш нәрсенің құрбаны. Біреулері – мойнына қоғам салған құрыққа құдайдай сенгендер. Тағы бір түрдегілер – жан- жағына жалтандап, таяқ берсе талтаптап, қайтсем атымды шығара аламын дейтін арам- за өзімшілдіктің құрбаны. Үшінші – осындай қоғамның былық-шылығымен алысып жүріп құрбан болатын батырлар.

1048. Жаттың сөзін жанқалтасына салып жүретіндер, жат тілін қазақтың тұнық тіліне малып жүретіндер, қазақ дастарқанынан қандасын қағатындар, құлқыны үшін ит болса да жағатындар, беті қазаққа ұқсағанмен дерті басқа.

1049. Қазақпын дегендердің ана тілі қаншалық шала болса, көңілі де соншалық ала.

1050. Ойпырай-ә! Бір тауықтың бауырынан жаңа шыққан шөжедей, ұқсас дауыспен жабыла шиқылдайтын өлеңдердің қаптанғаны-ай! Кім тыңдап, кім оқып жатқанын кім білсін! Тағы да ұқсас ауру. Осындай өлеңдер мен шығармаларды мақтап жататын сын сымақтардың даусы да ұқсас.

Жақсы өлеңдер жастарда жоқ емес. Алайда биіктігі қайда? Жас қыран қанатын қалай қағады? Кәрі көздер оны көре алмайтын болды. Көрсен де түсіне алмайды. Сол кәрі қораз секілді

бір дауыспен шақырады да тұрады. Жастар жағы тілі түзу болмағандықтан ділі түзу болу қиын. Адам өзіне жаны ашымаса, кімнің жаны ашиды дейсің!

1051. Адам психологиясы әдебиеттің құрамында болмаса, шалажансар, ұраншыл әдебиетке айналар еді.

1056. Меніңше, сәтті шығатын көркем шығарма жаратамыз десек, онда айқын мақсаты бар күрделі психикалық қимылдың барысын қатынастыруға тура келеді. Көркем өнерпаз бен қаламгерлерді тарту үшін, психикалық, драмалық өмірінің дара жақтарын алдымен тануға тура келеді.

1057. «Мен» дегеннің бәрі, мен емес. «Ол» дегеннің бәрі, ол емес. «Мен» деген ол, «Ол» деген мен. Мұны біз жазушылық тәсіл деп түсінуіміз керек. «Мен» деп жазылған өлеңдерді ақынның өзі деп түсінсек, мұны оқырман сапасының сапасыздығы деп бағалар едік.

1058. Фольклор – ұлт таңбасы. Қазақтың ақындар айтысы, жер шарының басқа ұлттарынан табылмайтын ұлттың өзіндік таңбасы.

1059. Ақындығымды ақшаға да, билікке де айырбастай алмаймын.

1060. Ақындығын аялай білсе, нағыз еркін, нағыз ерке адамдар ақындар.

1061. Ақындар аңырмайды аңқылдайды,
Ақын жаны көктем, жаз,
жарқын, жайлы.
Төбесінде нажағай жарқылдайды,
Тағдырдың тартысынан
тартынбайды.
Іздемейді жылыны, салқын жайды,
Көз жұмса да қаламын тастамайды.
Күю үшін, Отан мен халқы жайлы.

1062. Қаламгердің кітабының құнын оқырман бекітеді. Оқырманын баурай алмаған кітап құнсыз, баурай алса мінсіз.

1063. Жазушының жандүниесі мен дарыны қаншалық болса, баспадан шыққан кітаптарға оқырманның бағасы да соншалық өрлі немесе төмен болады.

1064. Білген, түсінген, ұяты мен намысы бар қаламгер үшін оқырманынан айырылу – орны толмас қасырет.

1065. Кітапқа – сыншы баға айтады.
Жазылған кітап –
авторға баға айтады.

1066. Сыншының алымы мен дарыны автордан биік болсын! Сыншы болу үшін көркемөнер мен әдебиеттің үлкен оқымыстысы болуың керек.



ОНЫНШЫ БӨЛІМ

КІТАП ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

1067. Кітап – әлемнің оқулығы. Адамзаттың рухани тірегі. Ғылым, білім біткеннің алтын қоймасы. Ақыл ман ойдың ашқышы. «Кітап – білім азығы. Білім – ырыс қазығы».

1068. Адам алға басқысы, арман биіктерінен асқысы келсе, кітап оқысын!

1069. Кітап сүйген адамнан үміт зор. Кітап сүйген адам мынау әлемді сүйе алады. Бұл дүниенің ыстық, суығына күйе алады.

1070. Кітаппен дос бола алған адам, адамдармен де дос бола алады. Кітапты көп оқыған адамның білімі мен білгені мол болады. Білімі мол адамның жұмысы сәтті, өзіне қоятын талабы қатты, сөйлеген сөзі тәтті, ойлаған ой жан жақты болады.

1071. Кітап – адамдардың мінез-құлқына оң әсер беретін жақсы ақылшы. Жаман әдеттерін тастауға баулитын кемеңгер ұстаз. Сен-бесең сынап көр! Балаңды кітапқа құмар етсең, ақыл-ойын шынар етесің.

1072. Ғылым-техника өзін сүйгендер үшін барлығынан абзал. Олардың байлығы да, барлығы да, астындағы тағы да, басқа қонған бағы да сол. Ғылым иелері – байлық, кедейлікпен есептесіп отырмайтын ел.

1073. Ғылым-білімнен әлсіз ұлт, барлығынан әлсіз. Айтқан сөздері дәмді болса да, дәмсіз. Ғылым-білімсіз қоғамда, ұлтта жүгенсіз адамдар көп.

1074. Ғылымды қусаң, аспан үстіндегі арманыңа бара аласың. Теңіз астынан жолыңды іздеп таба аласың. Керегің керден, орның төрден, сый-құрметің елден болар.

1075. Мыңғыртып малды айдаймын десең, мыңдаған кітап оқы. Егінім жайқалып өссін десең, ғылымның айтқанын көңілге тоқы.

1076. Кітап оқымаудан, ғылымға қызықпаудан өткен жаман әдет жоқ. Олардың ойы отбасынан ұзай алмайды.

1077. Сауатсыз ел, бұл заманға жауапсыз ел. Сауатсыздың есігінен кедейлік кетпейді. Айтар уәжі ешкімге өтпейді.

1078. Адам көп болғанмен, масылы көп болса бекер. Малың қанша көп болғанымен, нәсілі жоқ болса бекер.

1079. Жерің қанша кең болғанмен, жасылы жоқ болса бекер. Тауың қанша биік болғанмен, астында асылы жоқ болса бекер. Азаматтарың білімді болғанымен, кәсібі жоқ болса бекер.

1080. Егемендік елге есе мен теңдік әкеледі.

1081. Қазақ тілі – қан тазалайды. Ағылшын тілі – ғылым биігіне шығуға жол тазалайды. Орыс тілі – отаршылдықты ойыңнан кетірмейді.

1082. Шет тілін білу ғылымның шешуін табуға жолды қысқартады, қолды ұзартады.

1083. Ғылым ақыл жарата алмағанмен, ақылды адам, ғылымды тез қабылдайды, әрі ақыл жарата алады.

1084. Ғылымның бастауы – кітап.
Тастауы – надандық.
Ғылымға араласа алмайды арамдық.

1085. «Әліңе қарай ас іш!
Бойыңа қарай киім піш!»
Ғылымы аздың,
салмағы жеңіл, салымы аз.

1086. Ғылым үйренсең ауызға ас табылар.
Үйренбесең қайда барсаң
тауың шағылар.



1094. Ғылымсыз, білімсіз адамдар қазіргі заманның қоқсығы.

1095. Кітапқа құмар адам, арман-мұратқа құмар, қиялға бай адам болмақ.

1096. Малшы, малын өзі емдей алатын болсын. Екінші техникасын өзі жөндей алатын болсын!

1097. Өзіңнің ұлтыңнан өзіңе жетер, ғылым-техниканың мамандары жетілсе, дүниенің төріне отыра алар бағаң сонда шығады.

1098. Біздің қазаққа, ұлына мирас деп кітап қалдыратын, қыздың жасауына кітап қосатын сана мен салт қашан қалыптасса, біз сол кезде әлемдегі ең өркениетті ұлт болар едік.



ЭПИЛОГ ОРНЫНА

ӨМІР СЫРЫ

(толғау)

Алпыстан да асыппын кекіл керіп,
Неге керек?
Өкіндік.
Өкінбедік.
Қытай жерін түгендеп шиырладым,
Саяхатшы, сапаршы секілденіп.
Ақындыққа, ақылға қарным ашты,
Қиын екен жетімнің жетілмегі.
Ақын, ақын бола ма туған елде,
Қаратпаса ақылдың бетін бері.
Жарым ғасыр ойыммен арпалыстым,
Тыңда бауырым!
Жақындап отыр бері.
Ата-бабам жұртына қайта оралдым.
Тәуелсіздік туымен жетілермін.
Бірге оқиық, Құранды өтінерім!

Күліп келем,
 Күн кешкем жылап жүріп.
 Себебі мол, тыңдасаң құлақ түріп.
 Он орайтын өзімді, ағаларды,
 Құм теңізге жіберді-ау лақтырып.
 Мен солардың соңында тірі жүрмін,
 Мұрасынан мойымас құр ат мініп.
 Өз ойымның, үйімнің патшасымын,
 Қисығыма отырам сұрақ құрып.
 Балықшыдай аңдыдым мына өмірді,
 Тағдырымның мазағын құлаққа ұрып.

Бәрі де өтті.
 Өтпеді.
 Ойлар алда.
 Шапалағын жағыма жаныса да,
 Ойларынан қайта ма ойлы адамың.
 Таста деген қағынды қаламыңды,
 Тастау тұрмақ жерге де қоймағанмын,
 Құмарына қаламның тоймағанмын.

Барлығына дайынмын, ұлтым десем,
 Жасқанғам жоқ, басыма бұлт үйірілсе.
 Ұлт намысын арман не, жыртып өлсем,
 Ұлт азғынын қаламмен құртып өлсем.
 Армансызбын, ұлтымның бір анасы,
 Шырағым деп қалтадан құртын берсе.
 Қиын екен бәрінен, қиын екен!
 Сенген туыс, сықсиып сыртын берсе.

Бәрі де өтті.
 Тірімін.
 Күндер алда.
 Бой бермеспін, алпысың арбағанға.



Ішім күйіп кетеді, сүйем соны,
Жалындаған жас шаққа қанбағанға.
Жастық шақтың сол соры қайнағанға.
Ой сұмдық-ай! Қаламым қаласың-ау!
Аузын салып, сұм ажал шайнағанда.
Разымын, Жаратқан разымын,
Адам үшін қаламды таңдағанға.
Разымын.
Қазақ боп туғаным,
Қазағымның өлеңін таңдағанға,
Ұлт өлеңі жасайды сан ғаламдар.
Белесіне шықсам да дана жастың,
Айналама жас жандай араластым.
Салыстырсам тауларға, бала жаспын,
Көкпарыңды келеді ала қашқым.
Қуанышым ұлтым мен халқым ғана,
Ұмытыппын пайдасын қара бастың.
Еңбегінен шаршамас қарт арадай,
Тікен гүлден тәтті бал ала қаштым.
Әділдік пен шындықтың куәсімін.
Малай өлең, масыл сөз жаза алмаспын.

Құмаршымын.
Кетейін ұтып бәрін.
Араладым өмірдің құтыптарын.
Түсінуді ешкімнен тілемеймін,
Асығымды тағдырдан ұтып та алдым.
Талай жанды бұртитып өкпелеттім,
Талай жанның жүрегін қытықтадым.
Жамбасына, жұп-жұмсақ кілем төсеп,
Шүйке жасап, тастардың түтіп бәрін.

Дәм кіргіздім, тірліктің тұздап асын,
Талтаңдасаң тәлейден құр қаласың.

Бастан тайған бақытты әкелмесең,
 Адам үшін кешпейтін бір ғана сын.
 Алатаудай басыңда арман болса,
 Бақыт қалай басыңнан сырғанасын.
 Адамдықты байлыққа сатар болсаң,
 Бір иіскеп лақтырар гүл ғанасың.

Тірлігіңде қуаныш, қайғың дайын,
 Төрт құбыласын пенденің сай қылмайды.
 Өмір деген толқынды асу өзен,
 Толқын ұрса жасқанбан, айбындаймын.
 Аспан менен әлемнің ғашығымын,
 Айырылмаймын олардан, айырылмаймын,
 Бұрылып та артыма қарамаймын,
 Нәжісіне алып бұрылған айғырдайын.

Достарым мол,
 Жолдасым, құрдасым да.
 Бала көңіл жетеді бір басыма,
 Түскім келмейд қарттықтың шырғасына,
 Талай ару көре сап шал десе де,
 Талай сұлу ағалап жүр қасымда.
 Алтын қосам, жырыммен сырғасына,
 Шықсамдағы алқынып қыр басына.
 Өлтірмейтін өз елім тұр қасымда,
 Кім сенеді, тірліктің тұрмасына.
 Қазақ елім – Отаным, көз жұмғанша,
 Ырызғыңды дайынмын жинасуға.

(Соңы)



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	5
Бірінші бөлім. ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ	18
Екінші бөлім. НЕКЕ. ЖАНҰЯ. МАХАББАТ	35
Үшінші бөлім. АДАМ ЖӘНЕ ПСИХИКА	52
Төртінші бөлім. АДАМ ЖӘНЕ ӨМІР	78
Бесінші бөлім. БІР АУЫЗ СӨЗІМ – МЫҢ ДІЛДА.....	97
Алтыншы бөлім. ЗАҢ, ҰЛТ ЖӘНЕ БИЛІК	113
Жетінші бөлім. ТҰРМЫСТЫҢ ҚЫЗЫҚ-ШЫЖЫҒЫ.....	135
Сегізінші бөлім. ҰРПАҒЫМ, ҰЛТЫҢНЫҢ ИЕСІ БОЛ!	145
Тоғызыншы бөлім. ҚАЛАМГЕРЛІК ЖӘНЕ СӨЗ ӨНЕРІ.....	170
Оныншы бөлім. КІТАП ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ.....	182
Эпилог орнына. ӨМІР СЫРЫ (<i>толғау</i>).....	186



Алғыс

*«Бір ауыз сөзім - мың ділді» атты
кітабының жарық көруіне
қаржылай қолдау көрсеткен*

«Қазаққұрылыс-2050»

және

«Mer Ai LED» ЖШС

*компанияларындағы балаларыма
ақ батамды беремін!*

Автор



ФИЛОСОФИЯЛЫҚ
ОЙ-ПІКІР

**Нұрмұқан
ЖАНУЗАҚҰЛЫ**



ISBN 978-501-791-711-5



9 785012 912119

Бас редакторы *Кәдірбек Құныпияұлы*
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*
Корректоры *Қызжібек Әбдіғаниқызы*

Басуға 12.02.2015 ж. қол қойылды.
Қалыбы 75x90¹/₃₂. Басылымы офсеттік.
Қаріп түрі «DS FreeSet». Шартты баспа табағы – 7,5 б.т.
Баспа табағы – 12 б.т.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 28

«Ан Арыс» ЖШС, 050000,
Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.
Тел.: +7 (727) 272 51 84, 261 60 67,
факс: +7 (727) 261 62 13

«Полиграфсервис» ЖШС. Алматы қаласы,
Зеленая көшесі, 13 «А»

